

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

1/2017

ҚАҢТАР

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Г.СМАҒҰЛОВА.	Мемлекеттік тілді оқыту үдерісіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы.....	3
А.ҚҰМАРОВА.	Мұқағали Мақатаев шығармаларындағы адам мен табиғат.....	8
М.ӘБЛҰЛЫ, Г.ДӘРКЕНБАЕВА, А.АБДЫҚАДЫРОВА, У.СКАКОВА.	Сегіз серінің ғашықтық жыры – «Мақпал-Сегіз» дастаны.....	25

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА.	Ы.Алтынсарин. «Атымтай жомарт», «Мейірімді бала», «Әке мен бала» әңгімелері.....	35
Е.ХАСИХАН.	Ақан сері Қорамсаұлы шығармашылығы.....	39
Н.МҰХАНҒАЛИЕВ.	Ж.Жабаев. «Ленинградтық өренім», «Ата жаумен айкастық».....	42
С.ЖУСАНБАЕВА.	С.Аронұлының «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңі.....	45
А.РЫСҚАЛИЕВА.	Жүсіп Баласағұни «Құтты білік».....	48
А.КАЙРЛИЕВА.	О.Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат».....	51
А.САИРОВА.	М.Жұмабаев. «Қысқы жолда» өлеңі.....	57
Ж.ҚҰРЫМБАЕВА.	Сайын Мұратбековтың «Қылау» әңгімесін оқыту.....	60
И.ЧЕКТҒАБЕВА.	Секентану.....	66
М.ДОРЖ.	Б.Майлиннің «Түйебай» әңгімесінің көркемдік ерекшелігі.....	73

Білім сынағында

А.УМАРОВА.	Көп мағыналы сөздерге жаттығу, талдау жұмыстары.....	76
------------	--	----

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ТУРАЛИЕВА.	Ойкөкпар.....	79
Д.БАУЖАНОВА.	Зат есімнің көптелуі.....	82
А.МАНКИШЕВА.	Анықтауыш.....	86
Е.ЕРМАҒАНБЕТОВ.	Көсемшенің түрленуі.....	88
Р.ӘЛІМ.	Құрмалас сөйлемдерден өткенді қайталау.....	92
К.ХАНІРМҰХАМБЕТОВ.	Бұйрықты сөйлем.....	97
С.ЖАРДЕКОВА.	Төл сөз бен автор сөзі.....	102
С.АМИРХАНОВА.	Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер.....	105
Ж.НҰРМАХАНОВА.	Тіл - тәуелсіздік тартуы.....	107
А.ВАЛИЕВА.	Қыстырма сөздер.....	113

Эссе

Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА.	Мәңгілік еліміздің мәңгілік тілі.....	117
----------------	---------------------------------------	-----

Тәрбие сағаты

Ү.КӘРІБАЕВА.	«Абай – дана, Абай – дара қазақта».....	120
М.СҮЛТАНҒАЛИЕВА.	Мәңгілік ел- мәңгілік тіл.....	128

Әдеби кеңіс

Т.ТЛЕУОВА.	Аққу ғұмыр.....	135
Н.ШІЛДЕБАЕВА.	Жамбыл мұрасы-халық қазынасы.....	138

Ұстаз шығармашылығы

Ә.БИМЫРЗАЕВА.	Жанбаған жалындамайды.....	142
---------------	----------------------------	-----

Таным табиғатында

Г.СМАҒҰЛОВА,
Рудный индустриялық
институтының аға оқытушысы.
Рудный қаласы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Білім беру парадигмасының түбегейлі өзгеруіне сәйкес инновациялық үрдістердің қарқындылығы артуда. Дәстүрлі үрдістен инновациялық үрдіске көшу талабы қазақ тілі мамандарының жаңа педагогикалық технология ауқымында әрекет жасауларына себепші болуда. Бүгінгі күндегі озық педагогикалық технологиялар арасындағы өзектілігімен, пәрменділігімен айшықталатыны – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне көтерудің тиімді жолы – білім беру саласын толықтай ақпараттандыру. Мемлекеттік тілді оқытуда соңғы мақсатты нәтиже – қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізудің ең негізгі

тетігі – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оңтайлы пайдалану. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналып отыр.

«Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстан Республикасында қабылданған білімді ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламалары еліміздің біртұтас дүниежүзілік білім кеңістігіне ену мүмкіндіктерімен байланысты білім беру саласын ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етудің жаңа сатылық жүйесін жасауға бағытталған.

Білімді ақпараттандыру күрделі де көп қырлы үрдіс болып табылады, оның сәтті жүзеге асуы білім мекемелерін компьютерлендіруге ғана емес, білім беруді ақпараттандыруды қамтамасыз ету әдістемесіне, ғылым мен тәжірибенің өзара байланысына да тәуелді. Бұл ғалымдар мен педагогтардың, психологтар мен әдіскерлердің, бағдарламашылар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы мамандарының күш-жігерін жан-жақты жұмылдыру уақытының келгенін көрсетеді. Білімді ақпараттандыру – қазақ тілін үйретудің басты талабы. Қоғамды ақпараттандыру үрдісінің дамуына байланысты тіл үйретудің мазмұны жаңарып отырады. Қазақ тілін үйретуде қолданылатын ақпараттық білім ортасы тіл

үйренушінің ақпараттық сана-сезімінің, қатысымдық құзыретінің қалыптасуына зор әсер етеді.

Заманауи жаппай ақпараттандыру заманында қазақ тілін үйрету мен ақпараттық технологияларды игеру жарыспалы түрде қолданылады. Ақпараттық қоғам кезінде оқытушы тіл үйренушілердің алдында жалғыз ақпарат көзі болмайды. Ол ақпарат алуды жеңілдететін аралық тұлғаға айналады. Адамзат өркениетінің іргелі сипаты қажетті ақпаратты іріктеп алу, жинақтау, өмірге бейімдеп өңдеу және тұтыну болып табылады. Ақпараттық қоғамда алғашқы компьютерлік сауаттылық пен оны пайдалана білуді меңгермейінше, белгіленген міндеттерді шешу үшін компьютерлік құралдарды пайдалана білмейінше қазіргі ғылым мен мәдениетте, өндірісте, іскерлік пен қоғамның басқа да саласында адамның шығармашылық әлеуетін толық пайдалану мүмкін емес. Сондықтан қазақ тілін үйретуде қатысымдық құзыреттіліктің жоғары белсенді түрін дамыту ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолданғанда жүзеге асады.

Оқу үрдісінде, ғылыми-зерттеу және басқару қызметінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, әлемдік білім кеңістігіне толығымен еніп, халықаралық деңгейге көтерілуде білім беру үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктерін енгізу қоғамды дамытудың жоғары тиімді технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды

оқу үрдісінде пайдалану – ғасыр талаптарына сәйкес тәрбие беруде тұлғаның танымдық ойлау қабілетін дамытып, шығармашылыққа ұмтылдырады. Оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны кең көлемде енгізу педагогикалық еңбектің тиімділігін жоғарылатып, әдіснамалық тәсілдерді қолданудың артуына алып келеді. Сондықтан тіл үйренушінің танымдық іс-әрекеттерін күшейтіп, өздік жұмыстарды сапалы және жылдам орындау мүмкіндіктерін арттыру мақсатында дыбыстық, графикалық, видео, мультимедиа элементтерімен оқытудың мүмкіндігі жоғары.

Ақпараттық технологияларды қолдану интерактивтік және бейімделу сияқты құнды қасиеттері бар білім алу ортасын тудырады. Тілдік білім алуды ақпараттандыру тіл үйренушілерге дүниежүзілік мәдениет байлықтарымен, ақпараттық ресурстармен қатынас жасауға мүмкіндік береді және шынайы мәдени коммуникация үшін жағдай жасайды. Жаңа ақпараттық және білім алу ортасында тіл үйренушілердің табысты қызмет етуі олардың ақпараттық-технологиялық құзыретінің қалыптасу деңгейімен сипатталады, оның құрамында мәдени ақпарат жетекші орын алады.

Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асатын, тіл үйренушілердің мүмкіндіктеріне, ерекшеліктеріне бейімделген ақпарат көздерін қамтитын, анықтамалық, машықтандырушы қызметтерін атқаратын, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, тексеру міндеттеріне құрылған

оқытудың бір түрі – қашықтықтан оқыту жүйесі. Қашықтықтан оқыту жүйесі тіл үйренушінің ерекше танымдық белсенділігі мен қызығушылығына құрылған қатысымдық құзыреттілікке жетелейтін тұлғалық, нәтижеге бағдарланған оқыту ортасы болады. Бүгінгі қоғам сұранысын ескере отырып, тіл үйренушілердің қатысымдық құзыреттілігін дамытуда қазіргі ақпараттық технологияларды және деңгейлік тапсырмаларды кіріктірген қашықтықтан оқыту жүйесінің қажеттілігі дау тудырмайды.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде тіл үйренушілердің білімін өз таңдаулары бойынша көтеруіне мүмкіндік беретін оқыту үдерісі жүзеге асырылады. Бұл өздігінен білім алу формаларының бірі ретінде оқытудың “жеке траекториясын” жасақтауға мүмкіндік береді. Бүгінгі білімнің негізгі шарты үйренушінің жаңаны, өзіне қызықтыны, өз оқу траекториясын іздеу қажеттілігін қалыптастыру екенін ескерсек, қашықтықтан оқыту жүйесін жоспарлауда басты шарт тіл үйренушінің өз бетімен қатысымдық, танымдық, ізденушілік әрекетке ұмтылысын қамтамасыз ету болуы қажет.

Әдебиеттер

- 1 «Ұлағат» журналы, №3, 2008. 116-118 б.
- 2 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №7, 2008.134-135 б.
- 3 Педагогика. Педагогические теории, системы, технологии. М., «Academa», 2003. 156-б.
- 4 Харисов Ф. Национальная культура и образование. М., «Педагогика, 2000. 125-б.

А.ҚҰМАРОВА,
№16 лицей-мектебі,
Павлодар қаласы

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМ МЕН ТАБИҒАТ

Шын дарын өз заманының шындығын шығарма арқауына айналдырып, халық көңіліне ұяласа, ол мәңгі өмір сүреді. Халық сеніміне ие болу, қас-қабағын бағып, көңілі қалағанын жырға түсіру, сыр ғып шерту келешектің жарқын сәулесімен нұрландыра түсуі сирек кездесетін бақыт. Оны Мұқағали ақынның поэзиясынан танып, көруге болады.

Мұқағали өлеңдері – ұлттық поэзияның жаңа бір белеске көтерілгендігін, жаппай евроцентристік ағымға ойысқан заманда қазақтың қара өлеңінің шынайы қасиеттерінің қадірі артып, бұрынғыдан да толысып, кемелдене түскендігінің куәсі. Ол қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, оны түрлендіре байытты, сөйтіп қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашты. Сонымен қатар ақын қазақ лирикасын ХХ ғасыр әдебиетінің озық үлгілерімен құнарландырды. Мұқағали сыршыл ыстық лирикасымен өз оқушыларының жүрегіне жол тапты, оларды жақсы жырдың ләззатына қандырып, өзінің менімен адамзатқа ортақ ақиқатты жырлап, қалың оқырманның жан жүрегін баурады.

Ақынның шын мәнінде шеберлігі – ол қолданған әрбір амал- адам бейнесін ашуға қызмет еткен. Ақын поэзиясында табиғат көріністерін, пейзажды әшейін

бір уақыт кеңістіктің дерегі ретінде даралап қарамайды, онда адам бейнесін толықтыра түсетін тәсілдер мол. Әрі көркемдік-философиялық иірімдер мен сарындар, түйіндер мен мазмұндар арқылы өте жарқырап көрінеді. Ақын адам мен жаратылыстың үндестігін жырлайды. Ол жаратылыстың көп құбылысынан адам болмысына тән сипаттарды аңғарады. Содан да болар ақын табиғаттың әр бөлшегімен, көрінісімен ашық сырласады, мұңына ортақтасады. Ақын атаулы табиғат пен жаратылыстың құбылысына жақын болады.

Ақын өлеңдерінде бірде қуаныш пен қайғы болса, бірде көз жасы, наз бен мұң жүреді. Осы бір алма-кезек ауысқан көңіліне жұбаныш, жанына тыныштық беру үшін ақын көңілі басқаны аңсайды. Ол халқымыздың табиғатына тән кеңдікті, кеңістікті іздейді, сахараны көргісі келеді. Табиғаттан пана іздейді.

Адам мен табиғат. Ақын бұлардың тұтастығын сұңғыла философтарға тән түйсікпен ұғынған. Белгілі суреттерден белгісіз сырларды аңғарды. Ақынның «Тау өзені» деген өлеңінде бала шопаннан таяқ жеген серке ата шопанның соңынан маңырайды. Ол бекер маңырап тұрған жоқ, адам мен табиғаттың арасы алшақтанып, оның соңы дүлей құбылыстарға ұрындыратынын сезді. Сол үшін де шығар, ақын қайыңнан «өмір сүрейік алмасып» деп өтінеді. Сол қайыңнан адамдар тіршілігін көргісі келеді. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты суреттесе де, табиғат көріністеріне үңілсе де, өткен тарих жолына көз салса да, адамның таусылмайтын арманын, өлмейтін махаббатты, үзілмейтін сағыныш сезімін, біріне-бірі жалғасып жатқан тіршілік сабағын жазды.

Адамның әлдебір күйініш-сүйінішін немесе кескін-кейпін, қимыл-әрекетін суреттеу, оның өз сөзін немесе өзгемен сөйлесуін келтіру, ең арғы жағы, түрліше табиғат құбылыстарын суреттеу – осылардың бәрі, әдебиеттегі адамның сыртқы түрін анықтап, ішкі сырын ашу үшін керек. Кезінде Абай «Сөз өнері дертпен тең» екендігін ескертіп кеткен. Ал, шын дарын иесі өнердің азабын тартқанына дән разы. Отыз мың сурет пен бес жүз безендірілген кітаптың иесі, өнерде бағы жанған жапон суретшісі Кацусика Хокусай (1760-1819) өзі туралы: «Мені сурет дуалаған, мен сурет тұтқынымын»- деген екен. Ақын Мұқағали да: «Поэзия, сен менімен егіз бе едің,» -деп өзімен туысып кеткен өлеңін жанына жақын тұтады.

Жырым-Сырым екуі егіздерім,

Екеуін екі бөліп емізбедім.

Жатсам-тұрсам мұң шағып дәптеріме

Жабырқаған жаныма ем іздедім, -

деп өлеңінен жанына шипа табады.

Қазақ поэзиясындағы дәстүрлі тақырыптардың бірі – туған жер, оның бауырында өткен балалық шақ, атамекеннің тағдыры, оған деген сүйіспеншілік екені белгілі. Ғалым Т.Жұртбай «Көшпелі халықтың нысаналық атауына сүйенсек, жер деген сөздің мағынасының өзі ұлы ұғымдық астардан шыққан. Жер. Біз жердің жемісін жеп, ырыздығымызды айырамыз. Есесіне ол біздің тәнімізді қойнына жасырады, денемізді азық етеді,» - деп жазса, А.Шәріп : «Ұлттық идеяны халықтың қонысқа көзқарасына қатыссыз елестету мүмкін» еместігін ескере отырып, тұжырым жасайды. Мұқағали Мақатаев – туған жерінің суретін

бейнелеуде өзіндік өрнек таныта, өзгеше поэтикалық әлем аша жырлайды. Табиғат аясында туып-өскен әрбір ақынның сол тақырыпқа қалам тартпауы мүмкін емес. Туған жерді, оның әдемі табиғатын жырлау – барлық ақынның перзенттік парызы. Қазақ даласының табиғатын Мұқағали пәк, таза күйінде көргісі келеді. Адам мен табиғатты ол тұтастықта таниды. Табиғат та адам сияқты кейде көңілді, кейде мұңды. Соған лайық ақын да оны әр күйде суреттейді. Бірде ол дала бетін жапқан жібектей жасыл шөптер мен асқар тау, балдан тәтті сулар көрсе, кейде сол даладағы бабасы өскен Кенбұлақты ғасырлардан оралған көштерге теңейді. Кейде сарғайған сары белін сәулелі лағылға теңесе, енді бірде сол даланың соққан самалынан таңдайына қымыздың дәмі келгендей.

Аян ғой аймағыңның сыры маған.

Сөйлейсің, сөйлейсің сен Ұлы Далам!

Мен сенің көкке ұшырған бозторғайың,

Шырылдап жерге түспей тұрып алам.

Жаралған жан емеспін басы бөтен,

Туған жер, топырағыңды басып өтем.

Кеудемде қатып қалған бірдеңе бар,

Кім білсін, туған жердің тасы ма екен?!

Ақынның ойы да, сезімі де еркін, нәзік мұңды көңіл-күйі аралас жүреді. Ақын көлгірсімейді, ағынан жарыла шынын айтады. Сезім мөлдірлігін, үлкен шеберлікті, суреткерлікті танытатын мұндай өлеңдер Мұқағалида мол.

М.Мақатаев адаммен бірге табиғаттан да келісім мен жарасым іздеген ақын. Оның лирикасындағы табиғат жай сурет, көрініс ғана емес, жанды, сезімтал.

Сол үшін Алатауға мұң шағады, жас қайыңнан өзіне сырлас табады, жапырақты жүрекке теңейді, мергеннің оғына іліккен аққу мен киікке жаны ашиды.

Кейіпкерлерді өз қиялындағы таза табиғат құшағына, ата кәсіп басына жетектеген – жеңіл-жеңсік, әуесқой желік емес, ішкі жан драмасын ашуға құрылған. Шынайы торығыс, жанға жақын, көңілге қонымды суреттерді еске алудан туған шын серпіліс, тебіреніс көкірегіндегі өзгеше бір шапағатты сәулені оятардай әсер береді.

Ақын туған жер табиғатын шабыттана, құштарлықпен өлеңге енгізеді. Жас ұрпақты туған өлкесін сүйеге үндейді. Адам назарын аударатын және адам тіршілігімен тығыз байланысты табиғаттың тылсым құпия сыры көп. Адамзат жаралғалы, тіпті одан да бұрын жаратылған заңғар, биік таулар мен шалқыған айдынды көлдер, ширатылған заңғар өзендер қай заманда да ақын қиялын тербетіп, назарынан тыс қалмаған. М.Мақатаевтың туған жерге байланысты өлеңдері бір шоғыр. Олар: «Апырай, туған жер-ай», «Дөңгелек жер», «Рахмет, дала», «Қазақ жері», «Жетісу», «Туған жерге», «Туған жер сағындырды», «Саржайлау», «Туған елге» т.б. Себебі, қай ақынды алмаңыз, ең алдымен өзі өскен жерінің табиғатын жырлап өткен. Мұқағали да сол дәстүрді жалғастырушы.

Ақын таудың тура табиғи кейпін жырлаудан гөрі тауды негіз етіп алып өзінің дүниесін, көңіл-күй әлемінің тебіренісін осы негізбен ұштастырып жібереді. Тауды жырлай отырып, түйдек-түйдек ой айтады, философиялық топшылаулар жасап, адам психологиясына жарасымдылық ұғымының

эстетикалық мәнін сіңіріп жібереді. Тау табиғатының тылсым сырының ақын қиялын тербетіп, сезіміне ыстық шоқ тастап, бойына қуат дарытып отыруы да сондықтан.

Өлмесін деп берген ғой тауды маған,
Мен күрсінсем, күңіреніп тау жылаған.
Көңілімде бір құйын көтерілсе,
Тауларымда тұрады қарлы боран, - дейді.

Тауды өзінің, өз көңіл-күйінің баламасы ретінде салыстыра алады. Жаны да, тәні де табиғатпен өзектес сипатты көреміз.

Оның суреттеу мәнерінде сезім басым. Мұқағали сөзінен сыңғырлаған сұлу дыбыс шығады. Ақынның тілі үнді, әуенді, музыкалы тіл. Өлеңін оқығанда көкірегің күйге толып, өз-өзіңнен ән салып отырасың. Бұл сүйіспеншілік, құштарлық сезімі. Ақынның туған жерге деген махаббатты жыр болып төгілген.

Мұқағалидың табиғат лирикасын ақын лирикасындағы туған жер келбеті, өлең өрнектеріндегі табиғат перзенттері, жырға айналған жыл мезгілдері деп топтауға болады. Ал, қыс тақырыбына жазылған «Анау – аспан, мынау - бақ» өлеңінде:

Аспан жердің арасын,
Дәрігер – қыс алуда.
Табиғаттың жарасын
Ақ дәкемен таңуда.
Таңдырып ап маңдайын
Тағы көйлек сұрап жүр
Бақты кезіп тал – қайың,
Жалаң аяқ жылап жүр.
Қу бұтағын құшақтап,

Түксиеді кәрі емен.

Қыс – тазалық, қыс – аппақ, - деп алдындағы көріністердіәшейін көзбен көріп қана қоймайды, көкірекпен қабылдап, өзінше бір бейнемен кейіптеп, кестелеп, бедерлеп көреді.

М.Мақатаевтың қуаныш сезіміне бөленген көңіл күйін «Біздің көктем» өлеңінен де көруге болады. Көктем мезгілі жер-дүниенің жасарып, тіршілік атаулының басталар тұсы және табиғат ананың босанып, айнала әртүрлі гүлдерге көміліп, жасыл желекке бөлінер сәті болғандықтан ақын көктемді өмірдің, жаңа тіршіліктің басы ретінде жырлайды. Лирикалық кейіпкердің көңіл-күйін, жан-толқынысын, сезімін бейнелеу, суреттеу арқылы маусымның қайталанбас сәттерін бейнелеп береді. Күзді бейнелеудегі ақынның әдісі өзгеше.

Сен менің тынысым ең, тұрмысым ең,

Сен үшін өмір сүріп тырмысып ем.

Жыл құсымен оралған жаным менің,

Бірге аттанып кетесің жыл құсымен.

Қызылы жоқ қырманды – күзде міне

Қайтқан құстың қараймын тізбегіне, - деп, өз сағынышын, күрең күзгі күндерін мұндана еске алып, құлазыған көңілін қайтқан құспен сабақтастырады.

Мақатаев атты дарын, алып ақындық талантымен қаншама жылдар өтсе де, өлмес өлеңдерімен өрлей бермек. Оның өшпес өлеңдері ұзақ өмір сүріп, жастардың жүрегіне жарқырап жетіп, жалын құйып, өзінің жылуы мен жарығын дарытуда. Әрбір оқыған, іздеген сайын ақынның жаңа сырлары аңғарылып, тың толқындары тулап, сырлы саздарын төгуде.

Тарихтағы ұлттың ұлы ақыны ғана шығатын

шұғылалы биікке көтерілген әрбір ірі ақындар сияқты Мұқағали да қазақ поэзиясын жаңа кеңістікке көтеріп қондырды да, өзі соның мәңгілік тұрғыны болып қалды. Ол әрбір мезгілмен бір көктеп көгеріп, әр ұрпақпен бірге жасайтын ақындардың таңдаулы тобына жатса керек.

Мұқағали Мақатаев шығармашылығының өзгеше бітім-болмысын, көркемдік қуатын, эстетикалық нысанасын, шеберлік сырын тануға әкелетін көркем сөз бен сындарлы ойдың бірлігінен туындап жатқан сан тарау тәсілдер осылайша жалғаса береді.

Мұқағалидың табиғат лирикаларының тақырыбы әр алуан, бояу нақышы, бейнелеу машықтары, поэтикалық ізденістері де басқа ақындар шығармасына ұқсай бермейді. М.Мақатаев қазақ поэзиясында айрықша өнімді еңбек еткен, жемісті жырлар қалдырған талант. Өлеңнің поэтикалық күш-қуаты, өлең тамырының бүлк-бүлк соғысы оқушысын эстетикалық әсер құшағына баурап, оқиға ішіне енгізіп жіберетіндей. Тосын да тың бейнелеулер ойды ажарлы ете түседі.

Мұқағали Мақатаев шығармашылығының өзгеше бітім-болмысын, көркемдік қуатын, эстетикалық нысанасын, шеберлік сырын тануға әкелетін көркем сөз бен сындарлы ойдың бірлігінен туындап жатқан сан тарау тәсілдер осылайша жалғаса береді.

Қорытындыда талданған шығармалардың идеялық-эстетикалық және басқа да рухани құнды жақтарына негізделген М.Мақатаев ақындығының лирикалық табиғаты жайлы түйіндеулер сараланады. М.Мақатаевтың өз кезеңі үшін болған тақырыптарды өз деңгейінде қалай игергені ғылыми тұрғыда

тұжырымдалып, жүйеленеді.

Сонымен, түйіндеп айтқанда, Мұқағали Мақатаев шығармашылығынан қазақтың нағыз ұлттық поэзиясын көреміз. М.Мақатаев жырларындағы қазақтың жері мен суы, тауы мен даласы көрініс тапқандығы өз алдына, өзгеше пайымдау ерекшелігі, өзіндік өрнек салар тілі, шалқыған шабыты сөзге шебер халықтың ұрпағы екенін аңғартады. Мұқағали Мақатаев өлеңдерінің өзегінен ақиқат өмір шындығын көреміз, көркемдік өрнегі өзгеше өрілген сөз өнерінің үлгісін танимыз. Ол адам болмысын, оның жан дүниесін, сезімін, яғни, адам өмірінің асыл шындығын ерекше тебіреніспен толғайды. Ақын әрбір кейіпкерін өзінің сезім елегінен өткізіп, сол күйде өзі тұрғандай етіп шебер бейнелейді. Сондықтан да оның қаһармандары шынайы, оқырманды бірден баурап алады. Сол себепті де Мұқағали мұрасы сөз өнерінің дара мұнарасы ретінде болашаққа апарар құнды қазына болып қала береді.

Әдебиеттер

1 Қабдолов З. Арна. – Алматы: Ғылым, 1994.

2 Аймұхамбетова Ж. Лирикалық бейне жасаудағы көркемдік ізденістер. // Көкейкесті әдебиеттану. Сегізінші кітап. – Астана: ЕҰУ, 2008.

3 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1960.

4. Жұртбай Т. Дулыға. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2007.

5 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000.

6 Өтейұлы Жұмаш. М.Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі. Астана, 2007.

7 Бибіжан Бегманова. М.Мақатаев және қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық. Алматы. Дәстүр. 2015

М.ӘБІЛҰЛЫ,
ф.ғ.к., профессор.
Тараз инновациялық-
гуманитарлық университеті.

ҚАНЫШБЕК ЖЫРАУ

Қанышбек жырау Назарұлы 1906 жылы "Дәукара" болысы, "Жабатау" өңірінде дүниеге келген. "Менің сиынатын пірім Жанқожа атам"-дегенде көкірегін мақтаныш сезімі кернейді. Ол кезде "Жабатау" деп аталатын биік құмның солтүстігінде "Балапан ауыл" деп аталатын сыңсыған ел болатын. Әлімнің Кішкене аталығынан өрбіген майда рулар осы "Жабатау", "Жағалбайлы", "Маржанкөл", "Пішенкөл" төңірегіне жайласқан. Оңтүстік-шығысындағы "Қамысты" көлінің бойындағы "Қамысты" мешіт-медресесі бар-тұғын. "Қамысты" мешіт-медресесінде мұдаристік қызметте болған әйгілі діни-ағартушы әрі ақын Әйімбет ишан Қаймақбайұлының даңқы дәуірлеп тұрған кезде Қанышбек он үш-он төрттегі бозбала жігіт еді.

"Қамысты" мешіт-медресесіне сонау Бұхара, Хиуа, Шаян, Қазалы, тіпті Өпеден, Қазаннан діни адамдар келіп тұратын,-деп еске түсіреді 96 жастағы қария.-Ақтөбеден Табын Жиенғали ахүн да келді. Дәл қай жылы екені есімде жоқ. Мен он жеті әлде он сегізде едім. Сонан соң Қазалыдан Асан руынан Мамыт ахүн келді. Мамыт ахүн Бұхарадағы діни медресені бітірген. Ілімі күшті адам еді. Әйімбет ишан Қарақұм ишанмен де күшті байланыс орнатқан. "Қамысты" мешіт-медресесінің дұдарисі Әйімбет ишанға қол беріп, сұпы болған Қашақбай сұпының, Әйімбет ишанның баласы

Жұманазар ахұнға қол беріп, сұпы болған Ідірейістің қызметтерін жақсы білемін. Асан руынан шыққан Ідірейіс кейін Бұхарада оқып, ахұн атағын алды.

Ідірейіс ахұн туралы Қарасақал Абылла ақынның "Нұрмырзаның баласы" деген өлеңі бар. Мен талай мәрте той-мерекелерде айтатын едім:

*...Нұрмырзаның баласы,
Руы-Әлім-Шекті еді.
Кішкенесі Шектінің,
Білімі де мықты еді.
НКВД тұтқындап,
Ідірейіс ахұн шеттеді.
Абақтыға қамалды,
Сонда да елден кетпеді.
Бала оқытып мешітте,
Дауылға қарсы беттеді.
Ишан, ахұн, сұпылар,
Алдынан кесіп өтпеді.
Мінезі бар салмақты,
Білімі бар жан-жақты.
Оқымаған кітабы,
Бұл ахұнның қалмапты.
Дін ілімін ғұлама,
Бұхарада тауысқан.
"Қамысты" да мұдарис,
Бала оқытқан көп уақыт.
Сонан кейін Ідірейіс,
Бұхараға ауысқан...*

Бұл Қарасақал Абылла ақынның өлеңі. Абылла Бектұрғанұлы 1897 жылы "Дәуқара" болысында туылған. 1944 жылы дүниеден қайтты. Абылла

ақынның "Алланың адал жолында", "Хақ жолында өзімді", "Мұсылманның парызы" деп аталатын діни өлеңдерінен басқа "Көк найзасын кезеніп", "Әйімбет пірі болды дініміздің" атты өлең-жырлары бар. Абылла ақынның:

*"Кішкене деген атаның,
Аты әйгілі ұрпағы.
Әбдікәрім ахұнды,
Бүкіл халық сыйлаған.
Басқа ел оны шақырса,
Жіберуге қимаған...
Өсиеті жақұттан,
Қария мен жастарды,
Ойландырып толқытқан.
Ақ батасы пәк жанды,
Нұрландырып шалқытқан.
Азан айтса момынды,
Толғандырып, балқытқан.
Бата алған келіншек,
Бала туған егізден.
Дұға оқып шақырса,
Балық келген теңізден...
Халқы оның тоқ болған,
Шабайын деп тұрған жолбарыс,
Оны көріп тоқтаған.
Өпеден келген Құранды,
Алпыс жыл бойы сақтаған.
Бүкіл елі мақтаған.
Ахұн ата қайтқанда,
Бүкіл елі жоқтаған..."*

Бұл Әбдікәрім ахұн әйгілі Мамыт ахұнның баласы.

Қазалыда Кеңес үкіметіне қарсы Асандар көтерілісінен соң көтерілісшілер жазаланып, қудаланады. Сол кезде Мамыт ахұнның баласы Әбдікәрім ахұн бас сауғалап, Шәулен, Мәлік деген балаларын ертіп, бала-шағасымен "Дәуқараға" келіп қоныс басты. Онда руы Асан Қашақбай сұпының баласы Жұма колхоз төрағасы еді, елге беделді адам болатын... Елге келген соң Әбдікәрім ахұн өзінің діндар адам екенін елге ашып айта алмаған. Себебі қудалауға ұшырайтын еді. Сондықтан жәй "молда" деп атады...

Көпті көрген Қанышбек қарияның әңгімелері өскелең ұрпақтарға үлгі боларлықтай, тәлім-тәрбиелік маңызы зор әңгімелер. Өзі де жас кезінде әкеден ерте айырылып жетімдік зардабын тартты. Кеңес үкіметі орнаған соң колхоз белсенділері мен большевиктердің зорлық-зомбылығын көріп өсті. Сталиндік репрессия құрбандарын есітіп шошынды. 1929-жылғы Тақтакөпірдегі Кеңес үкіметіне қарсы діндар адамдар мен халық наразылығын да көрді. Тақтакөпірдегі базар жанында атыс болып жатқанда бұл базарда пішен сатып жүрген.

Жаңа үкіметтің осындай келеңсіздіктері жанына батқан Қанышбек екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда майданға барғысы келмеді. Майданға барып, фашистермен соғысудан бас тартты...

Қанышбек-жырау әрі ақын. Жыраулық-жыршылық қызметі бір төбе. Ұстазы Теңізбай жырау "Дәуқараға", бүкіл Қарақалпақ еліне белгілі болған дарынды өнер адамдарының бірі.

- Дәуқара өңірі ежелден ақын-жырауларға бай болған, халқы да қазақы салт-дәстүрді берік ұстанған

киелі жер, - дейді Қанышбек жырау.

Жақайым Қалыбай жыраудың Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы шығарған өлеңдері сол кездің өзінде халқының санасын оятып, даланы жаңғыртты. Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай жырларындай Қалбай жыраудың өлең-жырлары да халық басынан өткен азалы халді бүкіл әлемге паш ететін.

Профессор Қ.Жұмажанов қарақалпақ еліндегі қазақ ақын-жыраулары жөнінде былай деп жазды: "К.Сейдеханов, Н.Төрқұлов, М.Байділдаев "Ақын-жыраулар" атты ақын-жыраулардың өмірбаяндық көрсеткіш еңбегінде қарақалпақстандық Иманғалиев Хайрулла, Қалжанов Қарлыбай, Тасқынбаев Алдаберген, Аралбаев Жалғасбай, Төлепов Жақсылық, Раманқұлов Наурызбек, Тілеумағанбетов Ережеп туралы қысқаша мәліметтер береді.

Қ.Иманғалиев "Мәдениет және тұрмыс" журналында көрінсе, Б.Уахатов қазақ, қарақалпақ халық өлеңдерінің туысқандық типологиясын үйренеді. С.Тойшыбаев қазақ, қарақалпақ әдебиетіне байланысын әлденеше зерттейді.

Дегенмен, қарақалпақ өлкесінде жасаған қазақ ақындары мен ақын-жыраулары шығармашылығы арнайы жиналып, кең түрде зерттелген емес..." [1].

Шынында Тақтакөпір, Қараөзек, Бозатау (Бозотау), Шымбай, Кегейлі аудандарында өлең-жырлары ел аузында жүрген есімдері белгісіз ақын-жыраулар әлі зерттелмей жатыр. Міне, солардың қатарына Қорғанбай ақын, Дүйсенбай жырау сонан соң біз сөз етіп отырған 96 жастағы Қанышбек жырауды атап айтуға болады. Қанышбек жырауды тақтакөпіршілер "Тақтакөпірдің

Жамбылы" деп атайды. Бұл әрине, қарт жыраудың тегін адам еместігін дәлелдейді.

Қанышбек жыраудың репертуарында "Алпамыс батыр" мен "Қобыланды батыр" дастандарынан басқа "Қыз Жібек", "Айман-Шолпан", "Бозұғлан", "Көрұғлы", сонымен бірге Қарасақал Ерімбет жырлайтын "Ақтам сақаба", "Бап Раушан", "Хазірет Ғали мен Дариға қыз" дастандары болды. Той мерекелерде үш күн, үш түн, тіпті онан да көп уақыт жырлайтын кездері болды.

Қанышбек жыраудың жыршылық репертуарында дастандардан басқа Базар Оңдасұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Даңмұрын Кенжебекұлы, Жарылқасын Сырманұлы, Нұртуған сынды ақын-жыраулардың шығармалары бар.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Бердібаев "Жыраулық дәстүр" деген ғылыми еңбегінде: "...жыршы-жыраулықтың дәстүрі Қарақалпақстанда өте күшті, онда жыршылық өнері өте бағалы екені анықталды. Қазақ жыры сақталған жаңа эпикалық аудан Қарақалпақстан жаңа фольклоршылар үшін аса қызғылықты, жанды мағлұматтар беретін тың өріс секілденіп отыр. Қарақалпақстанда тұратын қазақ ақын-жыраулары, жыраулық-жыршылықтың дәстүрін бүгінге дейін қолдан бермей келген, осы өлке орындаушыларын таныстыру сөз күдіретін, фольклорды қадірлейтіндерге ғажайып табыс болып көрінетіні сөзсіз. Бүкіл Орта Азия мен Қазақстан бойынша алғаш атап көрсетілгендей жыраулардың қазіргі бай жері Қарақалпақстан"-деп жазды [2].

Қанышбек жырау Назарұлы өмірлік серігі Ұлымжан Әбдірахманқызымен Мақаш, Құтыбай, Мамаш,

Қамаш атты ұл-қыздар сүйіп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған бақытты жандар. Қанышбектің арғы атасы - Байжан. Байжаннан Қонақбай туылады. Қонақбайдан Назар, Назардан Жұмағали, Әбіш, Қанышбек туылады. Жұмағалидың Батыр деген баласы Қарақалпақстанға белгілі балуан болды. СССР спорт шебері деген атаққа ие.

- Жанқожа батырдың Төремұрат деген жырауы болған, - деп әңгімелейді Қанышбек жырау. - Оны ел "Төремұрат қу" немесе "Қу жырау" деп атайтын. Қу жыраудың руы - Кішкене, Құттық ағайынымыз еді. Хиуаның ханы Мәдірейім ханның Доғалақ атты жырауы болды. Енді Доғалақ жырау мен Қу жыраудың айтысын айтып берейін:

Қ у ж ы р а у:

*Хиуа ханы әкең бе?
Ор қояндай секеңде.
Айтысқалы мен келдім,
Жеңіліп сенен кетем бе?
Батыр ағам білекті,
Жолбарыстай жүректі.
Ашуына тисең сен,
Ұрып жығар үлекті,
Танытады әкеңді...*

Д о ғ а л а қ ж ы р а у:

*Аспанымда жаным бар,
Асқар таудай ханым бар.
Маған қарап үресің,
Саған менің таңым бар.
Жанқоғжаның жолы тар,
Бір пәлеге жолығар.*

Қ у ж ы р а у:

*Хиуа ханы жеңеді,
Жер қайысқан қолы бар...*

*Бас шабылмай тұрғанда,
Жерімнен жырау кет енді.
Танытамын әкеңді,
Танытамын шешеңді!
Жатырқаймын бөтенді,
Сағынбаймын жат елді!
Бізге көзін алартқан,
Хиуа ханы жат енді.
Ата-бабам жайлаған,
Бере алмаспыз мекенді...*

Қанышбек жыраудың "Туған елім", "Жігіт көркі", "Қарауылтөбе", "Қамысты" атты өлеңдерінен басқа "Қанышбай сұпы", "Әйімбет ілімді адам, Алла сүйген", "Өтімнің әні" сияқты арнау өлеңдері бар. Әр өлеңнің шығу тарихы бар, әсерлі. Ол Ресей мен Хиуа ханының отарлық саясатына қарсы күрескен Жанқожа батыр жөніндегі дастанды жатқа біледі.

Әдебиеттер:

1 Жұмажанов Қ. "Халық ақындары поэзиясында фольклорлық және даралық дәстүр", Нөкіс, "Білім" баспасы, 1993-жыл, 7-8-беттер.

2 Бердібаев Р. "Жыршылық дәстүр", Алматы, 1980, 31-32-беттер.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается научное мнение о жизни и творчестве Канышбек жырау.

SUMMARY

In this article discusses about scientific opinions on Kanishbek zhyrau's life and work.

Г.ДӘРКЕНБАЕВА,
А.АБДЫҚАДЫРОВА,
У.СКАКОВА,
С.Ж.Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина
университеті.

СЕГІЗ СЕРІНІҢ ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЫ – «МАҚПАЛ-СЕГІЗ» ДАСТАНЫ

Ұзақ ғасырлар бойы қазақ халқы тәуелсіз елді хан басқарған мемлекет болғандықтан, кең таралған жанрдың бірі – лиро-эпостық дастандар.

«Мақпал-Сегіз» дастаны–XIX ғасырдың бірінші жартысында шындықты жырлаған, Сегіз сері мен Мақпал қыздың арасында болған махаббат жыры. Жыр әлі күнге дейін ресми түрде баспадан шыққан жоқ, шықса бізге беймәлім. Ел аузында әдебиетшілер арасында ғана мәлім екені белгілі.

Баспадан шығып, егемен ел, тәуелсіз мемлекетіміздің, қазақ халқының «Мақпал-Сегіз» дастаны қандай рухани күш береді деуге жауап іздеп, оған ауыз әдебиетінің деректерімен жауап беріп көрейік.

Қазіргі қазақ қоғамына Сегіз серінің есімі классикаға айналған «Гауһартас», «Назқоңыр», «Алқоңыр» іспетті тамаша әндерімен танымал. Осы «Гауһартас» әнінің тарихы төңірегіндегі өткен шындық оқиғалар «Мақпал-Сегіз» жырының негізгі мазмұны болады.

Қысқаша ғана «Гауһартас» әнінің қалай дүниеге келгенін аңғару үшін Қуаныш Ахметовтың «Сегіз сері

сүйген сұлулар» атты мақаласынан деректер келтірейік [1]. Сегіз сері Бағаналы Найман елінде Бахтияр байдың ауылына келгенде, сол Бахтияр мырзаның ақылына көркі сай, туған айдай толықсыған сымбатты қызы Мақпалмен танысады.

Сегіз сері Мақпалға деген жүрек сезімін әнмен білдіреді. Бұл айтқан «Гауһартас» әнінде ару Мақпалды асыл тас Гауһарға теңей, өзінің жүрек жарды сырын сұлуға жеткізген. Бұл әннің зерттеушілер тарапынан толық дәлелденген нағыз нұсқасы мынадай:

*Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Бейне бір қараңғы үйге жаққан шамдай.
Анаңнан сені туған айналайын,
Бота көз, қыр мұрынды, ақша маңдай.*

*Беу-беу, Гауһартас,
Құсыни, құрдас,
Раушан, - үшеуіңді көргенде,
Сәулем-ау, сабырым қалмас.*

*Басасың аяғыңды ырғаң-ырғаң,
Сылдырап шолпың менен алтын сырғаң.
Құлпырып әр уақытта шаттанасың,
Әсемсің аққу құстай мойнын бұрған.*

Жалпы бұл ән төрт шумақтан тұрады. Ән сөзіндегі Құсыни, Раушан-Мақпалдың ауылдас, сырлас құрбылары.

Төлеш Сүлейменовтың «Сегіз сері» кітабында Сегіздің Мақпалмен кездесіп, оған «Гауһартас» әнін арнағанын келтірейік [2].

Сегіз серіге Көтібардың баласы Есет батырдан

естігенін айтады:

Сегіз бұл туралы өзінің «Мақпал» атты өлеңінде ескертіп:

*Баласы Көтібардың Есет батыр,
Сұлу деп сізді маған мақтап еді, -дейді.*

Мақпалды іздеп әкесі Бахтияр ауылына келгенде, Сегіздер ән мен күй бұлағын тасытып, жұрттың жүрек шерін тарқатып, бір серпілтіп тастайды. Өлең-жыр десе ішкен асын жерге қоятын Сыр бойының халқы Сегізді жігіттерімен үйлеріне қонаққа шақырып алып, таң атқанша қисса-дастандар тыңдайды. Сегіз сері сонда Мақпалмен танысады.

Бір сәтте Мақпалдың қасындағы Раушан, Құсни есімді серіктерімен салтанатты түрде серуенге кетіп бара жатқанын көрген сері «Гауһартас» әнін шығарады.

*Төрт шумақ әннің,біреуін келтірейін:
Ажарың ақ бөкендей қашқан құмнан,
Шолпандай таң алдында жалғыз тұрған.
Басында кәмшат бөрік, қолда жүзік,
Жібек пен қызыл кәріс белін бұған. [2.63-б].*

Осы әннің қайырмасында Сегіз сері Мақпалды, Құсыни, Раушанды гауһар тасқа теңеген болса керек.

*Беу-беу Гауһар тас,
Құсни, құрдас,
Раушан,-үшеуіңді көргенде,
Сәулем-ау, сабырым қалмас,-*

дейді. Қайырмада, құрдас деген сөз Мақпалға арналған. Себебі, Сегіз бен екеуі барыс жылы туған. Бұлардың жолдас екеніне ақын Өске Тасеменұлы өзінің «Мақпал-Сегіз» дастанында:

*Сегіздің Мақпал менен жылы Барыс.
Арасы елдерінің өте алыс,-*

дейді. Сегіздің тағы бір шәкірті Шаманқұл Дәндібайұлы 1854 жылы Сегіз қаза болғасын оған арнап, жоқтау өлең шығарған:

Салдық құрған ұстазым,

Ниязды ертіп қасына.

«Гауһар тасты» шығарған,

Он сегіз жасында,- дейді [2,656].

Сегіз сері Мақпалға арнап ұзақ өлең шығарып,өзінің ғашықтығын білдіреді.

Ол сүйген қызына халқының қамын ойлайтынын, әрқашанда елінің қорғаны болған ер қатарында даңқы шыққанын баяндап, шығармасын былай түйіндеген:

Ұлықтан қуғын көріп, болып шерлі,

Біз едік жұрттың қамын ойлаған ер.

Байлайын боз шұбар мен қан күреңді,

Мақпалжан ермек болып, қолыңды бер. [2.676].

Алғашқы «Мақпал-Сегіз» дастанын шығарған ақындар Сегіз серінің тобында сал-серілік пен ел аралаған Сейітжан сал, Құшан сері, Нияз сері, Шәрке сал, Дайрабай күйші, Қобылан әнші, Шынияз ақын-әнші, Аббас батыр, Сәду батыр, Өске ақын, Орынбай ақын, Көрке ақын, Біржан сал сынды дүлдүлдер болған. [3].

Бұл ақындар - Өске Тасеменұлы мен Шынияз Жұбатұлы

Өске Тасеменұлы (1813-1902) ақын өзінің «Мақпал-Сегіз» дастанында ғашықтар туралы бұлтартпас мағлұмат береді.

Найманда Құсыни Раушан қасына еріп

Бұрымын білектей қып жүрер өріп.

Сал Сегіз Мәжнүндей ғашық болды,

Сұлуды Мақпал деген Ләйлі көріп.

Өнері ер Сегіздің елден ерек,

Баурады өлеңмен өңкей жасты.

Мақпалға ғашықтығын білдіріпті,

Шығарып ән патшасы-«Гаухартасты».

Базар жырау Ондасынұлы (1841-1911) «Мақпал-Сегіз» дастанында.

Сүлеймен су аяғы көкше теңіз ,

Өсімтал байдың малы тауар егіз.

Әлеумет құлақ салып тыңдасаңыз,

Өтіпті ғашықтықпен Мақпал-Сегіз. [4.124б.].

Ақын Шынияз Жұбатұлы «Мақпал-Сегіз» жырлаған нұсқасында:

Гаухарта-Мақпал қыздың жұмбақ аты,

Қосылмай әнге бірден нағыз аты

Кей істі ашық айтпай тұспалдаған,

Байқаңдар Сегіз қандай парасатты,-

деп жырлаған екен.

Қазақ еліне XIX, XX ғасырдың басында «Мақпал-Сегіз» жыры ел аузында кең таралғанының бір дәлелі-ол қолжазбалар санының көптігі.

«Сегіз сері мен Мақпал сұлу» хикаясын жырлаушылардың бірі,-Балқаш маңын жайлаған Найман елінен шыққан ақпа ақын Жанкісі (1772-1849жж.) артына шындыққа сай келетін дастанын қалдырған. Онда Бақтияр қызы Мақпал сұлу қазақтың салты бойынша Қарақалпақ елінің жігіті Жабы дегенге ұзатылатын болады. Сегізбен ғана қосылуды армандаған Мақпал зар шегеді, еріксіз елден, сүйгенінен айырылады. Сегіз сері көш соңына түсіп, ақыры Мақпал сұлуға кезігеді. Бірақ Сегіз сері сүйгенін алып қашпайды. Мақпал да ел салтына қарсы шықпай

ғашықтық қайғысынан өледі. Сегіз сері де қасірет шегіп кетеді. Жарын жоқтап зарлаумен болады. Кіші жүз елін аралап Исатай Тайманов батырға да ереді. Астрахан маңындағы қалмақтар өктемдігіне қарсы күресті бастап, ерлік көрсетеді.

«Мақпал қыз» сюжетінде Жабы-қарақалпақтың батыры Мақпал қызды алуға келгенде , оның сүйген жігіті Сегіз Арқада жылқы бағып жатады.

Ел-жұрты Мақпалды Жабы батырға бермек болған соң, қыз Сегізге суық хабар жіберіп:

*Тез келіп алмасаң да, жолығып қал,
Кеудеңде болса егер шыбын жаның.
Сал Сегіз батырсынып жүруші едің,
Ерлігің осы жерде болар мәлім.
Қағаздың хатын оқып қолға аларсың,
Сөзіме өзім түгіл зар боларсың.
Жатқаның бос үйдегі еске түсіп,
Арқада жылап-сықтап сен қаларсың,-
деп сәлем жолдайды [5.238 б].*

Бірақ Мақпалдың жіберген хабаршысы Арқаға жеті күнде зорға жетеді. Бұл кезде Мақпалды ұзатып, жанына шешесін қосып, Жабы еліне жөнелтеді.

Қыз хабарын алған Сегіз үш күн, үш түн жүріп, Мақпалдың жеңгесіне келеді. Жеңгесі Күләйім мен Сегіздің айтысы мынадай:

Күләйім: - *Жабының найзасы бар қолында алмас,
Көзінше оның бикеш жолыға алмас.
Жабыдан қазаң жетіп өліп кетсең,
Артыңда сенің бикеш тірі қалмас.*
Сегіз: - *Жеңеше, кетер едім жауап берсең,
Ризамын қыз Мақпалдың жүзін көрсем.*

*Құдайға арманым жоқ, жеңеше-жан,
Жабыдан қыз Мақпалды көріп өлсем*

[5.240б].

Сегіз Жабы батырдың артынан түсіп, Мақпалға жетеді. Мақпал шешесіне:–“Сегіз екеумізді үш күнге ғана еру қос”- деген тілегін білдіреді. Анасы қызының тілегін қабыл алады.

*Айтылған қыз күнінде серті бар-ды,
Сертінен Мақпал таймай тұрды дейді.
Батпаңдап мамыр қаздай сал Сегіздің,
Ішіне ақ отаудың кірді дейді.*

Бұл кезде Жабы қырық жігітімен бірге көштен озып кеткен еді. Бірақ кешіккен Мақпал шатырына Жабы күйеу жолдас Бұлдырықпен оралады. Сонда Мақпалдың анасы қызының үш күндік тілегін бұзбас үшін Жабының алдынан шығып: (үзінді)

*Мақпалдың дерті бар еді.
Мүддесі бітсе дертінің
Әруақтары жар еді.
Қай мезгілде қысылса,
Сырдың суы ем еді-*

дейді [5. 241б]. Сонда Жабы екі күн, бір түн ішінде Сырдариядан су алып қайтады. Сегіздің Мақпалмен қоштасып, өз еліне кетуіне сол уақыт жетіпті.

Жырдың трагедиясы екі ғашықтың қосыла алмауында сүйгенінен тірідей айырылған Мақпал ақырында зарығып өледі.

*Дерт орнап көкірекке ғашықтықтан,
Кетпестей қайғы-қасірет мұңға айналды.
Қыз Мақпал тіршіліктен күдер үзіп,
Өлімге мойынсұнып ынғайланды. [5.242б].*

Бұл жырда Сегіз сері халқының салтына қарсы шықпай, Мақпалды алып қашпады.

Сәбит Мұқанов өз кітабында [б.162б.] «Мақпал» дастанының Ғабдол ақын нұсқасынан мысал келтіреді (үзінділер):

*«Айырып досты-достан, жарды ашықтан
Сұм дүние кімдерге боқ жегізбеген.
Арқаның бойын жайлап, Сырды қыстан,
Өтіпті бір сал жігіт Сегіз деген.
Басталар қысқы аяз ақпанменен,
Сонарда түлкі аулайды қақпанменен.
Сал Сегіз Мәжнүндей ғашық бопты,
Бір қызды Ләйлі көріп Мақпал деген.*

Міне, осы жерде Ғабдол ақын да Мақпал-Сегіздің ғашықтық жырын айтып кеткен Өске ақындай Х, ХІІІ ғасырдағы Әзірбайжан ақындары Низами, Физули «Ләйлі-Мәжнүн» ғашықтық дастанымен теңестіреді.

Жырдың оқиғасы мұнымен бітпейді. Сегіз Мақпалды Арқаға алып келгенде, ғашығы ауруға шалдығады, сондағы оның ауруы «Сырдың суын татпауы» болады. Бұл арада айтылатын бір ауыз өлең былай келеді:

*Гледі сұңқар таңдап көлдің қуын,
Мақпалға сол бір сырқат жайды уын.
Сегізге Мақпал сонда арман айтты,
Дарига бір татсам деп Сырдың суын.*

Өлім халіндегі Мақпалды Сегіз Сырға алып келіп, суын ішкізіп ауруынан айықтырады. Ендігі жерде екеуі Сыр бойын қоныстанып, тату-тәтті өмір сүреді.

Ал Сегіз серінің өзінің «Мақпал» жырында, ғашығы қаракшының садақ оғынан мерт болады.

Бұл жырда Сегіз сері Мақпалға қосылмақ болып

уәде байласып, еліне кетеді. Сол кезде Қоқан хандығы Құшбегісінің қолшоқпары болып жүрген Жабы бір топ қаракшыларымен Мақпалды, Құсыни, Раушанды да ауылынан алып кетеді.

Сегіз сері өз сарбаздарымен Жабыны қуып жетіп оны өлтіреді, бірақ қашып бара жатқан Дәуқара деген қаракшының садақ оғы Мақпалды өлтіреді. Сегіз (қазіргі Жезқазған мен Қызылорданың шектесетін жеріндегі) Айнакөл деген жерде Мақпалдың денесін жерлейді [5.123б].

Академик Әлкей Марғұлан “Күйді зерттеп, әнді мінген кемеңгерлер ...” атты мақаласында, Сегіз серіге тоқталғанда “Мақпал-Сегіз” дастаны қазақ еліне таралғанын, Сегіз серінің жан-күйіне толғау берген атақты Мақпал қызына ғашықтығымен байланыстырады. Ә.Марғұлан асқақтата жырлаған Арыстан мен Жанкісі ақындардың “Мақпал сұлу” жырында олар Сегіз серіні былай суреттейді.

*Сөйлесе сөз шығады лебізінен,
Телегей тең болмайды теңізбенен.
Қыста Сыр, жазда Арқаның бойын жайлап,
Өтіпті әсем жігіт Сегіз деген.
Сал Сегіз Мәжнүндей ғашық болып,
Бір қызды Ләйлі көріп Мақпал деген.*

Ақындардың бейнелеуінше Сегіз сері сұңғақ бойлы, өрімдей сымбатты, топ ішінде ерекше көрінетін әсем кісі болған. Ол әрі құбылмалы ақын, әрі әнші, әрі қобызшы, әрі мерген, әрі өрнек жасағыш шебер кісі болған. Оның үстіне ол әлеуметтік қайраткер.

Үш жүзге атым шыққан Сегіз сері,
Атандым он жетімде қазақ ері.

Ер Сегіз ел қорғаған батыры – деп,
Үш жүздің ардақтады барлық елі.

Ә.Марғұлан екі ғашықтың махаббаты, айтып кеткен
Өске ақын мен Базар жыраудың қиссалары бойынша
бітеді [7.183 б].

Сегіз сері өз өмірінен өткен ғашықтық сезімін
«Мақпал» жырына айналдырған. Бұл жыр Сегіз сері
дүниеден өткеннен кейін, онымен бірге сал-серілік
құрған ақындардың «Мақпал-Сегіз» жырларының
дүниеге келуіне себеп те, үлгі де болды.

Сонымен XIX ғасырдың екінші жартысымен XX
ғасырдың ең басында Сегіз сері мен Мақпалдың
ғашықтық жыры ел аузында кең таралды. «Мақпал-
Сегіз» дастаны көп ақын-жыраулардың түрлі нұсқалары
түрінде қазақ халқының кең байтақ жеріне ауыз әдебиеті
арқылы жетті.

Әдебиеттер

1 Ахметов Қ. «Сегіз сері сүйген сұлулар», «Қазақ
әдебиеті». № 6. 5.02.1999.

2 Сүлейменов Т. Сегіз сері. Алматы. Өнер, 1991,
-255 б. /8/

3 Негимов С. «Қазақтың сал-серілері». Алматы,
«Ана тілі» ЖШС. 2004.

4 Әбуталиев Н. «Сегіз сері», Алматы, «Жалын»,
1991.

5 Қоныратбаев Ә. «Қазақ фольклорының тарихи»
Алматы, «Ана тілі», 1991, 238-б.

6 Мұқанов С. «Өмір мектебі». Алматы. 1955.

7 Марғұлан Ә. «Жұлдыз» журналы №9, қыркүйек,
1983, 183б.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА,
Қарасу орта мектебі,
Батыс Қазақстан облысы,
Қазталов ауданы

Ы.АЛТЫНСАРИН. «АТЫМТАЙ ЖОМАРТ», «МЕЙІРІМДІ БАЛА», «ӘКЕ МЕН БАЛА» ӘҢГІМЕЛЕРІ

Жалпы мақсаттар:	Ы.Алтынсарин шығармашылығы туралы мәлімет. Алтынсарин әңгімелеріндегі еңбек, адамгершілік мәселесі туралы мәлімет. Топтық жұмыстар арқылы өз ойын ортаға сала білу дағдысына ықпал жасау.			
Міндеттер:	1. Бүгінгі тақырыпты түсінуді анықтау; 2. Оқушылардың өздік жұмыстары арқылы білім беруге ықпал жасау, диалогтік оқыту арқылы әр баланы қамтуға жағдай жасау; 3. Жаңа сабаққа белгілі бір ой қорытындылар жасау;			
Негізгі идеялар:	Мейірімділік, қанағатшылық, еңбек			
Тапсырмалар:	Топтық тапсырмалар, коммуникативтік әңгіме, зерттеушілік әңгіме			
Күтілетін нәтиже:	Теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алады. Ы.Алтынсарин шығармашылық жолы туралы біледі. Әңгімелеріндегі көтерілген еңбек, адамгершілік мәселелері жөнінде ой қорытады.			
Көрнекілігі:	Стикер, маркер, бағалау парағы, оқулық, ресурстар.			
Сабақтың түрі, әдіс-тәсілдері:	Топтық әдіс, жұптық талқылау, сұрақ-жауап.			
Кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру	Амандасу, «Жылы лебіз» тренингі. Өнер алды-қызыл тіл Анадай оны құрметте. Қажымай, талмай үйрен, біл. Асылын сөздің өрнекте Ана тілі-асыл қазына Байлығын-білсең, ол сенің Жеткізер өмір жазына Сонымен өсер өркенің-дей келе сөз асылын, тіл тазалығын сезінетін кезекті әдебиет сабағымызды бастаймыз.	Оқушылармен амандасып, бір-біріне жылы лебіздерін айтып, сәттілік тілеп жағымды ахуал орнатады.		

Үй тапсырмасын тексеру, бекіту.	I топ Ыбырай өмірімен шығармашылығы II топ Ыбырайдың «Жаз» өлеңін жаттау III топ Ыбырайдың «Азған елдің билері» өлеңін жаттау.	I топ Ыбырай өмірімен шығармашылығы II топ Ыбырайдың «Жаз» өлеңін жаттау III топ Ыбырайдың «Азған елдің билері» өлеңін жаттау.	Формативті бағалау.	Оқулық, флипчарт
Бағалау өлшемдерін құру.	Оқушылармен бірлесе отырып, өлшемдер құру. 1. Топта бірлесе жұмыстануы 2. Өз ойын көркем тілмен жеткізуі. 3. Әңгіменің мазмұнын ашуы.	Мұғаліммен бірлесе отырып, өлшемдер құру.		
Топқа бөлу	Оқушыларды әдебиет теориялары бойынша топқа бөлу. I топ. «Әңгіме» II топ. «Поэзия» III топ. «Мысал»	Оқушылар өздері топшамаларды таңдау арқылы топтарға бөлінеді.		Қиынды қағаздар

Жаңа сабақ. Ой қозғау.	Ыбырай шығармаларының ішінен әдеби теорияларды тауып жұмыстану. I топ. Әңгіме. II топ. Поэзия. III топ. Мысал.	Әр топ өздеріне берілген әдебиет теорияларын тауып айтады, сонымен бірге Ыбырай шығармашылығынан сол ұғымдарды табады.	Формативті бағалау.	Ресурстар
Сергіту сәті	«Менің үшбұрышты қалпағым» жаңылтпашын қимылмен көрсету.	Оқушылар қимылмен көрсетіп отырады.		
Тапсырмалар	I топ. «Әңгіме» тобына «Әке мен бала». II топ. «Поэзия» тобына «Атымтай жомарт». III топ. «Мысал» тобына «Мейірімді бала»	Әңгімелерді оқып өз беттерімен жұмыстанады. Композициялық құрылысына талдап, мазмұнын ашады. Swot әдісі	Формативті бағалау	Ресурстар, оқулықтар
Сабақты бекіту. «Сикырлы таяқша» әдісі	I топ сұрақ (қызыл) II топ жауап (сары) III топ ұсыныс, идея (жасыл)	Оқушылар топта бөлініп орындайды.		Үш таяқша

АҚАН СЕРІ ҚОРАМСАҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Бағалау	Оқушылармен бірлесе отырып бағалау өлшемдері бойынша бағалау, топтар бір-бірін бағалайды.	Оқушылар өз пікірлерін айтып сыныптастарын бағалайды.	Формативті, сумативті бағалау	
Үйге тапсырма	I топ. «Ыбырай балалар әдебиетінің атасы» реферат. II топ. «Ыбырай Алтынсарин» тақырыбына тест құрап келу. III топ. Эссе жазу.			
Кері байланыс	Оқушыларға кері байланыс ұсынылады. Біз надан болып өсірдік Иектегі сақалды Өнер-жігіт көркі деп Ескермедік мақалды. Біз болмасақ, сіз барсыз Үміт еткен достарым Сіздерге бердім бағамды-деп Ыбырай ағамыз бұдан көп жыл бұрын сіздер сияқты жас ұрпаққа бағасын берген екен. Сол аталар батасын ақтап, ұлтымыздың тілі мен әдебиетін сақтап, жадымызда ұстайық, балалар!	Оқушылар стикерге кері байланыстарын жазады.		Стикер, А3 формат

Смарт мақсат	Ақан серінің эстетикалық таным-түсінігі, шығармаларының тақырыбы мен идеясы.	
Табыс өлшемдері	Оқушылардың барлығы істей алады:	серінің өмірі мен шығармашылығы туралы менгереді.
	Оқушылардың көпшілігі істей алады:	Шығармаларын топтастырып, талдайды.
	Оқушылардың кейбіреуі істей алады:	Өлең құрылысына талдау жасай алады, әнін айтып үйренеді.
Жұмыс түрі	Топтық, жұптық, жеке, шығармашылық	
Әдіс-тәсілдер	Тест, өлең құрылысына талдау, әңгімелету, оқулықпен жұмыс.	
Модульдер	Сын тұрғысынан ойлау. АКТ. Дарынды және талантты балаларды оқыту Оқуды бағалау және оқытуды бағалау	
Пәнаралық байланыс	Тарих, музыка	
Дереккөздер мен жабдықтар	Оқулық, хрестоматия, флипчарт, интербелсенді тақта, электрондық оқулық.	
Сабақ кезеңі	Сабақ барысы	
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландыру. Топқа бөлу, бағалау парақтарын таратып беру, психологиялық жағымды ахуал тудыру.	
1. Кіріспе Үй тапсырмасын тексеру:	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
	Денгейлік тапсырмалар А. 1. Элегия, лирика туралы. 2. Әнші-сазгер, акындар шығармашылығы қай кезеңде шарықтап дамыды, белгілі өкілдері кімдер?	Денгейлік тапсырмаларға өз таңдаулары бойынша жауап береді.

	<p>В.1.Сал мен серінің айырмашылығы мен ұқсастығы қандай?</p> <p>2.Біржан сал өлеңдерінің шығу тарихы.</p> <p>С.1. Біржан салдың суырыпсалма айтыс ақыны екенін дәлелде?</p> <p>2. Біржан сал өлеңдеріндегі әлеуметтік, адамгершілік мәселелер қалай өрнектелген?</p>		
<p>2. Жаңа сабақ.</p> <p>Дарынды және талантты оқушылармен жұмыс</p>	<p>Интерактивті тақтадан Ақан серінің «Ләйлім шырақ» әнін тыңдату,сұрақ қою?</p> <p>Әр топ бүгінгі сабақтың табыс критеріін тұжырымдайды.</p> <p>Оқулықпен жұмыс /ақынның шығармаларын жанрына, тақырыбына қарай жіктейді/ кубтардың бірін таңдайды: Қызыл Жасыл Көк</p>	<p>Кімнің әні екенін табады.</p> <p>Біз сабақтың соңында ...</p> <p>Біз осы сабақтан ...</p> <p>Біз тұжырымдаймыз...</p> <p>/жұптық жұмыс/ Ақан серінің өмірбаяны туралы презентациясын таныстырады</p> <p>Флипчарт корғайды, өлеңдерімен дәлелдей отырып талдайды.</p> <p>-Ғашықтық бір ыстық күн желі тынық</p> <p>-Арканың ақиығы</p> <p>Ақан сері</p> <p>-Заманға қарап...</p>	
<p>3. Кері байланыс/ жеке жұмыс/</p>	<p>Хрестоматиямен жұмыс. /317 бет/ Тақырыбы: Идеясы:</p>	<p>Бір өлеңін мәнерлеп оқиды.</p>	

		<p>Ұйқас түрі:</p> <p>Бунақ:</p> <p>Көркемдегіш құралдар:</p> <p>Ақын лексикасы:</p>	<p>Өлең құрылысына талдайды: «Балқадияша», «Ақ көйлек» «Жақсы мен жаман» «Айтайын замандасқа біраз кеңес»</p>	
	<p>4. Табыс өлшемдерін тұжырымдау.</p>	<p>Бүгінгі сабақ мақсатына жетті ме?</p>	<p>Сабақтың басында құрған табыс критерііне оралады, тұжырымдайды.</p>	
	<p>5. Үй тапсырмасы.</p>	<p>Денгейлік тапсырмалар:</p> <p>-Хрестоматиядан бір-екі өлеңін жаттау;</p> <p>-Құлагерге байланысты қосымша мәліметтер жинастыру;</p> <p>-Ақан серінің өмірі мен өнеріне байланысты қосымша мәліметтер жинастыру.</p>		
<p>6. Кері байланыс:</p>	<p>Серімен сырласу/хат/</p>	<p>- Маған сіздің шығармашылығыңыз ұнады...</p> <p>- Түсінуге қиындық тудырды...</p> <p>-Мен сізден үйрендім ...</p>		
<p>7. Бағалау:</p>	<p>Топ басшыларға сөз беріледі.</p>	<p>Өлшем бойынша қорытынды бағаны айтады.</p>		
<p>8. Сабақты қорытындылау.</p>	<p>Әнін үйрену</p>			
<p>Бағалау парағы Оқушылардың аты-жөні</p>	<p>А,В,С тапсырма</p>	<p>Топтық жұмысқа қатысуы</p>	<p>Өлең құрылысына талдады</p>	<p>Өлең құрылысына талдады.</p>

Н.МҰХАНҒАЛИЕВ,
М.Мирманов атындағы жалпы
орта білім беретін мектеп.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Жаңақала ауданы,
 Бірлік ауылы

Ж.ЖАБАЕВ. **«ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ»,** **«АТА ЖАУМЕН АЙҚАСТЫҚ»**

Мақсаты	Жамбыл Жабаевтың шығармашылығының жаңа қырын анықтау, өлеңінің мәнін ашу.		
Күтілетін нәтиже	1. Шығарманың көркем құрылысын меңгереді. 2. Жырау, жыршының тіл шеберлігін айқындайды. 3. ХАӘ ерекшелігімен танысады.		
Керекті жабдықтар	Оқулық, жұмыс дәптері, қалам, 9-сынып хрестоматиясы, интерактивті тақта, стикер.		
Пайдаланылған әдіс-тәсілдер.	Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер: Диалог, Сұрақтар шеңбері (жеке, топтық) СТО: болжау, Венн диаграммасы (жеке, топтық) - АКТ-мен жұмыс: интербелсенді тақтаға жоспарды жазу, топпен және жеке жұмыс, тест орындау Дарынды балаларды оқыту: -шығармашылық тапсырма (эссе, өлең шығару) Көшбасшылық: ыстық орындық - формативті бағалау.		
Сабақ барысы			
Сабақ кезеңдері	Уақыты минут	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	2 минут 2 минут	1. Ұйымдастыру Сергіту сәті. «Бістық ықылас» 2. Оқушыларды өз туған күндерінің қай жыл мезгілінде екенін сұрай отырып, топқа бөлу. «Қыс», «Көктем», «Жаз», «Күз»	1.Сабакка әзірлену. Оқушылар жұптасып тұрады. 1. -Сәлем, достым. (Қол беріп амандасу) 2. -Сен қалайсың? (иығына қолын қою)

	6 минут	3. Үй тапсырмасын тексеру: Жамбылдың «Зілді бұйрық» өлеңін жеке, топта диалог арқылы тексеру. Жақсы дайындалып келген оқушыны мадақтаймын. Қосымша сұрақтар: 1. Акын қай рудан шыққан? 2. Жамбылдың түсін айтып бер. 3. Ұстазы? 4. Зілді бұйрық өлеңінің басты тақырыбы? 5. «Кәдірбайдың төбеті» қай ақынның дәстүрімен жазылған?	3. Қайда болдың? (Оң құлағын ұстау) 4. Мен сені сағындым (Жүрегіне қолын қою) 5. Сен келдің (Қолын жаю) 6. Жақсы болды (Құшақтайды) Өздері топқа бөлініп отырады. Топ ережесін еске түсіреді.
Тұсаукесер	4 минут	Тақтаға мынадай сөздер беріледі: солдат, фашист, Ленинград, 1941.	Оқушылар тақтадағы сөздерді оқып, неге қатысты екенін аша отырып сабақтың тақырыбын анықтайды.
Негізгі бөлім	9 минут	Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өренім» өлеңі. Хрестоматиядан толық нұсқасын бөліп мәнерлеп оқиды. 1. Тақырыбы не? 2. Қай тілге аударылған? 3. Осы өлең жайында орыстың қандай ақындары пікір білдірген? 4. Өлең құрылысына талдау 1-топ. Жамбылдың ақын болып қалыптасуына әсер еткен жайттарды айту.	Әрқайсысы топта бірлесіп жұмыс жасайды. Өлеңді оқи отырып, тапсырмаларды орындайды. Әр топтағы оқушылар берілген тапсырма бойынша ақылдаса отырып топтық жұмыс жүргізеді.

	13 минут	<p>2-топ. Жамбылдың «Ленинградтық өренім» «Ата жаумен айқастық» өлеңдерінің маңызы</p> <p>3-топ. Жыр алыбы Жамбыл шығармашылығының маңызы айту.</p> <p>ВЕНН диаграммасы</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Жамбыл</th> <th>ұқсастығы</th> <th>Абай</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>«Жүз жасаған бәйтерек» деген тақырып беріледі.</p> <p>«Ыстық орындық» әдісі арқылы сабақты бекітеміз.</p>	Жамбыл	ұқсастығы	Абай							<p>Екі жұлдыз, бір ұсыныс арқылы бағалайды.</p> <p>ВЕНН диаграммасы арқылы кестені толтыру.</p> <p>Оқушылар деңгейлеріне қарай өлең немесе шағын эссе жазады.</p> <p>Өзіне сенімді деген оқушыны отырғызып сұрақтар қояды.</p>
Жамбыл	ұқсастығы	Абай										
Қорытынды	7 минут 2 минут	<p>«Бағалау ағашы» әдісі.</p> <p>Үйге тапсырма: «XX ғасырдың Гомері» ойтолғау жазу</p>	<p>Оқушылар сабақ бойынша өздерінің қай деңгейде екенін белгілейді.</p> <p>Және стикерге бүгінгі сабақ бойынша пікірін жазып іледі.</p> <p>Үй тапсырмасын тыңғылықты жазып алады.</p>									

С.ЖУСАНБАЕВА,
«Т.Жанұзақов атындағы
орта мектеп» КММ.
 Алматы облысы,
 Райымбек ауданы,
 Нарынқол ауылы

С.АРОНҰЛЫНЫҢ «ЖАҚСЫ МЕН ЖАМАН АДАМНЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ» ӨЛЕҢІ

Мақсаты: білімділік-оқушыларға «Жетісу ақындарының алтын діңгегі» атанған Сүйінбай Аронұлының өмірі, шығармашылығы мен «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңі туралы түсінік беру; дамытушылық-ой белсенділігін, сөйлеу шеберлігін дамыту, шығармашылыққа баулу; тәрбиелік-елін, жерін, Отанын сүюге, еңбексүйгіштікке үйрету, жаман әдеттерден бойын аулақ салуға баулу.

Көрнекілігі: С.Аронұлының суреті, шығармаларының жинағы, бүктеме, рефераттар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

1. Д.Бабатайұлының өмірі, шығармашылығы.
2. «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңін сұраймын.
3. Жетекші сұрақтар арқылы үй тапсырмасын қорытындылаймын.

III. Жаңа сабақты түсіндіру:

С.Аронұлы 1815 жылы қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданының Қарақыстақ деген жерінде дүниеге келген. Ол он төрт-он бес жасынан ақындық өнерді машық ете бастаған. Алғашында ел аузынан естіген аңыз, ертегі, қисса-дастандарды жиын тойларда айтып жүрді. Бірте-бірте ақындықтың ақтаңкеріне айналды.

Ақын өмірінен жан-жақты білім алу мақсатында интербелсенді тақтадан «Тұлғаны таны» айдарын ашамын.

Менің пірім-Сүйінбай


Сөзсөйлемен сиынбай...

Жамбыл.

Сүйінбай-он тоғызыншы ғасырдың Жетісу ақындарының алтын діңгегі.

М.Әуезов.


Тұлғаны таны



IV. «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңін мәнерлеп оқу.

Өлеңнің теңеу формасында жазылғанын теориялық тұрғыда дәлелдеу: өлең -дай, -дей жұрнағы арқылы жасалған, мысалы: қаласындай, анасындай, баласындай, ағасындай, т.б.

V. Салыстыру арқылы көз жеткіз.



Осылай адам бойындағы жаман қасиеттер де айтылады.

Біліміңе білім қос.

Өлең жолдарының бірдей дауысты дыбыстардан басталуы ассонанс деп аталады.

Өлең жолдарының бірдей дауыссыз дыбыстардан басталуы аллитерация деп аталады.

Оқушылар «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңінде аллитерация бар екенін көрсетті:

Жаман парқы жақсымен бірдей емес,

Жақсы жігіт елінің ағасындай.

Жақсының сөзін әркім пайдаланар

Миуалы алма, өріктің ағашындай.

VI. Қорытындылау:

Сүйінбай-ең алдымен ақын. Айтыстың асқан шебері, ешкімге жүлде бермеген ерен жүйрік. Сүйінбай өлеңдерінің негізгі өзегі-адамгершілік асыл қасиеттер.

VII. Оқушы білімін бағалау.

VIII. Үйге тапсырма: С.Аронұлының «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» өлеңін жаттап келу.

А.РЫСҚАЛИЕВА,
 №19 орта жалпы
 білім беретін мектеп
 Орал қаласы

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ. «ҚҰТТЫ БІЛІК»

Сабақтың мақсаты:	Ж Баласағұни туралы, «Құтты білік» кітабы туралы түсіндіру. «Құтты біліктің» әлем әдебиетінің асыл мұраларының бірі, түркі тілдес халықтарға ортақ өлеңмен жазылған трактат екендігін таныту. Баласағұни шығармаларының мақал-мәтелмен, ақындар шығармашылығымен үндестігін талдау. Кітаптағы ақыл, өсиет, нақыл сөздерге тоқтала отырып, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу. Оқушылардың тіл мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту, ой-пікірін ашық айта білуге тәрбиелеу, дастанның бүгінгі таңдағы өміршеңдігін, тәрбиелік мәнін ұғындыру, үлгі - өнеге ету.		
Көрнекілігі:	оқулық, суреттер, слайдтар, т.б.		
Түрі:	жаңа білімді меңгерту сабағы.		
Типі:	ізденіс сабағы.		
Әдісі:	іздендіру, салыстыру, мәнерлеп оқу, ой қорыту.		
Сабақтың кезеңдері	Әдістері	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
Ұйымдастыру бөлімі	Сұрақ-жауап	Сынып үш топқа бөлінеді. Топ басшысын сайлап, бағалау парақшасын беру.	Берілген топшамадағы сұраққа оқушылар жұппен дайындалып, бірін-бірі толықтырады.
«Нақ сұрақ, дәл жауап»			
Жаңа тақырып		Өткен тақырыптар бойынша топшамада жазылған сұрақтарды оқушыларға беру.	

Бар ізгілік тек білімнен алынар, Білімнен аспанға жол салынар. Ж.Баласағұни	Топпен жұмыс	Сабақтың мақсаты мен міндетін айқындау. Топтастыру жұмысын жүргізу арқылы бүгінгі сабақтың мақсаты мен міндетін айқындау. Мақсаты: 1. Ж.Баласағұнидің өмірі мен қызметімен танысу. «Құтты білік» шығармасының мән-мазмұнын анықтау. Міндеттері: 1. «Құтты біліктің» идеялық мазмұнын айқындау. 2. Шығарманың көркемдік ерекшелігіне тоқталу. 3. «Құтты білік» дастанының басылымдары, зерттелуі.	
Мақсатты айқындай отырып іс-әрекетке көшу. Үйренер нәрсең білім және ұғым. Ж.Баласағұни	Дәптермен жұмыс	Топтық тапсырмалар беру. 1-тапсырма. 1- топ. Жүсіп Баласағұни өмірінен мәлімет. 2-топ. «Құтты білік» дастанының жазылу тарихы. 3-топ. «Құтты білікте» көтерілген негізгі мәселелер. 2-тапсырма 1-топ Дастаннан берілген үзінділерді тақырыпқа сәйкестендіру. 2-топ. Баласағұни пікірлерін мақал- мәтелдермен үндестіру. 3-топ. Жүсіп Баласағұни шығармаларының Абаймен үндестігін табу. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» өлеңінде адамның бойындағы қандай қасиеттерді саралап көрсетті? Абай Құнанбайұлы «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңінде қандай қасиеттерді атап көрсетті? 3-тапсырма. 1-топ. Берілген үзіндіні сатылай кешенді талдау. 2-топ. Рафт әдісі. 3-топ. «Құтты білік» еңбегінің аудармасы.	Бүгінгі сабақ бойынша үйренген нәрсесін 2-4 сөйлеммен жазады.
Білім теңіз, түбі де, шегі де жоқ. Ж.Баласағұни			

Ой толғаныс		Осы тапсырмаларды орындауда үйренген 2 нәрсені көрсетіңіз.	
Қорытынды		<p>Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» өмір мәні пайымдалып, жалпы адамзаттық рухани байлықтар – мұрат, дін, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған. Ол ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалам мен микроғаламның үйлесімді болуы туралы қағидаға негіздейді. Ғұлама Баласағұни сіз бен бізді ойландырап небір даналық тұжырымдары мен сөз маржандарын соңына қалдырып кетті.</p> <p>«Құтты біліктің» негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету.</p> <p>«Құтты білік» - XI ғасырға дейінгі түркі тілді халықтардың қоғамдық ой-санасында орын алған рухани құбылыстарды тұтас қамтыған энциклопедиялық қуатқа ие көркем туынды.</p> <p>1. Ж.Баласағұни туралы тың деректер жинау, дастаннан үзінді жаттау. 2. Ж.Баласағұнның «Жаз» өлеңі мен Абайдың табиғат лирикасын салыстыру.</p>	
Үйге тапсырма.			
Бағалау.			

А.ҚАЙРЛИЕВА,
М.Мирманов атындағы ЖОББМ.
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Бірлік ауылы

ОРАЛҰХАН БӨКЕЙ. **«ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ»**

Мақсаты: а) әңгіме мәтіні бойынша білімдерін жинақтап бекіту, әңгіменің тақырыбын ашу, идеясын анықтау, сюжетін меңгерту, мәтінге талдау жасау; ә) оқушылардың ой-өрісін, танымдылығын арттыру, ойлау шеберлігін жетілдіру, сөйлеу мәдениетін дамытуға, шығармашылық ізденістерін шыңдауға ықпал ету; б) адал достыққа, сыйластыққа, жанашырлыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, білімді өзінің алдына мақсат етіп қоятын жан дүниесі сезімтал, адал, мейірімді болуға тәрбиелеу.

Түрі: білімді бекіту сабағы.

Әдістері: СТО технологиясының әдіс-тәсілдері, түсіндіру, сұрақ – жауап, баяндау.

Көрнекілігі: мультимедиалық проектор, интерактивті тақта, үлестірме қағаздар, кесте, маркерлер.

Пәнаралық байланыс: тарих, музыка, бейнелеу өнері, қазақ тілі

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру бөлімі.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

1-топ. О.Бөкейдің өмірі, шығармашылығы туралы айту.

2-топ. Венн диаграммасы арқылы «Тортай мінер ақ боз ат» пен «Жусан иісі» шығармасын салыстыру.

3-топ. Мағынасын түсінуге қиындық келтіретін

сөздерді теріп жазып, сөздіктен қарап келу, сөздікпен жұмыс. Әңгіме мәтінін оқып келу.

3. Жаңа сабақ.

1. Қызығушылықты ояту. «Тірек сөздер стратегиясы».

Топтастыру әдісі арқылы «Соғыс», «Бейбітшілік» сөздерінің мағынасын ашу.

- Ұлы Отан соғысы қай жылдары болды?

- Жеңіс күнін қашан тойлаймыз?

- Ұлы Отан соғысына қатысқан біздің өңірден кімдерді білесіздер?

- Ендеше осы екі ұғымның қайсысы құлаққа жағымды естіледі?

- Бейбітшілік.

- Онда барлығымыз осы сөздің шуағы болып айналасына жиналайық, ал соғыс сөзін елімізде соғыс болмасын, тек қана бейбітшілік болсын деген тілекпен жыртып лақтырып тастайық.

- Мен неге бүгінгі сабағымды осы екі ұғымнан бастап отырмын?

-

- Алдымен әңгімеге сатылай кешенді талдау жасайық.

- Мәтінмен жұмыс жасамас бұрын, жазушының «Кербұғы» кітабынан әңгіменің біздің оқулығымызда жоқ жерлерімен таныссақ(ресурстар таратылады).

2. Мағынаны тану. Мәтінмен жұмыс. Берілген рөл бойынша оқушылар сабақ барысында өз қызметтерін атқарады.

1. Баяндаушы - әңгіменің мазмұнын жүйелі түрде баяндайды.

2. Із қуушы - басты кейіпкердің ізін қуалап, мінезін, әрекетін жан – жақты сипаттайды, кейіпкердің іс –

әрекетіне өз бағасын береді.

3. Құрастырушы-әңгіменің жалпы мазмұны бойынша жуан, жіңішке сұрақтар дайындайды.

4. Суретші – оқиға желісі бойынша сурет салады.

5. Сөзтапқыш - шығармадағы көркемдегіш құралдар мен бейнелі сөздерді, тақырыпқа қатысты мақал – мәтелдер, қанатты сөздер табады.

6. Дәнекер-шығарманы бүгінгі өмірмен байланыстырады.

Топтық жұмыстар:

1-топ. РАФТ әдісі.

Рөл-Жазушы

Аудитория-Оқырманға

Форма-Әңгіме

Тақырып - Соғыстан кейінгі жағдай

2-топ. Әңгіменің композициялық құрылысына талдау

Оқиғаның басталуы-

Оқиғаның дамуы –

Оқиғаның шиеленісуі –

Оқиғаның шарықтау шегі-

Оқиғаның шешімі-

3-топ. Мәтіннен теңеу, эпитет, тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді теріп жазу, тұрақты тіркестердің мағынасын ашу.

Тұрақты тіркестер: Қой аузынан шөп алмас – момын, жуас, ит басына іркіт төгілу- молшылық, қыздың жиған жүгіндей – сәнді, жинақы, тақымы қотыр тайға тимеу – ештеңеге қол жеткізбеу, кедейшілік, келді-кетті деп сөге жамандамаңыз – тез келді де кетті деп ойламаңыз, құлағы қағыс еститін – құлағы дұрыс естімейді, ләм деп аузын ашпайтын – үндемейтін, ымырт үйіріле – кешкі уақыт, ұядай қылып жинау – тап-таза, сәнді

қылып жинау, мұрнын көкке көтеру- менсінбеу.

Эпитеттер: Жаймашуақ сәт, төңкеріліп тұрар аспан, бейбіт күннің шуағы, тас үңгір, көк мұнар дүние, жұмақты өмір, қоңыр үн.

Тенеулер: Табанға кілемдей жұмсақ тию, ұлардай шулап, ұдай қылып жинау, Алтайдың шолпысындай жарқыраған Бұқтырма, лаулаған жалын бақсыдай тілін жалаңдатып, көк күмбезіне найзадай кіріп, ой-етек алақандағыдай көрінеді, ай мен күндей қос ару.

Мақал-мәтелдер: Тоқ бала аш баламен ойнамайды, Ораза-намаз тоқтықта ғана.

«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіне жоспар құру:

1. Салықсалған ауылы.
2. Соғыстан кейінгі бейбіт өмір.
3. Тортай мен Ораздың достығы.
4. Ертекті Тортай.
5. Тортай міне алмаған ақ боз ат.....

Ойтолғаныс сатысы. «Бес жолды өлең».

1. Зат есім- Тортай
2. Сын есім - кітапқұмар, жасқаншақ
3. Етістік – оқиды, жылайды, армандайды.
4. Сөйлем- Тортай жетімдіктің зардабын кешті.
5. Синоним – Жетім бала

«Жауап сізден, сауал бізден».

Бекіту сұрақтары:

- Салықсалғандағы соғыстан кейінгі жағдай қандай еді?

- Әңгімеші бала Ораш бен Тортайдың достығы қалай сипатталған?

- Ораштың бойынан қандай қасиетті байқауға болады?

- Тортай қандай бала? (жуас, ақылды, білгіш, ауыз ашып тыңдар абыз, жетім, арманшыл, құлағының сәл

мүкісі бар, жасқаншақ, т.б.)

- Әңгіменің кейіпкерлерін атаңыз. (Ораз, Тортай)

- Әңгімеде қандай кітап айтылады? («Аласталған Алитет»)

- Ауыл қайда орналасқан? (Салықсалғанның иығында)

- Тортай ақ боз атқа міне алды ма? (жоқ)

- Әңгіме неліктен «Тортай мінер ақ боз ат...» деп аталған? (Өйткені ақ боз атты Ораш емес, Тортай мінуі керек еді.)

- Басқа балалардан Тортай несімен ерекшеленеді? (Таңертеңнен кешке дейін бас алмай кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын)

- Тортайдың арманы қандай? (кітап жазып, жазушы болу)

- Сенің ойыңша, Тортайдың жағдайы болып оқығанда ол өскесін кім болар еді? (Ол өскесін жазушы болар еді)

- Ораштың орнында болсаң сен не істер едің? (Өз білгенін үйретіп, ауылға келген бетте, өзім кішірейіп бірінші болып оған кіріп шығар едім.)

- Шығарманың сен үшін тәрбиелік мәні қандай болды? (Қанша биік шыңға шықсаң да, түп–тамырыңды ұмытпа)

- Тортайдың автор үйіне келудегі мақсаты не?

- Автор неге орнынан тұрып амандаса алмады?

- Тортай кітап туралы қандай пікірде? Кітапты неге пір тұтты?

- Кітаптың адам өмірі, мінез құлқы үшін қандай маңызы бар?

- Әңгіменің соңында лирикалық кейіпкер қандай шындық айтады?

- Тортайдың «Ақ боз атқа» міне алмауына не

кедергі болды?

- Егер сен жазушы болсаң, әңгімені басқаша қалай атар едің?

Әдеби-теориялық ұғым.

Мінездеме-көркем шығармадағы кейіпкердің мінез бітімі, жүріс-тұрысы, іс-әрекетін жан-жақты ашып, сипаттап көрсету.

Шығармада бір ғана сөзбен мінездесе, ол тура мінездеу болады. Мысалы, сараң болса- Қарабай, аңқау болса – Мырқымбай, өтірікші болса – Судырахмет.

Кейіпкердің бейнесін құбылыстар мен заттарды суреттеу арқылы көрсетуді жанама мінездеу дейміз.

4. Ойтолғаныс. Үйге тапсырма.

1. «Баяғыда бір жетім бала болыпты...» деп Тортай ертегісін жалғастырып, оған ат қою.

2. «Менің қиялымдағы Тортай» ойтолғау жазу.

3. «Жыламасын жетімдер.....» (таңдаған тақырыбына эссе жазады)

5. Бағалау. Қорытындылау.

- Біздің республикамызда көздері жаутаңдап, ата – ана мейіріміне шөлдеген қаншама жетім бала бар. Оларға мемлекет тарапынан да, қайырымды жандар да көптеген көмектер көрсетуде. Алайда бұл игі істер ананың жылы құшағы мен аялы алақанына жетпейтінін жүрегіміз сезеді. «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ» дегендей жер бетінде қанша адам болса, сонша тағдыр бар. Әр түрлі жағдайда адам жетім болуы мүмкін, біреуі анасынан, ал енді біреуі әкесінен айырылған дегендей. Ондайдың бетін әрмен қылсын деп, «Болмасын жетім балалар, бақытты болсын адамдар» деп бүгінгі сабағымызды «Сәби бақыты» өлеңімен аяқтасақ.

А.САИРОВА,

Б.Сахариев атындағы

Бақты орта мектебі.

Шығыс Қазақстан облысы,

Ұржар ауданы,

Бақты ауылы

М.ЖҰМАБАЕВ. «ҚЫСҚЫ ЖОЛДА» ӨЛЕҢІ

Жалпы мақсаттар	Ақынның өмірі жайында ақпарат алады, өлеңді мәнерлеп оқиды, идеялық мазмұнын ашады, талдайды, алған білімін PISA тапсырмалары арқылы жүйелейді.		
Түйінді идеялар	Теориялық білім мен іс-әрекетті қатар алып жүреді, өлең тақырыбының ашылуын жүзеге асырады, ойларын еркін жеткізеді, табиғат құбылысын түсінеді.		
Әдіс-тәсілдер	Топпен, жұппен, жекелей жұмыс, «Ауа райы» әдісі, «Есімдердің сыны» топқа бөлу әдісі, топтастыру әдісі, СТО.		
Көрнекіліктер	Көркем әдебиеттер, АКТ, музыка, бейнелі суреттер, А 3, А 4, А 5 кималары.		
Дерек-көздер	5-сынып оқулығы, «Қазақ антологиясы» кітабы, «Мағжан Жұмабаев шығармалары» кітабы.		
Оқыту нәтижелері	Өлеңнің мазмұнын меңгереді, өлеңдегі негізгі ойды анықтайды, өлеңдегі әрекетке салыстырмалы түрде баға береді, сыни ойлай алады, тапсырмаларды түсініп талдайды, алған білімдерін өмірде қолданады, топпен өнім жасайды, топты бағалайды, сабақты бағалайды, білім деңгейі артады, жинақтайды.		
Сабақ барысы	уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Сабақ кезендері: 1-кезең. Қызығушылықты ояту:	1 мин. 2 мин. 5 мин.	1. Сынып оқушыларының сабаққа қатысын тексереді, бақылайды. 2. Сергіту сәті. «Ауа райы» әдісі. 3. Топқа бөлу. «Есімдердің сыны» 4. Сабақтың кезеңдерін түрлі – түсті түстер бойынша бағалайтыны (топбасшы бағалайды) ескертіледі. 1-тапсырма. Денгейлік тапсырмалар: А. «Бес арыс» кімдер? Б. Қалай ойлайсың, ақындар неліктен табиғатты жандандырып көреді? С. «Бес арыс» аталған ақын-жазушылар құрбан болмағанда, сен ол тұлғаларды қалай елестетер едің?	Сынып оқушыларының сабаққа қатысын кезекші түгендейді. Оқушылар ауа райының құбылыстарын саусақ қимылы арқылы көрсетеді. Есімдердің сыны бойынша топ құрады. Түрлі-түсті түстер бойынша топбасшы бағалап отырады. Денгейлік тапсырмаларға жауап береді.

2-кезең. Мағынаны ажырату:	15 мин.	Кітаптан ақын өмірін топпен оқиды, түсінгендерін «Топтастыру» әдісі арқылы жазады, таныстырады. 3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқиды (оқулықтан), топ мүшелеріне түсіндіреді, топта талдайды. (Интерактивті тактада өлең мәтіні жазылады).	Ақын өмірін топпен оқиды, топтастырып жазады, бір оқушы сөйлейді. Өлеңді оқулықтан әр оқушы жеке мәнерлеп оқиды, топта талдайды, басқаларға жеткізеді.
3-кезең. Ой-толғаныс.	15 мин.	4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар әр оқушыға жеке А4 кималарына жазылып беріледі. I. Ашық сұрақ. М.Жұмабаев. «Қысқы жолда» өлеңі. Келесі сұрақтарға жауап беру үшін мәтінді пайдаланыңдар. 1-сұрақ: «Қараңғы түн, сар дала, Көрінбейді айнала» Неліктен ақын сар дала, айнала сөздерін қолданған? 2-сұрақ: Келесі сұрақтарға жауап беру үшін жоғарыда келтірілген мәтінді пайдаланыңдар. «Бізғарлы жел долданып, Екі иінінен дем алып,...» Қалай ойлайсыз, жел долданып, екі иінінен дем ала ма?	4-тапсырма. Мәтін бойынша барлық топ берілген кималардағы сұрақтарға жазбаша жауап береді.

		3-сұрақ: Келесі сұрақтарға жауап беру үшін жоғарыда келтірілген мәтінді пайдаланыңдар. Өлеңде қысқы жол сипатталған. «Иә» немесе «Жоқ» сөздерінің бірін таңда және дәлелдеп көріңдер. <table border="1" data-bbox="1381 272 1685 506"> <tr> <td>Өлеңде қысқы жол сипатталған.</td> <td>«Иә» немесе «Жоқ»</td> </tr> <tr> <td>Қыстың шуақты күні сипатталған</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Ақын шапамен келе жатыр.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Боран тоқтамай, жол білінбеді.</td> <td></td> </tr> </table>	Өлеңде қысқы жол сипатталған.	«Иә» немесе «Жоқ»	Қыстың шуақты күні сипатталған		Ақын шапамен келе жатыр.		Боран тоқтамай, жол білінбеді.		
Өлеңде қысқы жол сипатталған.	«Иә» немесе «Жоқ»										
Қыстың шуақты күні сипатталған											
Ақын шапамен келе жатыр.											
Боран тоқтамай, жол білінбеді.											
Келесі оқуға арналған тапсырмалар	2 мин.	II. Жабық сұрақ. 4-сұрақ: Келесі сұрақтарға жауап беру үшін жоғарыда келтірілген мәтінді пайдаланыңдар. Қалай ойлайсың, бұл өлеңде ақын нені суреттеген? А. Адасып жүрген адамның көңіл-күйі. В. Табиғаттың тосын құбылысы. С. Қаракөктің үрейінің ұшқаны. Д. Жолаушының боран көрінісін суреттеуі. Е. Жолаушының боранмен күресуі.	Тапсырманы күнделіктеріне жазады.								
Бағалау	3 мин.	Топбасшы сабақтың кезеңдерін түрлі-түсті түстермен бағалаған. Топқа берген бағаларды таныстырады.	Топбасшы түстер бойынша бағалайды, жариялайды.								

Ж.ҚҰРЫМБАЕВА,
Іңкәрбек Жұмағұлдов
атындағы орта мектебі.
 Алматы облысы,
 Райымбек ауданы,
 Шырғанақ ауылы

САЙЫН МҰРАТБЕКОВТЫҢ "ҚЫЛАУ" ӘНГІМЕСІН ОҚИТУ

Максаты	Жазушының өмірі жайлы ой бөлісе отырып, «Қылау» әңгімесінің идеясы мен мазмұнынмен танысады.					
Күтілетін нәтиже	Жазушының өмірі жайлы пікір алмаса отырып, топтық жұмыс жасау арқылы сыни тұрғыдан ойлай отырып әңгіменің мазмұнын түсінеді.					
Сабак кезеңдері	Әдіс-тәсілдер мен стратегиялар	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Уақыты	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	Сыни тұрғыдан ойлау,	Оқушылармен амандасып, түгелдеймін. Оқушыларды жауын-шашын түрлері арқылы 3 топқа бөліп, видеоролик көрсетемін. Оқушылардан қылау, қырау, шық жайында сұрап, пікір алысамыз.	Оқушылар қылау, қырау, шық болып бөлінеді. Қалау-қалың тұманда немесе қатты аязда ауаның жер бетіне жақын қабатындағы су буының мұз түйіршіктеріне айналуы. Шық-жылы қалпын сақтаған ауа жер бетіндегі салқындаған заттармен жанасқанда бойындағы су тамшыларын бөліп шығаруы. Қырау-күзде, қыста және көктемде осындай жолмен пайда болады.	2 мин.	Сабак барысында оқушылар өзін-өзі бағалайды.	Әдістемелік журнал Әдебиет оқулығы Қима қағаздар, интерактивті тақта
Қызығушылықты ояту «Кім мықты?» топтық жұмыс.	Сыни тұрғыдан ойлау;	Жақсы адамға бар жақсылық арналған, Бұл өмірде адал, әділ бар адам,	Оқушылар өлең шумақтарын орнына қойып, шығады.	1 мин.	Оқушыларды формативті бағалап отырамын.	Қима қағаздар

		Сонын бірі Сайын ағам ардақты. Біз, шәкірті мықты адамнан тараған!				
Үй тапсырмасын сұрау кезеңі.	Оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер;	Адамның башысы - ақыл, жетекшісі - талап, шолушысы ой, сынаушысы халық, қорғаушысы сабыр, қорғанышы мінез, ең қымбаттысы - ар, таусылмайтын -арман, барлығынан ардақтысы - өмір, - дей келе өткен сабақ бойынша Сайын Мұратбековтың өмірі «Домино» ойыны арқылы сұрақтар беріледі. «Қылау» сөзі шығады, сөзді орысша, ағылшынша аудару керек. Қылау-ragathyrphoid-снежинка	Оқушылар домино құрастырып шығады. Сайын Мұратбековтің «Қылау» әңгімесінің тақырыбы шығады. I топ. 1. С.Мұратбеков қашан, қай жерде дүниеге келді? (1936 15 қазанда Алматы облысы, Қапал ауданы, Қоңыр ауылында дүниеге келген) 2. Жазушының сценарийі бойынша қандай көркем фильм жарық көрген? (Тел өскен ұл) 3. Қазақ әдебиеті газетінің бас редакторы қызметін қай жылдары атқарды? (1977-1980) II топ. 1. Жазушының қандай әңгімелері мен повестері бар? («Менің қарындасым», «Ауыл оты», «Көжорай», «Оттау үй», Қалың қар», «Жабайы алма», «Дос іздеп жүрмін».) 2. Сайын Мұратбеков 1998 жылы қандай атаққа ие болған? (ҚР еңбек сіңірген қайраткері) 3. Қаз жазушылар одағының М.Әуезов атындағы әдеби сыйлығын қай повесі үшін алған? (1990 Қалың қар) повестерін, Алекс Ла Гуманның «Тас ғалам» романын аударған. 2. 2003 жылы қай повесі үшін «Тәуелсіз Тарлан» сыйлығының лауреаты атанған? (Жабайы алма) 3. С.Мұратбековтің шығармалары қай халықтардың тілдерінде жеке кітап болып шыққан? (Украин, беларус, грузин, армиян, азербайжан, литва, араб)	3	3 Оқушыларды формативті бағалап отырамын	Қима қағаздар.

Оқушылар сабақтың мақсатын өздері айтады.						
Білу.	Сыни тұрғыдан ойлау.	Оқушыларға композициялық талдау жасауды тапсырамын. I топ әңгіменің басталуы мен байланысуы. II топ әңгіменің дамуы мен шиеленісуі. III топ әңгіменің шарықтау шегі мен аяқталуы.	Әр топ берілген тапсырманы сыни тұрғыдан ойлай отырып жұмыс жүргізеді. 1. Әңгіменің басталуы: Шырт ұйқы құшағында. 2. Әңгіменің байланысуы: Өке ақалы. 3. Әңгіменің дамуы: Қорқыныш 4. Әңгіменің шиеленісуі: Кездесу. 5. Әңгіменің шарықтау шегі: Сөзім. 6. Әңгіменің аяқталуы: Қуаныш.	3	Топтар бірін-бірі бағалайды. Де Боненің 6 қалпағы арқылы өз ойларын айтады.	Оқулық Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, қима қағаздар.
Түсіну.	Топтық жұмыс	Оқушыларға диалог, монолог айтуды тапсырамын.	I топ. Шырт ұйқыдағы Сатайдың монологы. II топ. Рабиға мен Сатайдың диалогы. III топ. Зират маңындағы монологы.	15	Формативті бағалап отырамын.	Қима қағаздар
Қолдану	«Миға шабуыл» «Үшқыр ойдан, ұтымды жауап»	Оқушыларға мәтін беремін, берілген мәтінді мақал - мәтелмен байланыстыру керек.	Топпен жұмыс жүргізеді, жылдамдыққа үйренеді. I топ. Өкеден безген ұл болмас Анадан безген қыз болмас. 2. Қорыққанға - қос көрінер. 3. Қыздың аңқауынан сақта, ұлдың жалқауынан сақта. 4. Жақсы қыз жағадағы құндыз, жақсы жігіт көктегі жұлдыз. 5. Өлімнен басқаның бәріне асық. 6. Айқайлай, айқайлай қасқырдан да ұят болды.	5	Формативті бағалау	Оқулық Кесіп қағаздар

Талдау	Талантты және дарынды балаларды оқыту; Жас ерекшеліктеріне қарай оқыту.	Семантикалық картамен жұмыс Тенеу, эпитет, ауыспалы мағыналы сөздер, қос сөздерді табу	Көркемдегіш сөздерді тауып, «+» белгісін қояды, дәлелдейді.	5		Кесіп қағаздар
Жинақтау	Сыни тұрғыдан ойлау; Талантты және дарынды балаларды оқыту;	Оқушылар «Авторға хат», «Сатайға хат» жазғызу. Топтастыру стратегиясы.	Оқушылар С.Мұратбековке немесе Сатайға хат жазып, оқып шығады. Еңбекқор болуға, адамгершілігі мол болуға	5		
Бағалау	Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау	Оқушыларға өзін - өзі бағалатып, жиынтық бағаларын қоямын	Оқушылар өздерінің бағалаған парақшаларымен салыстырып, өзін - өзі бағалау жүргізеді.	2	Өзін-өзі бағалау. Формативті бағалау, жиынтықты бағалау.	Бағалау парақшалары
Үйге тапсырма		194- беттегі «Қылау» әңгімесі бойынша I кестені толтыру, жазушының басқа да әңгімелерін оқып келу.				
Рефлексия	"Линейка" әдісі	«Линейка» оқушылар осы сабақ бойынша өздерінің деңгейлерінің қаншалықты екенін белгілейді.	Стикерлерге жазып, деңгейлеріне қарай іледі	3		стикерлер

Жақсы адамға бар жақсылық арналған,

Бұл өмірде адал, әділ бар адам.

Соның бірі Сайын ағам ардақты,

Біз, шәкірті мықты адамнан тараған!

Адамның басшысы-ақыл, жетекшісі-талап,
шолушысы-ой, сынаушысы-халық, қорғаушысы-
сабыр, қорғанышы-мінез, ең қымбаттысы-ар,
таусылмайтын-арман, барлығынан ардақтысы- өмір.

I топ.

1. С.Мұратбеков қашан, қай жерде дүниеге келді?
(1936 жылы 15 қазанда Алматы облысы, Қапал ауданы,
Қоңыр ауылында дүниеге келген)

2. Жазушының сценарийі бойынша қандай көркем
фильм жарық көрген? (Тел өскен ұл)

3. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы
қызметін қай жылдары атқарды? (1977-1980)

II топ.

1. Жазушының қандай әңгімелері мен повестері
бар? ("Менің қарындасым", "Ауыл оты", "Көкорай",
"Отау үй", Қалың қар", "Жабайы алма", "Дос іздеп
жүрмін".

2. Сайын Мұратбеков 1998 жылы қандай атаққа ие
болған? (ҚР еңбек сіңірген қайраткері)

3. Қазақстан Жазушылар одағының М.Өуезов
атындағы әдеби сыйлығын қай повесі үшін алған?
(1990ж. «Қалың қар»)

III топ.

1. Аударма саласындағы еңбектері? (Г.Толмачевтің
Д.Қонаев, Н.Назарбаев туралы деректі повестерін,
Алекс Ла Гуманың "Тас ғалам" романын аударған).

2. 2003 жылы қай повесі үшін "Тәуелсіз Тарлан"
сыйлығының лауреаты атанған? (Жабайы алма)

3. С.Мұратбековтің шығармалары қай халықтардың
тілдерінде жеке кітап болып шыққан? (Украин, беларус,
грузин, армян, азербайжан, литва, араб)

Қылау-қалың тұманды немесе қатты аязда
ауаның жер бетіне жақын қабатындағы су буы мұз
түйіршіктеріне айналуы.

Шық-бұл кезде әлі де жылы қалпын сақтаған ауа
жер бетіндегі салқындаған заттармен жанасқанда
бойындағы су тамшыларын бөліп шығаруы.

Қырау-күзде, қыста және көктемде осындай жолмен
пайда болады

1. Әкеден безген ұл болмас

Анадан безген қыз болмас.

2. Қорыққанға - қос көрінер.

3. Қыздың аңқауынан сақта, ұлдың жалқауынан
сақта.

4. Жақсы қыз-жағадағы құндыз, жақсы жігіт-көктегі
жұлдыз.

5. Өлімнен басқаның бәріне асық.

6. Айқайлай, айқайлай қасқырдан да ұят болды.

И.ЧЕКТЫБАЕВА,
Қызылағаш орта мектебі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы

СӘКЕНТАНУ

Мақсаты: Халқымыздың ардагер азаматы, аяулы ұлы С.Сейфуллиннің өмір жолы, қызмет еткен жері, шығармашылығы туралы мағлұмат алу. Сәкеннің өмірімен таныстыра отырып, шәкірт жүрегінде, ақынға деген сүйіспеншілік сезімін ояту, құрметтеуге тәрбиелеу. Алған білімін өз бетінше қолдануы, іздену, сөйлеу мәдениетін дамыту.

Оқыту формасы: Бірлескен ұжымдық іс-әрекет.

Оқыту әдістері: мәселелік баяндау, ізденушілік, зерттеушілік әрекет.

Қолданылатын көрнекіліктер: Сәкен Сейфуллиннің кітабы, газет материалдары. Тақтада Сәкен Сейфуллиннің, Елбасымыздың сөздері ілінеді:

«Қазақ алдындағы болашағын ойлау керек», «Оқу-өмірдің сәні, тіршіліктің шамы», «Қазаққа оқу бұрын бір мәрте керек болса, енді мың мәрте керек болды».

Сәкен Сейфуллин-халық жадында мәңгі сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы. Сәкен-біздің ұлттық мақтанышымыз, ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар күрескер. Егер ол тірі болса, бүгін сөз жоқ, өзіне тән өткірлікпен, от пен судан қорықпайтын батырлықпен тек халық мүддесі жағында тұрар еді. Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккен қазақ еліне Сәкеннің үздік үлгісі, өнерлі өнегесі өте керек...»

Сабақ барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Сынып екі топқа бөлініп жұмыс істейді.

Оқушыларды сабақтың мақсатымен таныстыру:
-Балалар, мен бүгінгі сабағымызды Сәкеннің «Өткен күндер» жинағына кірген «Түс» деген өлеңімен бастаймын. (жатқа оқу)

*«Көк шыбықтар көбейсе тал боп жетіп,
Көркейер сонда бақыт, қайғы кетіп.
«Я, Алла, жеткіз сорлы жастарды»-деп
Тіледім шыбықтардан үміт етіп».*

Сәкен армандаған, Сәкен үміт күткен тәуелсіз елдің білімді ұрпағы сендерсіңдер. Сөз өздерінде.

1-топтың жетекшісі: -Біз де бүгінгі сабақты ақынның «Асау тұлпар» жинағына енген «Қашқынның ауылы» өлеңімен ашамыз.

«Қашқынның ауылы» өлеңі 1919 жылы жазылған. 4 оқушы мәнерлеп жатқа оқиды.

2-топтың жетекшісі осы өлеңге түсінік береді.

-Бұл қаһарлы 1919 жыл. Ақмоладан Қызылжарға дейін қызыл шұнақ аязда 500 шақырым жаяу жалпы айдап, атақты Анненковтың азоп вагонында 18 күн бойы қарлы, мұзды аязды күндердің азабын тарту еді.

Дүйсенбі деген бүркенші атпен Омбы лагерінен қашып шығып, 844 шақырым жаяу, өз ауылы Баянауылға жеткенге шекті, өткір көзімен көріп, құлағымен естіп, не хикмет ауыр жағдайларды басынан кешіргендегі жазған толғауы еді.

Магнитофоннан «Тау ішінде» өлеңін тыңдау. Аймақтық компонент.

Өлеңді 1970 жылдары Михайловка совхозының мәдениет үйінде құрылған халық театрының белді мүшесі, еңбек ардагері, зейнеткер Қойшыбай Байғазы ұлы орындайды. Ән оқушыларды баурап алды. Ардагер ағамыз әнге түсінік береді.

-50-жылдары бұл әнді, Сәкеннің басқа да әндерін

әуелете шырқай алмайтынбыз. Өйткені Сәкенді «Халық жауы» деп қаралады ғой. Осындай әнді шығарған адам «халық жауы ма» нағыз халықтың адамы емес пе? Сәкен табиғи талантымен танылған композитор ғой.

Модель қорғау.

I топ	II топ
<p>Мәуелі ағаш</p> <p>Жемісі:</p> <p>1. Орысша өз бетімен хат тануы.</p> <p>2. Жиырма жасында жинағының басылып шығуы.</p> <p>3. Драмасы сахнада қойылды.</p> <p>4. Қиындыққа мойымай, түрмеден қашып шығып, жаяу еліне жетуі.</p> <p>5. Ұстаздық қызметі.</p> <p>6. Орталық атқару комитетінде жұмыс істеуі.</p> <p>7. Жазушылар одағындағы қызметі.</p> <p>Берік діні</p> <p>1. Сарқылмас ауыз әдебиеті</p> <p>Тамыры тұңғық тереңде.</p> <p>1. Домбырашы, сөзге шешен, саятшы, әкесі-Сейфолла.</p> <p>2. Ертегіші, жыршы анасы-Жамал.</p>	<p>Мәңгі сөнбейтін алау</p> <p>Әндері: «Қазақ марсельзасы», «Тау ішінде».</p> <p>Жинақтары: «Асау тұлпар», «Экспресс».</p> <p>Поэмалары: «Көкшетау», «Аққудың айырылуы», «Тұрмыс толқынында»</p> <p>Зерттеу еңбектері: «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары».</p> <p>«Қазақ әдебиеті»</p> <p>«Батырлар»</p> <p>Прозасы: «Айша», «Жер қазғандар», «Жемістер».</p> <p>Мемуарлық шығармасы: «Тар жол тайғақ кешу».</p>

1-топ: Өмірдерек.

2-топ: Құнды еңбектері.

Ескерту. Егер отырған оқушыларда ізденіс барысында тапқан құнды материалдары болса қосады.

1-топтың оқушыларының ізденісінен толықтыру:

1-оқушы: - С.Сейфуллин қазақтың тілі дегенге қатты қараған. Ол елдің Конституциясының бірінші пунктінде «Мемлекеттік тіліміз- қазақ тілі» деп жазу керек деген. Елдіктің негізгі белгісі-тілінде-деген. Осы мағынада көп

сөйлеп, көп жазған. Егер біздің шенеуніктеріміз Сәкен сияқты тіл қадірін сезінсе, онда қазақ тілі жетім бала» сияқты босағада жүрмес еді. (Т.Кәкішевтің «Ескірмейді естелік» кітабынан.)

2-оқушы: - Сәкен аға үкіметті басқарған жылдары қазақ тілі – мемлекеттік тіл болды, кеңсе қағаздары қазақ тілінде жүрді. Қазақтың «киргиз» емес, «қазақ» деген аты бар екенін айтып, төл атын қайтартқан, мемлекеттік шекаралардың бүгінгі аралықта жүруіне күш салған да Сәкен аға. Бұл нағыз елім деген азаматтың ісі ғой.

Салыстыру. Тірек-схемамен жұмыс. Тақтаны екіге бөлу бір жағында Мағжанның, екінші жағында Сәкеннің портреті.

А) Кімнің Көкшесі сұлу, әсем. Қай ақынның тілі көркем.

Мағжанның суреттеуі	Сәкеннің суреттеуі	Оқушының суреттеуі
Мең-зең Көкшетау.	Кербез, сұлу Көкшетау.	1-топ. Сәкен мен Мағжандар жырға қосқан, Табиғаттың сиқырлы жаны бар ма? Ауасымен тыныс алып, құлаш жайып, Көкшені көрсем мен де арман бар ма?
Бурабай көлі дөп-дөңгелек.	Сексен көл алтын кесе сияқты.	2-топ. Оқжетпес биігіндей жетістікке Егемен Қазақстан ұмтылуда Осындай ғажап елдің «сұлуына» Бар әлем көзін тігіп алаңдауда
Қалың ағаш арудың өрген тұлмындай	Көк желекті эппақ қайың	
Аңдары қойдай өрген	Жыл жібектей	
Жер еркесі	Найза шың, т.б. Елдің сүйікті әні «Көкшетау»	

Тірек схеманы толтыру шарты: Әр топтан бір-бір оқушы шығып кезектесіп айтып отырып толтырады, дәлелдейді. Оқушының ойы, суреттеуі басымырақ

болуы керек.

Б) Ақындар үндестігі.

Тақтада «Вен диаграммасын» толтыру.

Мағжанның «Батыр Баяны», Сәкеннің «Көкшетауы».

Мағжан	Сәкен	
Абылай ел қорғаны, данышпан, халық камқоры. Батыр Баян-қызғаныштың құлы.	Екі ақын да тарихи тақырыпқа жүгінген, қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік. Абылай бейнесі, тұтқын қалмақ қызы, оқиға сұлу Көкшенің бойында	Абылай(аса реалистікпен бейнеленген күрделі образ) қанышер, ел шапқыш. Адақ-жауына да жақсылық жасаған, кеңпейіл әділ батыр.

Осы диаграммаға орай ой туса, екі топ та өз ойларын ортаға салады, шағын пікірталас.

Мағжантанушылар: Баян-Алашын ардақтаған батыр, биік адамгершіліктің, ұлы рухтың адамы.

Сәкентанушылар: Абылай-аса реалистікпен бейнеленген күрделі образ.

Оқулыққа қосымша. Тілші сұхбаты:

Тілші: -Сәкеннің әдебиеттегі орнын анықтауға атсалысқан адамның кім екенін біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Соған тоқталсаңыз.

Сәкентанушы: -Рас айтасыз. Сәкен өмір сүрген дәуіріндегі құбылыстарды, олардың мән-жайын ұғындыратын ғалым-Тұрсынбек Кәкішұлы. Ғалым Сәкен туралы зерттеу еңбектерін 60-жылдардан бастап жарыққа шығарды. Тарихи-очеркі «Қызыл сұңқарлар», ғұмырнамалық хикаялары: «С.Сейфуллин», «Сәкен-Мағжан», «Сәкен-Гүлбаһрам», «Ескірмейді естелік». Ең қомақты шығармасы 1977 жылы жарық көрген «С.Сейфуллин» атты басылымы.

Ғалым Сәкен мұраларын зерттеуде, ең алдымен

ақынға қатысты мәліметтерді естісе, сол хабармен тікелей байланысқа түседі, ізденеді. Соңынан ізденіс, нәтижесін бергенде ғана ғалым істі жарыққа шығарады.

Т.Кәкішұлының Сәкентануға қосқан ғылыми еңбегі орасан зор.

Тілші: -Рахмет. Сәкенді Ыбырайтанушы жампоз дейді. Сіз не айтар едіңіз?

2-топтан. Сәкентанушы: -1934-1935 жылдар Сәкен үшін аса жемісті жылдар болды. Осы жылы Ы.Алтынсариннің, Ақимолла ақынның, Ақан серінің өлеңдерін және Шәкәрім аударуындағы «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын жеке жинақтар етіп, көпшілікке есімдерінің танымал болуына өз үлесін қосады: Ыбырайдың ұлы педагог болғандығын алғаш бағалағандардың бірі Сәкен еді. Сәкен «Ол қазақ әдебиетін Еуропа жолына, өнер жолына бұрып, бастаған ең тұңғыш жаңашыл, суретшіл ақын»- деп үлкен қорытынды жасауы-Ыбырай еңбегіне деген ыстық ықыласы мен зор сүйіспеншілігі еді.

Сәкен Ыбырайдың ақындығын жоғары бағалап, өлеңдерін жатқа айтып жүрсе керек. Ыбырайды көкке көтеріп, «Біз ақынбыз десек те, Алтынсариннің өресіне жеткен жоқпыз» деуі Сәкеннің қаншалықты қарапайым, адамгершілікті екенін көрсетеді. Ұлы адамдардың ұлылығы да осында болуы керек.

Тілші: -Ұлылардың ұрпақтары бар ма екен? Сұрапыл жылдары жылап жүріп ән салған ақын- жазушылардың ұрпақтарын «Өмір- өзені» қайда ағызды екен? «Халық жауының баласы» атанған ұрпақтарды тағдыр қандай тәлкектерге салды.

Сәкентанушы: -Тұрар Рысқұловтың жасы 16-дан жаңа асқан жалғыз ұлы Ескендір Рысқұлов

Мурманск лагеріне жөнелтіліп, сол жерде опат болған. С.Сейфуллиннің жалғыз ұлы Аян екі жасында, тұлпардың тұяғы поездағы ыстық-суыққа төзбей жолда үзіліп кеткен. Зобалаңға ұшырағандардың әйелдері «халық жауының әйелдері» деген жаламен ұсталып Ақмоладағы әйелдер лагеріне (Алжир) ұзақ мерзімге айдалғанда, балаларының көрген қасіреті жетерлік еді.

Сол бір жылы... Оқушылар шығармашылығы. Топтық жұмыс. Әр топтан бір оқушы оқиды.

I топ: *Халқының мұңын естіп,
«Тар жолда, тайғақ кешумен»
Сәкенім кетті атылып,
Халықтың жауы десіп.*

II топ: *Талай дарын атылды,
Кесепат- дауыл сапырды.
Тас түрмеге қамалып,
Арыстарым аһ ұрды.*

XII. Бәріміз де білейік.

Топ басшыларының ізденіс жұмысы. Аймақтық компонент.

Жерлесіміз қоғам қайраткері Рақымбай Тұңғатаров Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында.

1) Тұрлыхан Қасеновтың тұңғыш жинағына алғы сөзді С.Сейфуллин жазады.

Қорытындылау. Оқушылар осы ізденіс сабақ барысында туған толғаныс сұрақтарын қояды.

- Егер Сәкен сияқты алыптар тірі болса, біз қазір қандай мемлекет болар едік?

- Осы таңда Сәкен сияқты қоғам қайраткері бар ма?

Бағалау. Топ басшыларының көмегімен.

Үйге тапсырма: «Сәкен есімі-ұрпаққа өнеге» тақырыбына эссе жазу.

М.ДОРЖ,
№3 Ақкөл орта мектебі.
Ақмола облысы,
Ақкөл ауданы

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННИҢ «ТҮЙЕБАЙ» ӘНГІМЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Мақсаты: әңгіме мазмұны арқылы кейіпкерлер бейнесіне талдау жасау, оларға баға беру. Жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуына әсер ететін рухани адамгершілік қасиеттерін шындау. Өз ойларын қорғай білуге үйрету, сөйлеу мәдениетін, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже: әңгіменің мазмұнын, көркемдік ерекшелігін, тұрмыс-салт көріністері мен кейіпкерлердің адамгершілік қасиеттерінің мәнін аша алады.

Кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білу Қызығушылықтарын ояту	Өлең жолдарын тыңдай отырып, көкірегі ояу, орақ тілді жазушы туралы ойтолғау.	Жүректен-жүрекке жеткізе оқу.	Ақын өлеңдерінің шумақтарын оқи отырып, ойларын ортаға салады, пікірлеседі.
Түсіну	«Неге? Түсіндір. Ұсыныс жаса. Бөліс» 1. Неге Түйебай оқуды өзі қатарластарынан кеш бастады? 2. Түйебайдың досына «Сен бақыттысың ғой» деп қызыға қараған көзқарасын түсіндір.	«Әр сұрақтың сыры бар, Түсініп ал, біліп ал». Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқушылардың үй жұмыстары тексеріледі. Неге? Түсіндір Ұсыныс Ой бөліс жаса	Интербелсенді тактадағы ұяшықтардағы сұрақтарға ұтқыр сөзбен, ұтымды оймен жауап береді.

	3.Әңгіменің басты кейіпкері Түйебайдың орнында болсаңдар не істер едіңдер? 4.Қазіргі оқушылар мен бұрынғы білім алғысы келген балалардың оқуға деген құлшыныстары мен талпыныстары туралы не айтар едіңдер?		
Қолдану	Әр топ кейіпкерлер бейнесіне талдау жасайды. 1. Портреті. 2. Мінезі. 3. Іс-әрекеті. 4. Кейіпкерлердің мінезін ашатын жолдардан үзінді келтіру.	I топ. Молда. II топ. Түйебай. III топ. Әңгімеші бала. IV топ. ХХІ ғасырдың оқушысы Тірек сөздер үлестіріледі.	Сөздерді топта талқылап, постер бетіне түсіреді. Әр топтан екі адамнан шығып постерді қорғайды.
Талдау	«Таразы» қысқа метражды фильмі көрсетіледі. Көрсетілген бейнефильмдегі оқушы мен әңгімедегі басты кейіпкер Түйебайды салыстырындар.	Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының театр және кино факультетінің ұсынған «Таразы» қысқа метражды бейнефильмі көрсетіледі.	Оқушылар бейнефильмді көреді. Екі кезеңдегі білімге ұмтылған екі оқушыны, салыстырады. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айтады.
Жинақтау	«Тапқырлық таныт». I топ. «Оқиға желісі» II топ. «Ерте, ерте, ертеде...» III топ. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» Рөлдік ойын. IV топ «Ыстық микрофон». Тапсырмалардың мақсаттары түсіндіріліп, топтарға беріледі. Тапқырлық таныт I топ. Оқиға желісі. II топ. Ерте, ерте, ертеде... III топ. Рөлдік ойын. IV топ. Ыстық микрофон.	«Түйебай» әңгімесінің көркемдік ерекшелігін аша түсу үшін әр топқа әртүрлі тапсырмалар үлестіреді. Тапсырмаларға байланысты ресурстар беру, өз беттерінше дайындық жасату.	I топ Әңгімені оқиға желісімен жоспарлап жазып шығады. II топ «Ерте, ерте, ертеде...» деп бастап 5-10 сөйлемнен тұратын ертегі жазады. III топ «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» Рөлдік ойын

			Әртістік шеберліктерін көрсетеді. IV топ. «Ыстық микрофон» Сұрақ-жауап әдісі арқылы оқушылар бірі қойған сұраққа екіншісі жауап береді.
Бағалау	Тосын сый «Олжалы бесік» Өзін-өзі және сыныптасын бағалай білуге дағдыландыру.	Әрбір іс-әрекетке мұқият бақылау жүргізу.	Өзін өзгемен салыстыра отырып бағалайды. Білмегенін білгендерден үйренеді. <i>Тәуелсіз елдің ұлы-өжет, қызы-қайсар, халқы-қаһарман.</i>

АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

...сәнді сурет тек сүйсіне көрмекке жақсы, ал мәнді сурет белгілі бір мәнді, суретшінің сезімі мен іңкәрлігін, әрекеті мен мінезін, табиғи дарынын білдіреді.

Әл-Фараби.

Театр-сымбатты өнердің ішіндегі ең зор өнердің бірі.

Мұхтар Әуезов.

Жақсы пьеса - сапалы әдебиет белгісі.

Мұхтар Әуезов.

Зор талант - ерен еңбексүйгіштікті қажет етеді.

П.И.Чайковский.

А.УМАРОВА,
Жамбыл атындағы орта мектеп.
Атырау облысы,
Атырау қаласы,
Жаңаталап селосы

КӨП МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕРГЕ ЖАТТЫҒУ, ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Мақсаты: 1.Көп мағыналы сөздерді, олардың мағыналарын омонимдерден айырмашылығын түсіндіру.

2.Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту, пән бойынша алған білімдерін жүйелі түрде қолдана білуге дағдыландыру;

3.Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын ояту, әдеби тілде көркем сөйлеуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, сәйкестендіру, топтастыру.

Көрнекілігі: тірек-сызбалар, интерактивті тақта, парақшалар, қобдиша, алтын теңгелер (бағалау смайликтері).

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. 2 мин.

II. Үй тапсырмасын сұрау. 7 мин.

54-жаттығу.

Ережені пысықтау (Доп лақтыру арқылы ережелер сұралды.)

III. Жаттығу, талдау жұмыстары.

Қызығушылықты ояту. 1 мин.

Ер Төстік: - Балалар, бізге көмектесіп жіберіңдерші.

Тапқыр болсаң тауып көр. 3 мин.

Көп мағыналы сөздердің ішінен алғашқы мағынасын тап:

1. Көзім ауырып дәрігерге көрініп жүрмін. Иненің көзіне жіп өткізе алмадым.

2. Ол сөздің басын арыдан бастады. Адамның басы – Алланың добы.

3. Асанның көйлегінің жағасы үнемі тап-таза болып жүреді. Балалар көлдің жағасына қарай жүгіре жөнелді.

Кестені толтыр. 5 мин.

Жылы, кілт сөздерінің мағыналарын жазу.

Оқулықпен жұмыс. 5 мин.

54-жаттығу.

Мәтінді түсініп оқып, көп мағыналы сөздерді теріп жазыңдар.

Тапқыр болсаң тауып көр. 5 мин.

1. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, көп мағыналы сөздердің ішінен алғашқы мағынасын тап:

1. Жас ... , жас ... , жас ... , жас ... , жас ... ;

2. ...беті, ... беті, ... беті, ... беті;

3. ... тілі, ... тілі, ... тілі, ... тілі, ... тілі;

4. ... ауызы, ... ауызы , ... ауызы, ... ауызы;

5. Шолақ ... , шолақ ... , шолақ ... ;

6. ... қану, ... қану, ... қану, ...қану.

Кім жылдам? 5 мин.

Жаңылпаштарды оқы, қайтала, ішінен көп мағыналы сөздерді тап.

Атам томағаламаған бүркітті

Мен томағаламағанда кім томағалайды?

Қыста құлағым үсіп кетті

Үсін, ісін кетті.

Кім көп біледі? (Топтық жұмыстар) 7 мин

I топ: Берілген сөздерді мағынасымен сәйкестендір.

II топ: Берілген сөздің мағыналарын жазып, мысалдар келтір.

III топ: Құрамында көп мағыналы сөздері бар мақал-мәтелдерді жазу.

Жүйріктен жүйрік озар шабысқанда... 3 мин.

Жұмбақтарды шешіп, шешуіндегі сөздің көп мағыналы сөзге жататын, жатпайтынын анықта.

1. Көреді бәрін өзгенің,
Көре алмайды өздерін.
2. Бірі үй күзетіп қалса да,
Бірі жүрер қалтада.
3. Жаурағанды күлдіреді,
Аяғы жоқты жүргізеді.
Өз еркіне жіберсең,
Дүниені бүлдіреді.

Жүйрік ой. 1 мин.

1. ... жүзі, ...
2. ... аяғы, ...
3. Биік ... , ...

Үй тапсырмасы: 1 мин

1) Ережені оқу.

2) 59-жаттығу.

- Балалар, сендердің білімдеріңнің арқасында мақсатыма жеттім, сендерге көп рахмет. Ұзақ жолдан сендерге сыйлық ала келдім.

Кобдишаның ішінен сыйлық ретінде бағалар шығады. «4» және «5» бағаларын сыйлық ретінде оқушыларға таратамын. (3 мин.)

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ТУРАЛИЕВА,
Қарабау орта мектебі.
Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы
Қарабау селосы

ОЙКӨКПАР

Сілтеме	Оқу бағдарламасы, Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық. (коғ-қ - гум) Қазақ тілі. Сөз мәдениеті және шешендік өнер. Алматы «Мектеп» 2015. Әдістемелік нұсқаулық. МАН. III базалық деңгей.	
Мақсаты	Пікірталас туралы түсінік және оның түрі-ойкөкпар жөнінде мағлұмат беру, мақсаты, қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі, мәні, кезеңдері туралы білім алуға бағыттау, қосымша ақпарат көздерімен жұмыс істеу, әр түрлі тапсырмаларды орындау.	
Күтілетін нәтиже	Топпен жұмыс істеу дағдылары дамиды. Сөз мәдениеті мен шешендік өнер, пікірталас жайлы мағлұматпен қатар орта мәдениеті мен ұнамды сөйлеу дағдыларына машықтанады. Өз ойларын қысқаша ой-түйіндермен мысалдар келтіру арқылы тұжырымдайды. Сынни ойлай білуге, өз көзқарастарын ашық та жүйелі жеткізуге, өз пікірге қорғауға дағдыланады.	
Негізгі идеялар	Оқушылар топ болып жұмыс жасайды, тілдері дамиды, ойларын еркін жеткізуге үйренеді.	
Оқыту әдістері	Блум таксономиясы.	
Сабақтың түрі	Жаңа сабақ.	
Тапсырма	Блум таксономиясының деңгейлері бойынша	
Керекті жабдықтар	Оқулық, интерактивті тақта.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Ұйымдастыру 1 мин.	Психологиялық жағымды ахуал тудыру. «Жылы лебіз» тренингі.	Топ мүшелерінің шығармашылық белсенділігін арттырып, олардың қиялын дамытуға мүмкіндік береді, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.
Топқа бөлу 1 мин.	Жақтаушы, дағтаушы сөздері жазылған қағаз суыру арқылы 2 топқа бөлу. Бағалау парақшасын тарату.	

<p>Білу (қайталау, еске түсіру) 10 мин.</p>	<p>Диалогтік оқыту. «Ой қозғау» әдісі. (сұрақ-жауап) Біз «Сөз мәдениеті және шешендік» тарауы бойынша шешендік сөз және оның тарихына шолу жасадық.</p>	<p>Оқушылар 2 топқа бөлінеді.</p>
<p>Түсіну (жеткізу, тұжырымдау) 7 мин.</p>	<p>1. Көркем тілдің жүйесін, заңдылықтарын ақылы түрде үйрететіндер кімдер? (Софистер) 2. Қазақтың ұлттық шешендіктану ғылымының тамыры кімнің еңбегінен басталады? (Әбу Насыр әл-Фараби) (Риторика. Шешеннің сөйлеу шеберлігіне назар аударады.) 3. Шешендік сөздің тектерін ата.</p>	<p>Сұраққа жауап береді.</p>
<p>Қолдану (жасап көру, көрсетіп беру) 7 мин.</p>	<p>4. Жұрт алдында сөйлеуге дайындық қандай сатылардан тұрады? (психологиялық, нақты сөзге дайындық, күнделікті дайындық) 5. Көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлім, олардың орны тұрақты)</p>	<p>Инсерт әдісін қолданады. Жеке жұмыс</p>
<p>Талдау (бөліп шығару, талқылау, мәселені шешу) 8 мин.</p>	<p>6. Академиялық шешендік сөздің түрлеріне нелер жатады? (мектептегі, жоғары оқу орнындағы дәріс, ғылыми баяндама, ғылыми шолу, хабарлама) 7. Қадірлі жамағат! Құран кәрімнің елу тоғызыншы сүресінің сегізінші аятында: «Әй, мүминдер! Аллаһ тағаладан қорқындар» деген. Қай шешендік сөздің түріне жатады? (діни) «Ой шақыру» әдісі. Видео көрсету. Дебаттан көрініс.</p>	<p>Түсінгендерін келесі топқа айтады. Топтық талдау.</p>
<p>Жинақтау (күрестіру, шығармашылықпен орындау) 5 мин.</p>	<p>Инсерт әдісі «Мағынаны тану» стратегиясы 2-топқа паракша таратылады, пікірталас және ойкөкпар туралы түсінік қалыптастырады. «Жақтаушылар» тобы: Пікірталас деген не? «Даттаушылар» тобы: Пікірталастың түрлері. Ойкөкпар. «Ассоциация» әдісі.</p>	<p>Екі тақырыпты топтастырады.</p>
<p>Бағалау (ұсыныс жасау, таразылау) 3 мин.</p>	<p>І топ: Позиция. II топ: Термин. «Сөз таластыруға асықпау керек» идеясын ұсыну. Түйін: Дебат болу үшін позиция мықты болу керек және сөйлеу үшін терминді жақсы игеру керек.</p>	<p>Спикерлер өз пікірлерін, өз ұстанымдарын дәлелдеу үшін нақты айғақтармен сөйлейді.</p>
<p>Бағалау 1 мин.</p>	<p>243-тапсырма. Ойкөкпар ұйымдастыру. Оқушылардан өз пікірін ашық айтып, өз көзқарасын білім жағынан да, білік жағынан да дәлелдеп айтатын, тыңдаушысын нандыра алатын, ана тілінің асыл маржандарын сол жолда пайдалана алатын азамат дайындау.</p>	<p>1 оқушы ыстық орындыққа отырады, 5 минутта 15 сұраққа жауап береді.</p>

<p>Рефлексия. 1 мин.</p>	<p>Тақырыбы: Қазіргі таңдағы қазақ тілінің деңгейі қандай?</p>	<p>Сабақта алған білімдерін қорытындылайды.</p>																												
<p>Үй тапсырмасы. 1 мин.</p>	<p>Жақтаушылар тобы. Дәлелдеме. Халқымыз тілді қадірлейді.</p>	<p>Топ басшысы бағалау парағын толтырып, сонында Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазады.</p>																												
<p>Айғақ.</p>	<p>1. Қазақ тілінің деңгейі айтылады. 2. Тіл мәдениетінен хабар береді. Даттаушылар тобы. Дәлелдеме. Қазақ тілінің қолдану аясы төмен.</p>	<p>Топ басшысы бағалау парағын толтырып, сонында Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазады.</p>																												
<p>Айғақ.</p>	<p>1. Жастардың ана тілге деген құрметі нашар. 2. Тілді шұбарлау күшейіп барады. «Ыстық орындық» (515) әдісі.</p>	<p>Топ басшысы бағалау парағын толтырып, сонында Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазады.</p>																												
<p>Серік Негимов пен Бернард Шоудың пікірлерін тірек етіп ұстанып және жоғарыда айтылған өз ойларына сүйеніп, демократиялық қоғамдағы пікірталастың маңызы туралы сабақ қорытындысын тұжырымдап жазу.</p>	<p>1. Серік Негимов: «Шешендіктің анасы - демократия». 2. Бернард Шоу: «Бір-бір алма ұстап отырған екі адам алмаларын алмасса, екеуінде де бәрібір бір алмадан қалады, ал өзіндік ойы бар екі адам пікір алмасса, екеуінде де екі-екіден ой қалыптасады».</p>	<p>Топ басшысы бағалау парағын толтырып, сонында Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазады.</p>																												
<p>Бағалау парағы.</p>	<p>Бағалау парағы.</p>	<p>Бағалау парағы.</p>																												
<table border="1"> <thead> <tr> <th>Оқушының аты-жөні</th> <th>«Ой қозғау» (сұрақ-жауап)</th> <th>Мағынаны тану</th> <th>«Ассоциация» әдісі</th> <th>Ойкөкпар</th> <th>«Ыстық орындық» әдісі</th> <th>Ұпай саны</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1.</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3.</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Оқушының аты-жөні	«Ой қозғау» (сұрақ-жауап)	Мағынаны тану	«Ассоциация» әдісі	Ойкөкпар	«Ыстық орындық» әдісі	Ұпай саны	1.							2.							3.							<p>Бүгінгі сабақтан алған әсерлері. Мен нені түсіндім? Мен нені үйрендім? Мен нені білдім? Мен нені орындай алдым? Маған не қиыншылық тудырды? Мені не қызықтырды? Мен үшін не жаңа? 244-тапсырма.</p>	<p>Бағалау парағы.</p>
Оқушының аты-жөні	«Ой қозғау» (сұрақ-жауап)	Мағынаны тану	«Ассоциация» әдісі	Ойкөкпар	«Ыстық орындық» әдісі	Ұпай саны																								
1.																														
2.																														
3.																														

Д.БАУЖАНОВА,
Кеңес негізгі мектебі.
Павлодар облысы,
Павлодар ауданы

ЗАТ ЕСІМНІҢ КӨПТЕЛУІ

Сабақ негізделген оқу мақсаттары	Көптік жалғауын қабылдайтын және қабылдамайтын зат есімдер туралы түсінік алады. Айырмашылығын көрсете біледі.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: •Көптік жалғаудың түрлерін қолдана алады. Оқушылардың басым бөлігі: •Көптелмейтін зат есімдерге көптік жалғауын белгілі бір мақсатта қосылатындығын айқындайды. Кейбір оқушылар: •Көптік жалғау қосылмайтын зат есімдерді ажырата алады.
Тілдік мақсат	Оқушылар: •Жаңа тақырыпты өз сөздерімен түсіндіреді, дәлелдей алады. Негізгі сөздер мен тіркестер: Зат есім, түрлендіру, көптік жалғау. Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Талқылауға арналған тармақтар: Талқылауға арналған тармақтар: - Көптік жалғау не үшін қажет? - Ол сөзге қандай мағынаны үстейді? - Мысал келтір. - Нелектен кейбір зат есімдер көптік жалғауды қажет етпейді? - Мысал келтір, дәлелде. Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? Жазылым бойынша ұсыныстар: Мен ендібілемін. Мен екенін түсіндім. Мен үшін әлі түсініксіздеу. Ол үшін мен қадам жасаймын.

Алдыңғы оқу	Дара, күрделі зат есім. Зат есімнің түрленуі.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар ескертпелерді жазыңыз)	Ресурстар
Басталуы 3 мин. Диалогтік оқыту. ОЖТ	«Өрмекшінің өрмегі» әдісі бойынша үй жұмысын тексеру.	Жіп
Ортасы 5 мин. СТО, ОЖТ,	Білу: Мұғалімнің іс-әрекеті: Қима қағаздар арқылы оқушыларды топқа бөледі. Қима қағаздар ішіндегі сөздер: <i>балалар, терезелер.</i> Сөздердің жасалу ерекшеліктері қандай? Сөздердің ұқсастығы бар ма? Ол қандай? Оқушының іс-әрекеті: Қима қағаздар арқылы топқа бөлінеді. Тапсырманы орындайды. Сұрақтар арқылы тақырыпқа шығады. Түсіну: Мұғалімнің іс-әрекеті: 23-жаттығу. Мәтінді оқытады. Бір-біріне сұрақ қойғызады. Бағыттайды. - Көптік жалғау не үшін қажет? - Ол сөзге қандай мағынаны үстейді? - Мысал келтір. - Неліктен кейбір зат есімдер көптік жалғауды қажет етпейді? - Мысал келтір, дәлелде. Оқушының іс-әрекеті: Мәтінді оқиды. Топта талқылайды. Сұрақ құрастырады. Бір-біріне сұрақ қояды. Бағалау: Мадақтау. Қолдану: Мұғалімнің іс-әрекеті: «Боз інген» күйін тыңдату. 21-жаттығудағы көп нүктенің орнына қажетті жеріне көптік жалғауларын қойып жаз. Өлеңнен қандай әсер алдыңыз? Сурет салып немесе шығарма жазыңыз. Ол өлең қай кезеңде пайда болды деп ойлайсыңдар? Ойыңызды дәлелдеңіз. Оқушының іс-әрекеті: көптелетін сөздер мен көптік жалғауды қажет етпейтін сөздердің айырмашылығы мен ұқсастығын флипчартқа түсіреді. Бағалау: Постерді бағалау. Талдау: Мұғалімнің іс-әрекеті: «Топтастыру» әдісі бойынша интербелсенді тақтамен жұмыс. Суреттер: <i>балалар, тары, мұнай, мал, ноутбуктер, кесе, газ, мектептер, үйлер, шайларын.</i> Оқушының іс-әрекеті:	Қима қағаздар Оқулықпен жұмыс Музыка, оқулықпен жұмыс, флипчарт, түрлі маркер. Интер-белсенді тақта Ұялы телефон
2 мин	АКТ	

	<p>Берілген сөздерді бөледі. Зат есім</p> <p>Көптік жалғау бар сөздер Көптік жалғау қажет етпейтін сөздер қандай мағынада қолданылып тұр?</p> <p>Көптік жалғаусыз сөздер</p> <p>Сатылай фонетикалық талдау жасау. «Жұмыс алгоритмі» Сатылай фонетикалық талдау үлгісі бойынша талдау жүргізу. Бағалау: Дәптермен алмасу.</p> <p>Жинақтау: Мұғалімнің іс-әрекеті: «Сұхбат алу» жұптық жұмыс. Оқушының іс-әрекеті: Жұпта тапсырма орындайды. Бір оқушы сұхбат алушы, екінші сұхбат беруші. Сұрақ қою арқылы тақырыпты жинақтайды. Тапсырманы диктофонмен орындайды.</p>	
Аяқталуы	<p>Рефлексия: Мен ендібілемін. Мен екенін түсіндім. Мен үшін әлі түсініксіздеу. Ол үшін мен қадам жасаймын.</p> <p>Мұғалімнің іс-әрекеті: «Желкенді қайық» суреті бойынша кері байланыс жасау.</p>	Желкенді қайықтың суреттері
	<p>Оқушының іс-әрекеті: Желкенді бояйды. Қызыл түс-түсінген жоқпын. Сары түс-жартылай түсіндім. Жасыл түс-толық түсіндім. Үй жұмысы: Алған сөздерге талдау жасау.</p>	
Қосымша ақпарат		
<p>Саралау. - Қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? - Қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау. – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. АКТ-мен байланыс. Құндылық-тардағы байланыс.</p>

<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыс алгоритмі • Түрткі сұрақтар 	<ul style="list-style-type: none"> • «Желкенді қайық». Кері байланыс арқылы бағалау. Бағалау парағы. 	<ul style="list-style-type: none"> • Музыка • Тарих
<p>Рефлексия.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Оқу мақсаттары шынайы ма? - Бүгін оқушылар не білді? - Сыныптағы ахуал қандай болды? - Мен жоспарланған саралау шаралары тиімді болды ма? - Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? - Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неіктен? 	<p>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	<p>Психологиялық ахуал жақсы болды. Сабақ бірінші сабақтан гөрі тез өтіп, бүкіл тапсырмаларды оқушылар орындай алды. Сонда да уақыт біраз жетпей қалды.</p>
<p>Қорытынды бағамдау:</p> <p>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1.</p> <p>2.</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартуға алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1.</p> <p>1.</p> <p>2.</p>		

А.МАНКИШЕВА,
К.Мендалиев атындағы орта
жалпы білім беретін мектебі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Казталов ауданы,
 Жалпақтал ауылы

АНЫҚТАУЫШ (8-сынып)

Максаты	Сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі пысықтауыш және оның түрлері туралы оқушыларға мәлімет беру. Оқушылардың өзіндік ізденістерін, ойлау қабілетін жетілдіру.	
Күтілетін нәтиже	Пысықтауыш туралы толық мәлімет алады. Сыни тұрғыдан ойлай білуге үйренеді. Жұпта, топта пікірлесіп, ортақ шешімге келуге дағдыланады, өзін-өзі бағалай алады.	
Керекті жабдықтар	Оқулық, керекті сөздер жазылған плакат, сәйкестендіру тесті жазылған парақша.	
Мұғалім әрекеті	Тапсырма мазмұны	Оқушы әрекеті
Оқушылармен сәлемдесу. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру. Оқушыларға бағалау парақтарын таратамын.	Бағалау парақтарын ұсыну, жұмыс барысында толтырып отыру.	Бағалау өлшемдерімен танысады.
Үй тапсырмасын сұрау	50-жаттығу. «Адамның жақсы, жаман болмағы-өзінен» ойтолғау. Өткен тақырыптар бойынша сұрақтар.	Ойтолғауларын оқиды, өткен тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді.
«Төрт сөзді сөйлем» ойыны арқылы оқушыларды төрт топқа бөлу.	I топ: Досы көпті жау алмайды. II топ: Ақылы көпті дау алмайды. III топ: Ат жаманы жолда қалдырар. IV топ: Жолдас жаманы қолда қалдырар.	Оқушылар ортаға шығып, сөз жазылған парақшаларды суырып, «Сөздер» деген кезде араласып жүреді. «Сөйлем» деген кезде төртеуден бірігіп, сөйлем шығарады.

Дәптерлеріне жаңа тақырыпты жазу. Назарларын оқулыққа, тақырыпқа аудару. «Пысықтауыш» тақырыбы бойынша оқуға уақыт беру.	Пысықтауыш. Сұрақтары. Байланысу түрлері. Мағыналық түрлері.	Оқушылар алдымен жеке оқиды, көршісімен кеңеседі, содан соң топта талқылайды.												
Оқушыларға тапсырмалар беру. Оқулықпен жұмыс. Пысықтауыштарды қатыстырып мәтін құрау. Сәйкестендіру тесті	51-жаттығу (ауызша) Керекті сөздер: мектеп жанында, ұзақ, балаша, әдейі, емін-еркін. <table border="1"> <tr> <td>Жолаушылар кешке қарай аттанбақшы.</td> <td>Амал пысықтауыш</td> </tr> <tr> <td>Ата-анасы жайлауға көшкелі жатыр.</td> <td>Себеп пысықтауыш</td> </tr> <tr> <td>Айдос жорға билмегенсіп отырды.</td> <td>Мөлшер пысықтауыш</td> </tr> <tr> <td>Жас әнші бұлбұлша сайрады.</td> <td>Мезгіл пысықтауыш</td> </tr> <tr> <td>Жұмысты бітірмегендіктен уақытында тапсыра алмады.</td> <td>Мекен пысықтауыш</td> </tr> <tr> <td>Шешен ұзақ сөйледі.</td> <td>Мақсат пысықтауыш</td> </tr> </table>	Жолаушылар кешке қарай аттанбақшы.	Амал пысықтауыш	Ата-анасы жайлауға көшкелі жатыр.	Себеп пысықтауыш	Айдос жорға билмегенсіп отырды.	Мөлшер пысықтауыш	Жас әнші бұлбұлша сайрады.	Мезгіл пысықтауыш	Жұмысты бітірмегендіктен уақытында тапсыра алмады.	Мекен пысықтауыш	Шешен ұзақ сөйледі.	Мақсат пысықтауыш	Шарты бойынша орындайды. «Күз» тақырыбында керек сөздерді пайдаланып мәтін құрайды. Оқушылар берілген мысалдарды пысықтауыштық мағыналық түрлерімен сәйкестендіреді.
Жолаушылар кешке қарай аттанбақшы.	Амал пысықтауыш													
Ата-анасы жайлауға көшкелі жатыр.	Себеп пысықтауыш													
Айдос жорға билмегенсіп отырды.	Мөлшер пысықтауыш													
Жас әнші бұлбұлша сайрады.	Мезгіл пысықтауыш													
Жұмысты бітірмегендіктен уақытында тапсыра алмады.	Мекен пысықтауыш													
Шешен ұзақ сөйледі.	Мақсат пысықтауыш													
Бағалау. Үй тапсырмасын беру.	52-жаттығу.	Оқушылар күнделіктеріне жазып алады.												

Е.ЕРМАҒАНБЕТОВ,
Аңғар жалпы негізгі
білім беретін мектебі.
Қостанай облысы,
Арқалық қаласы

КӨСЕМШЕНІҢ ТҮРЛЕНУІ

(7-сынып)

Мақсаты: дамытушылық-көсемше де есімше сияқты екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте жұмсалатынын, жіктеліп немесе күрделі етістіктің негізгі сыңары болып, нақты қимылды білдіріп, етістік қызметінде қолданылса, енді бірде қимылдың амалын білдіріп, үстеу қызметінде қолдаынлатынын меңгерту; білімділік-оқушының өз ойын еркін жеткізу, әдеби тілде сөйлеу машығын дамыту. Айтылған пікірлерді орынды қорыту дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік-үлкенді сыйлау, құрмет көрсету, ананы ренжітпеу, адалдыққа тәрбиелеу.

Типі: жаңа білімді игеру.

Түрі: дәстүрлі.

Әдістері: талдау, ойтолғау.

Жұмыс формасы: топтық.

Көрнекіліктер: тапсырмалар кесте, үлестірме қағаздар. Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақ барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылардың назарын сабаққа аудару, түгендеу

2. Сабақтың мақсатын хабарлау

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Оқушылардың дәптерлерін топ басшылары тексеріп, бағалау парақшаларына бағаларын қояды және қателерін айтады.

III. Өткен сабақты пысықтау: (тест)

1. Есімшенің жұрнағын тап:

A) -а,-е,-и;

B) -ып, -іп, -п;

C) -мақ,-мек,-бақ,-бек, -пақ,-пек.

2. Рай категориялары нешеу?

A) 5;

B) 4;

C) 6.

3. Қалау райдың жұрнағын тап:

A) -са, -се;

B) -ның, -нің;

C) -ғы, гі, -қы, кі.

4. Шартты райдың ережесі:

A) Бір жаққа қаратылып қимылдың, іс-әрекеттің орындалуын талап ету.

B) Үш жақтың бірінде қолданылып, сөйлеушінің шындыққа қатысын баяндау.

C) Қимылдың, іс-әрекеттің болу-болмау мүмкіндігінің шартын білдіреді.

5. Септеліп тұрған есімше қай септікте тұр?

«Айтқаннан»

A) атау;

B) ілік;

C) шығыс.

6. «Туған үйдің түтіні жылы» сөйлемінде есімше қандай қызмет атқарып тұр?

A) анықтауыш;

B) бастауыш;

C) баяндауыш.

7. Жіктеліп тұрған есімшені тап:

A) айтқаным;

B) айтқанның;

С) көргенмін.

8. Етістік неше шаққа бөлінеді?

А) 2;

В) 5;

С) 3.

9. Етістік қандай сұраққа жауап береді?

А) қандай? қай?

В) кім? не?

С) не істеді? қайтті?

10. «Мен қалаға барып келдім» іс-әрекет қай шақта тұр?

А) келер шақ;

В) осы шақ;

С) өткен шақ.

IV. Жаңа сабақ:

Көсемше де есімше сияқты екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте жұмсалады. Көсемше бірде тікелей жіктеліп, немесе күрделі етістіктің негізгі етістік сыңары болып, нақты қимылды білдіріп, етістік қызметінде қолданылса, енді бір қимылдың амалын білдіріп, үстеу қызметінде қолданылады. Мысалы, қалаға барамын немесе оқып отыр дегенде көсемше қимылдың өзін білдіріп тұрса, дауыстап оқыды, үйге сөйлей кірді дегенде дауыстап, сөйлей тәрізді көсемшелер оқу және кіру қимылдарының амалын білдіріп тұр. Көсемше мына жұрнақтар арқылы жасалады:

1) -а, -е, й: айта, бере, ойлай;

2) -ып, іп-п: айтып, беріп, ойлап;

3) -ғалы,-гелі, -қалы,-келі: түрі жіктелмейді.

V. Жаңа тақырыпты меңгерту.

197-жаттығу.

VI. Жаңа тақырыпты пысықтау.

1. Әр топтың мүшелеріне жеке-жеке сөйлемдер

беріледі. Сөйлемдерден көсемшелердің қалай түрленіп тұрғанын табу.

Қара шапталары тарқатылып, жалаңаш көкірегін жабуға кеудесіне түскен, беті шойындай қап-қара. Бірақ жасымаған көзі от шашып, әмір етіп тұрғандай.

-Тыңда!-деді әйел. Сен не істесең де адам ғанасың. Ал енді мен-ана! Сен өлімге қызмет етесің, мен өмірге қызмет етемін. Сен өлім шашасың, мен өмір шашамын. Дүниеге адам әкелем, білдің бе? Сондықтан мен сені адамға санамаймын да.

- Мен ешкімнің қалай саналуымен есептесіп көрген де емеспін, есептесе алмаймын да! Жұмысыңды айт, әйел!-деді тәкаппар темір.

Темір патша да мұны ұғарлық данышпан еді. Шығыстың салқын данышпандығын алмады дейсің бе, әйелдің сөзіндегі батылдық пен күштілікті де сезіп.

Мақал-мәтелдер сайысы:

1. Балаңа байқап сөйлесең, ақылыңа көнер.

2. Біліп тұрсаң да сұрап ал.

3. Ойнап сөйлесеңде, ойлап сөйле.

4. Қарағайға қарап тал өсер,

Қатарына қарап бала өсер.

5. Отан үшін отқа түс күймейсің

Арың үшін алыссаң өлмейсің

6. Өнер-ағып жатқан бұлақ

Ілім-жанып тұрған шырақ.

Математикалық талдау. (көсемше)

VII. Сабақты қортындылау.

VIII. Білімдерін топ басшысының көмегімен бағалау

IX. Үйге тапсырма: «Ана-сарқылмайтын бұлақ» тақырыбында шағын ой толғау жазу. (көсемшені тауып, астын сызу)

Р.ӘЛІМ,
Дарынды балаларға
арналған қазақ-түрік
лицей-интернаты.
Қостанай қаласы

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: Құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар арқылы оқушылардың есте сақтауын, белсенділігін, дағдысын зерттеу, анықтау.

Міндеті:

- Оқушылардың құзыреттілігін дамытудың жолдарын қарастыру;

- Ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілікке бағытталған материалдарды жинақтау;

- Оқушылардың мүмкіндігіне сай тапсырмалар жүйелеу.

Күтілетін нәтиже: оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, дағдысын қамтамасыз етеді.

1. Білу. Мәтіннен салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, түріне ажыратыңыз.

Қорқыт ата – аты аңызға айналған адам.

Қорқыт ата – аты аңызға айналған ақын, жырау және сәуегей адам. Ол IX ғасырда Сыр өзенінің жанындағы Жент қаласында туған. Әкесі – оғыз тайпасының адамы, анасы – қыпшақ руының қызы. Қорқыт байтақ даланы көп аралады, көне түрік тілінде жыр жырлады. Көне түрік тайпалары Қорқытты «мәңгі ата» деп санады,

себебі Қорқыт әлемнің сұлулығын, қарапайымдылығын, адамзаттың махаббаты мен жылылығын жырлады. Ол 120 жылдан астам өмір сүрді. Оның жаңашылдығында шек жоқ. Бізге жеткен аңыздардан Қорқыттың жаңа аспап-қобыз жасап шығарғанын, осы аспапта күй шығарғанын білеміз. Қорқыттан қалған 12 күй қазақ күйінің классикалық мұрасына айналды. Сыр жағасындағы Қорқыт бейіті аруақты орын болып саналады. Адамдар Қорқыт туралы естелік ретінде тастан үлкен қобыз жасады да, оны төмпешіктің үстіне шығарып қойды.

Бағалау өлшемдері:

Салалас құрмалас – 1 ұпай.

Салалас құрмалас түрі – 1 ұпай.

Әр сөйлемге 2 ұпай, (мәтінде салалас құрмалас сөйлем – 5)

Бағалау:

10-8 –«5»

7-6 –«4»

5-4 –«3»

3-1 – «2»

2. Түсіну.

Интербелсенді тақтадан құрмалас сөйлем түрлеріне қатысты мысалдар ұсынамын.

Дұрыс талданған сөйлемнің алдына «Д», қате сөйлемнің алдына «Қ» әрібін жазыңыз.

(.....) 1. Ол өз қателігін көре тұра, кешірім сұрамады. (Себеп бағыныңқы)

(.....) 2. Ақыл дүкеннен сауда жасағанмен, қалған ақшасын алуды ұмытып кетті. (Қарсылықты бағыныңқы)

(.....) 3. Әкем үйге келгендіктен, бәрі тынышталып

қалды. (Мақсат бағыныңқы)

(.....) 4. Мұғалім сыныпқа кірген кезде, балалар тып-тыныш бола қалды. (Мезгіл бағыныңқы)

(.....) 5. Ол оқуға түспекші болып, қалаға келді. (Мақсат бағыныңқы)

(.....) 6. Баласы жақсы оқысын деп, әкесі көп кітап әкеліп берді. (Себеп бағыныңқы)

(.....) 7. Ақшам болмағандықтан, дүкенге барған жоқпын. (Шартты бағыныңқы)

(.....) 8. Ағасы әскерге кеткеннен бері, ол көңілсіз болып жүр. (Мезгіл бағыныңқы)

(.....) 9. Ол еңбекпен жұмыс істесе, көп ақша табады. (Қарсылықты бағыныңқы)

(.....) 10. Не ексең, соны орасың. (Шартты бағыныңқы)

Бағалау өлшемдері:

Әр дұрыс жауапқа 1 ұпайдан беріледі, барлығы 10 сұрақ.

Бағалау:

10-8—«5»

7-6—«4»

5-4 – «3»

3-1—«2»

3. Қолдану.

Суретпен жұмыс: ми, алтыбақан, сағат, кеме суреттеріне құрмалас сөйлемдерді қатыстырып, мәтін құрау.

Бағалау өлшемдері:

Суретті толық қамтуы, бір-бірімен байланысы – 2 ұпай.

Құрмалас сөйлемдердің болуы – 2 ұпай.

Суретті-бейнелі сөздерді қолдануы -2 ұпай.

Стилі -2 ұпай

Сауаттылығы, тыныс белгілерді дұрыс қоюы -2 ұпай.

Бағалау:

10-8 – «5»

7-6—«4»

5-4—«3»

3-1—«2»

4. Талдау.

Сандық диктант. 1. Берілген сөйлемдерді салаластың қай түрі екенін ажыратып, сандармен белгілеңіз.

2. Бірінші және соңғы сөйлемге синтаксистік талдау жасаңдар.

Оның бұл сөзді не үшін егіле айтқанын Тайман сезген жоқ, өйткені ол Сәуленің өзінің болашақ келіні екенін білмейтін-ді. (Ә.Әбішев) Нұрғали біресе Тәкеге қарап кіжінеді, біресе Аманға қарап мүләймсиді. (Ғ.Мұстафин) Құнанбай Ұлжанның қасына барды да, Мәкіш пен Абайдың жүзіне қарады. (М.Әуезов) Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар немесе құлағымен есіткен айтар. (Ә.Әбішев) Өмірдегі көп күннің бәрі бірдей жақсы емес: бір күн елеусіз өте шығады, кейбір күн өлгенше есіңде қалады. Алыстан әлдекімдердің күбірлеген дауысы естіледі, бірақ қай жақтан естілетінін шамалай алмаймын. (С.Мұқанов)

Бағалау өлшемдері: сөйлем түрін ажырату үшін әр дұрыс жауапқа 1 ұпай (барлығы 6 сөйлем)

Сөйлемді дұрыс талдаса, әрқайсысына 2 ұпай.

Барлығы-10 ұпай.

Бағалау:

10 -8 – «5»

7-6 – «4»

5-4 – «3»

3-1 – «2»

5. Жинақтау.

Салалас құрмалас сөйлем мен сабақтас құрмалас сөйлемнің ұқсастығы мен айырмашылығын венн диаграммасы арқылы салыстыру.

Бағалау өлшемдері:

Ұқсастық – 5-тен кем емес

Айырмашылық – 5-тен кем емес

Әрқайсысына (ұқсастық \ айырмашылыққа) 1 ұпай, барлығы – 10 ұпай

Бағалау:

10-8–«5»

7-6–«4»

5-4–«3»

3-1–«2»

6. Салыстырмалы бағалау.

Құрмалас сөйлемдердің маңызына қорытынды жасайды.

Бағалау өлшемдері:

Өз көзқарасы мен ойларын жеткізе білді– 2 ұпай.

Өз сөзін логикалық бірізділікпен құрай алады-2 ұпай.

Өмірмен байланыстыра білді - 2 ұпай.

Авторлық ой қорытуы анық және мазмұнының айқындығы-2 ұпай.

Тақырыптан ауытқымау - 2 ұпай.

Бағалау:

10 -8 – «5»

7-6 – «4»

5-4 – «3»

3-1 – «2»

К.ХАИРМҰХАМБЕТОВ,

Кузнецов негізгі мектебі.

Батыс Қазақстан облысы,

Орал қаласы,

Тасқала ауданы,

Бірлік ауылы

БҰЙРЫҚТЫ СӨЙЛЕМ

Мақсаты: білімділік-бұйрықты сөйлем туралы түсінік беру, олардың грамматикалық белгілерін меңгерту, меңгерілген теориялық материалдарды қайта жаңғырту; дамытушылық-тапсырма түрлері арқылы оқушылардың коммуникативті және ақпаратты құзыреттіліктерін дамыту. Өз бетінше ізденуге, ойлау қабілетін арттыруға ықпал ету, өз ойын еркін жеткізуге баулу, жылдам жауап беруге жаттықтыру; тәрбиелік-оқушылардың рухани байлығын қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу. Түрі: СТО технологиясы. Әдісі: ізденушілік, талдау, пікірлесу, зерделеу. Көрнекілік: тірек сызбалар. Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылардың назарын сабаққа аудару

2. Оқушыларды түгендеу, сынып тазалығын назарда ұстау.

II. Психологиялық дайындық: «Өрмекшінің торы» арқылы оқушылармен танысу.

III. Үй тапсырмасын сұрау:

Мақсаты: оқушылардың лепті, сұраулы, хабарлы сөйлем түрлері бойынша меңгерген білімдерін тест арқылы саралау.

Тест.

1. Сөйлемді анықтаңыз:
 - A) Тепсе темір үзетін. B) Ақ шағала. C) Қызыл күрең шай.
 - D) Суға жүзу жарысы. E) Біз жидек тердік..
2. Сұраулы сөйлемді көрсетіңіз.
 - A) Осының бәрі рас. B) Беу шіркін, таудың күйі, тастың күйі.
 - C) Адамнан мықты не бар екен. D) Бала қарсы айтуға сөз таба алмады.
 - E) Оралым менің, Оралым.
3. Айтылу түрлеріне қарай сөйлемдердің неше түрге бөлінетінін анықтаңыз.
 - A) 1. B) 2. C) 3. D) 4. E) 5.
4. Хабарлы сөйлемнің ерекшелігін белгілеңіз.
 - A) Ис-әрекеттің белгілі бір шақта жүзеге асатындығын білдіреді.
 - B) Жетек сұрақтар арқылы жасалған сөйлем.
 - C) Ерекше эмоциямен айтылатын сөйлем.
 - D) Көңіл-күйді білдіретін сөйлем.
 - E) Бұйрық не шартты райға -шы, -ші жұрнағының жалғануы арқылы жасалған сөйлем.
5. Хабарлы сөйлемді табыңыз.
 - A) Ал сосын. B) Ойсыздарға қосылма. C) Неге бұғасың. D) Қайдағы жау. E) Жел де жоқ.
6. Хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылған сөйлемді қандай сөйлем дейміз?
 - A) хабарлы сөйлем. B) сұраулы сөйлем. C) лепті сөйлем. D) бұйрықты сөйлем. E) тұрлаулы сөйлем.

IV. Жаңа сабақ.

Бұйрықты сөйлем-бұйыру немесе талап ету мақсатымен айтылған сөйлемдер. Бұйрықты сөйлемде дауыс ырғағы біркелкі бола бермейді: кейде хабарлы сөйлем ырғағымен айтылып, нүкте қойылса, бұйрық,

талап басым айтылғанда, леп белгісі қойылады. Бұйрықты сөйлем-біреуді іске қосу мақсатында талап қою, батыл кеңес беру, тілек, өтініш ету арқылы жасалады. Бұйрықты сөйлем баяндаушының жасалу жолы.

1. Етістіктің бұйрық райының II жақ және III жақ түрі: Үлкенге іні, кішіге аға бол!

2. Бұйрық не шартты райға -шы, -ші жұрнағы жалғану арқылы жасалады:

Осыны елге айтып қойшы.

Айтқан сөзінде тұрсаңшы!

Берілген сөйлемдердің мағыналарын ашу арқылы оқушылар бұйрықты сөйлемнің мәнін ашып айтады.

Тиімділігі:

- Оқушың коммуникативті күзиреттілігі дағдыланады.

- Өзін-өзі басқаруы артады.

1. Жүр, тез аяғыңды бас!

2. Бұны оған айтпа.

3. Тыныш отыр!

4. Бізбен бірге жүрсеңші.

5. Дұшпанға тастай қатты бол, досыңа балдай тәтті бол. (мақал)

V. Жаңа сабақты бекіту.

Мына суреттерге қараймыз. Бұл суреттерге қарап, қандай тыйым сөздер айтуға болады? (Оқушылар суреттерге байланысты тыйым сөздерді атайды, мағынасын түсіндіріп тұрамын) Тыйым сөздердің бұйрықты сөйлемдерге жататынын түсіндіру. Ауызша.

Есікті керме Сүтті төкпе Өтірік жылама

- Тыйым дегенді “мынау жаман”, “ескіліктің қалдығы” деп түсінбеген жөн. Біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы осы тыйым сөзбен балаларын тәрбиелеп отырған. Ол әшейін жай ғана “сөйтпе-бүйтпе” емес,

оның әрқайсысының астарлы мағынасы бар.

- Неге есікті керме дейді?

- Есікті керсе, үйден береке кетеді.(берекесі кету – ұрыс, жанжал)

- Неге сүтті төгуге болмайды?

- Сүт төксең, ырысың төгіледі. (ырысы төгілу - жоқшылық)

- Неге өтірік жылама дейді?

- Өтірік жыласа, жаман болады. (жаман болады - қайғы)

Ойланайық: ұрыс, жанжал, жоқшылық, қайғы.

- Бұның барлығы жақсылық па, жамандық па?

- Жамандық.

- Дұрыс. Сондықтан да оларды жасауға болмайтындықтан, бұл сөздер тыйым сөздер деп аталады.

VI. Оқулықпен жұмыс. 28-жаттығу.

1. Жырды мәнерлеп оқу. Көшіріп жазу.

2. Не істеуге бұйырып тұрғанын барыс септіктегі бірыңғай сөздермен жеткізу. Тыныс белгілерге назар аудару, қойылу себебін түсіндіру.

VII. Ситуациялық жағдай: «Тығырыққа тірелгенде». Жауап бұйрықты сөйлем арқылы берілу керек.

1. Сынып жетекшіңіз тез келсін деп шақырды. Жүгіріп келсеңіз ашуланып тұрған сынып жетекшіңіз сіз мүлде ұқпайтын бір оқиға туралы сізге ұрса жөнелді. Сіз не істейсіз?

2. Қоңыраудан соң сыныпқа кірсең сөмкеңдегі ұялы телефоның жоғалған. Өз сыныбыңыз 8-сынып. Қоңырауда тастап кеткен өзіңіз. Сіз сыныпқа кіргенде ешкім жоқ. Не істейсіз?

3. Сіз жайбарақат сабақ жазып отырсыз. Сабаққа сирек келетін оқушының бірі әй-шәй жоқ ентелеп келіп,

үшінші партада отырған сізге келіп жағаңыздан алып жанжалдаса бастады. Сіздің реакцияңыз.....

VIII. Семантикалық карта:

№	Мысалдар	Хабарлы	Сұраулы	Лепті	Бұйрықты
1.	Жиналыс басталды ма?		+		
2.	Аспан шайдай ашық	+			
3.	Бұл- Байжанның талай келген үйі				
4.	Сізде де арман бар ма екен				
5.	Қане, жігіттер аттарыңды қамдаңдар				
6.	Сонша малға жерді қайдан таппақсың?				
7.	Баяндамашыға сұрақ бар ма?				
8.	Түн жым-жырт	+			
9.	Ойбай-ау, кеше мен осылай деп пе едім?				
10.	Келші, қалқам, менің қасыма отыршы				
11.	Қандай тамаша көл				
12.	Балам, жөніңді айтшы				

IX. Оқушыларды ББҮ стратегиясы арқылы бағалау.

X. Үйге тапсырма беру.

ТӨЛ СӨЗ БЕН АВТОР СӨЗІ

(8-сынып)

Мақсаты: білімділік-төл сөз бен автор сөзі, төлеу сөз туралы білімдерін кеңейту, орын тәртібі мен тыныс белгілерін меңгерту, төл сөз бен автор сөзін ажырата білуге дағдыландыру; дамытушылығы- оқушылардың ойлау қабілетін, зейінін, пәнге деген қызығушылығын, сөйлем құрауын дамыту; тәрбиелік-отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, еңбекке, өз білімін бағалай білуге тәрбиелеу, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Түрі: жаңа тақырыпты бекіту. Әдісі: сұрақ -жауап, түсіндіру, талдау, ауызша және шығармашылық жұмыс түрлері. Көрнекілігі: тірек-сызба, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. (Оқушылардың сабаққа қатысын, әзірлігін тексеру.

Үй тапсырмасы:

1. Әдеби шығармадан немесе өз ойларынан бірнеше мысал келтіру.

«Сыр сандық».

- Төл сөз дегеніміз не?
- Төлеу сөз дегеніміз не?
- Автор сөзі дегеніміз не?
- Төл сөз бен автор сөзі қалай байланысады?

Оқулықпен жұмыс. 158-жаттығу.

Сыныппен жұмыс.

1. Грамматика асуы кезеңі.

1. Төл сөз бен автор сөзі арасындағы тыныс белгілерінің қойылуына тоқталу.

Атасы баласына:

-«Еңбекпенен ер көгерер, жаңбырменен жер көгерер», -деп ақыл айтты.

- Маған сұрақ қоямын деп отырған қандай адам?- деп Байдалы би жанындағылардан сұраған еді.

Тыңдап тұрған жұрт иықтарын көтере түсіп:

- Жәкен дұрыс айтады, бәріміздің де айтатынымыз осы!-депті.

- Ең қызығы, -дейді Қадыр,-тыңдағы көтеріліп жатқан жерлерге күндіз емес, түнде қарау.

2. Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібін сызба түрінде көрсетіңдер.

2.1. «Не болды сонша килігіп, баса-жанишып көргенсіздік танытқаны несі?»- деп ойлады Арман.

2.2. Әжем былай деді: «Шырағым, атаның баласы болу оңай ғой, адамның баласы болуды айтсаңшы, айтқан әр сөзің мен атқарған абыройлы ісіңнің бағасы дұрыс болсын!».

2.3. Ермек: «Мерекеңмен құттықтауға келіп, мерейім үстем болып, қуанышты хабар естідім», -деді көңілі тасып.

2.4. «Жиылып барып, ойымызды айттық,- деді Анар, -біздің сөзімізді салмақтап, өз қолдауын білдіргені қатты қуантты».

3. Сызба арқылы жұмыс. Сөйлем құрастыру.

Автор сөзі:

- 1.-Төл сөз. Төл сөз,-автор сөзі.
2. «Төл сөз!» -автор сөзі.
3. Төл сөз, -автор сөзі, -төл сөз (?!)

4. Кім тапқыр? Сөйлемдегі тыныс белгілерін

табу.

1. Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі -тіл деді Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

2. Әуелі оқып алайық деді Айбарша күні бұрын мазмұнын айтып қойса, қызығы болмайды.

3. Бір кезде ұйықтап отырған Бекен аға ояна келіп Әй, Төке, біз бұрылыстан өтіп кеттік, артқа бұрыл деді.

4. Кім тез оқи алады?

1. Айтыңдаршы қалдырған деуге өлмейтұғын бола артына ма сөз өлді.(Абай)

2. Қазақ гауһары ішіндегі тілінің түрік тілі Мәшһүр Жүсіп.

3. Тіл -тамыры ұлттың сүйенетін тәңірі сыйынатын. (Мақал-мәтел)

5. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру.

1. Балалар қуанып:

- Біз әлі де көп жаңалықтар табамыз,-деді.

2. Ол: «Ертең Амандық сабақтан қалмасын», -деп тапсырма берді.

3. Мен келдім,-дедім күндегі әдетіммен есікті ашып еркелей.

6. Білімді жан-жақты тексеру кезеңі.

- Біз бүгін сабақта төл сөз бен автор сөзі туралы сөйлестік (морфологиялық талдау).

Синтаксистік талдау.

Биыл жайлауда болдым және ауылдағы ағаларымның үйіне бардым.

Үй тапсырмасы:

«Күнделікті оқиғалар»тақырыбында төл сөз бен автор сөзіне мысал болатын шағын мәтін құрандар.

Бағалау.

С.АМИРХАНОВА,
Еңбекші орта мектебі,
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы

ОҚЫТУ МЕН ОҚУДАҒЫ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Жалпы мақсаты	Оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді сабақта қалай тимді қолдану керек екендігін жаңа әдістермен ұғындыру. 7 модульмен таныстырып ықпалдастыру.	
Оқу нәтижесі	Көшбасшы-мұғалім ұсынған зерттеулер мен инновациялардың негізінде мұғалімдердің тәжірибелері жетіледі.	
Іс-әрекет		Уақыт
Сергіту сәті	Бейне-ролик. «Сәтті күн»	3 мин.
Топқа бөлу	«Жалғасын тап». Коучинг жайлы түсіндірме сөздерді түрлі түсті бетшелерді таңдату арқылы бөлу. Термин сөздерден коучинг жайлы түсінік беру.	3 мин.
Кіріспе бөлімі	Миға шабуыл	2 мин.
	Қандай әдіс-тәсілдерді қолданып жүрсіздер? Сұраққа жауап алу.	
Жұмыс түрлері	Жұмыс түрлерін орындау жолдары.	уақыты

ТІЛ - ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

(8-сынып)

1-тапсырма	Әр топқа бөлек тапсырмалар беру. 4 топқа постер беру, осы стратегиялар жайлы не біледі? 1-топ. СТО әдістері. 2-топ. Сатылай кешенді талдау. 3-топ. Модульдік оқыту. 4-топ. Деңгейлеп оқыту.	8 мин.
2-тапсырма	Ойлан, Бірік, Бөліс. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдерді меңгертуде нені ұғынулары керек? 1. Мұғалімдерді қалай оқыту керек екендігін үйретеді. 2. Қалай оқу керектігін үйрету. 3. Сыныпта «оқытуды үйрететін» білім ортасын құру. 4. Балалардың қалай оқитынын назарда ұстау (МАН 1-3 деңгей).	
Қорытынды презентация	Слайд 7 модульді ықпалдастыру.	2 минут
Бағалау	Сыйлықпен бағалау. (Өте жақсы шебер қорғай білген, тың идея айтқан ұстаздарды ынталандыру.)	2 мин
Рефлексия	Стикерге коучинг жайлы оң және теріс пікірлерін жазып, тілек ағашына ілу.	2 минут
Ресурстар	Флипчарттар, маркерлер, стикерлер, интербелсенді тақта.	

Жалпы мақсат	1. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінен өткенді қайталайды. 2. Сөйлем талдап үйренеді. 3. Сөздік қорларын дамыту арқылы пәнге деген қызығушылықтары артады.	
Күтілетін нәтиже	1. Шығармашылық жұмыстар орындау арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениеті, сөз байлығы артады. 2. Сөйлемге толық талдау жасай алады. 3. Әдеби тіл нормасын сақтайды.	
7 модульдің қолданылуы	АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Сын тұрғысынан ойлау әдістері, Блум жүйесі	
Қолданылатын ресурстар	Флипчарт, маркерлер, интербелсенді тақта, стикерлер, ноутбук Еңбекші орта мектебі	
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушыларға кішкене жалауша таратып, жалауша арқылы 3 топқа бөлу	Оқушылар топқа бөлініп, өз топбасшыларын сайлайды. Топ ішінде тәртіп ережелері талданып,

		сол арқылы сыныптың топ ережесін құрады. Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады.
--	--	--

Тренинг	Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен, Бізге келсін қуаныш нұр іздеген. Шуақ толы жанымыз жүрегіміз, Үлгі алсын көрген жан мына бізден.	Бүгінгі сабаққа және бір-бірімізге тілейтініміз – Сәттілік!
---------	---	---

Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
-----------------	----------	-----------------------	------------------------

Білу Қызығушылықтарын ояту	«Ойлы сұрақ – ақылды жауап» әдісі арқылы өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұраққа жауап алынады. 1)Тіл туралы Заң қашан	Үйге берілген тапсырманы сұрақ-жауап арқылы әр топты диалогқа түсіру.	Мұғалімнің тапсырмасын орындайды. Топ мүшелері өз міндеттерін бөлісіп орындайды. Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Елбасының тіл туралы қанатты сөздерін оқып,
-------------------------------	---	---	--

	қабылданды? (1989жыл 22 қыркүйек). 2) Тіл туралы Заң неше баптан тұрады? 6 тарау, 27 бап). 3) Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады? (түркі тілдес).		тұрлаулы мүшелерін табу. 1. Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы. 2. Ана тілін қадірлеу - әр азаматтың перзенттік парызы. 3. Ұлттық тілмен ұлттық сана қалыптасады.
--	--	--	---

Түсіну	«Талда сосын жауап бер» Әдісінің тапсырмалары. 1-топ. Анасы қатты сағынып жүр. Білегі жуан бірді жығады, Білімі толық мыңды жығады.	Оқушыларға берілген сөйлемдерді талдатады, ереже сұрайды.	Оқушылар берілген сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдайды, ережелерін айтады. Әр топ өздеріне берілген тапсырмаларды орындайды.
--------	---	---	--

	<p>2-топ. Ұлан байтақ жерің бар.</p> <p>Білген-тауып айтады, Білмеген-қауып айтады.</p> <p>3-топ. Ақыл тозбайтын тон, Білім таусылмайтын кен.</p> <p>Көрмес түйені де көрмес.</p>		
Қолдану	<p>A-3 форматындағы парағы таратылады. Постер жазып қорғайды.</p>	<p>Постер жазып, қорғау тапсырылады</p>	<p>Оқушылар постер қорғайды. I топ. Бастауыш. II топ. Баяндауыш. III топ. Бастауышпен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша.</p>

Сергіту сәті	Психологиялық тест		Оқушылар сергіту сәтін жасайды.
Талдау	«Кедергіден өту» әдісі Жай сөйлемдер жазып талдайды.	«Кедергіден өту» әдісі арқылы жұптық жұмыс	Оқушылар жұптық тапсырмалар орындайды.
Жинақтау	«Сұрақтар шеңбері» әдісі	Жеке жұмыс тапсырмалары беріледі.	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, жеке жұмыс жасайды.
Бағалау	Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойынын стикерге жазып, тақтаға іледі (2 мин)	Мұғалім әр топқа бағалау өлшемдерін таратады, бағалау парақшаларын береді.	Топ басшылары бағалау өлшемдерін пайдаланып, бағалайды. Оқушылар бір-бірін смайликтер арқылы бағалайды.

Реф-лексия	Стикерлерді толтыру	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерді толтырып, «Даналық ағашына» іледі.
Үйге тапсырма	«Менің тілімнің ертеңі» ой толғау жазу. «Тіл тазалығы қандай деңгейде?» диалог алаңы	Үйге ой толғау жазуды тапсырады. Дебатқа дайындық түсіндіріледі.	

АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

...ана тілі...жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп сақтап отыратын қазына.

Жүсіпбек Аймауытов.

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Ғабит Мүсірепов.

Уа, туған тіл... ата-анамның тілі.

Ең әуелі осы тілмен шешем бесікті тербеген,

Ұзақ түнге әжем менің, хикаялар сөйлеген,

Уа, туған тіл. Әр уақытта, көмегіңмен бір сенің,

Сәби күннен сезілетін, шаттығым, қайғым менің.

Ғабдолла Тоқай.

А.ВАЛИЕВА,
№3 Ақкөл орта мектебі.
Ақмола облысы,
Ақкөл ауданы

ҚЫСТЫРМА СӨЗДЕР

Мақсаты: білімділік-сөйлем мүшелерінен, айқындауыш, бірыңғай мүшелерден, оқшау сөздерден өткенді еске түсіре отырып, жаңа сабақпен байланыстырып, дұрыс талдау жасата білуге үйрету; қыстырма сөздер туралы білім деңгейін көтеру, тереңдету; дамытушылық-түрлі әдістер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, сөйлеу мәнерін, ой құру, пікір білдіре алу дағдысын қалыптастыру; тәрбиелік-ұжымшылдыққа, сауаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Түрі: жаңа сабақ. Әдісі: топпен жұмыс, сұрақ-жауап, мағынаны тану, «Дербес пікір» әдісі, «Блиц-турнир», талдау, сергіту сәті. Көрнекілігі: интерактивті тақта, кеспе қағаздар, қосымша материалдар. Пәнаралық байланыс: әдебиет, өзін-өзі тану.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылардың зейінін сабаққа аудару. Оқушыларды төрт топқа бөліп отырғызу. I топ. II топ. III топ. IV топ.

Ой қозғау:

1-слайд.

1. Оқшау сөздерден өткенді еске түсіру үшін сұрақтар:

Оқшау сөздер дегеніміз не? Оның түрлерін ата.

Қаратпа сөз деп нені айтамыз? Мысал келтір.

Одағай сөз деп нені айтамыз? Мысалмен дәлелде.

Оқшау сөздердің қандай ерекшеліктері бар?

2-слайд. «Мағынаны таны». Интерактивті тақтадан Астананың, гүлдердің, батырдың, күрес балуандарының, жұмыс үстіндегі қызметкерлердің және Абайдың суретін шығарып, келесі тапсырмалар беріледі. Көп нүктенің орнына тиісті қыстырма сөздердің бірін қойып айту. Мысалы:

..., Астанамыз гүлдей жайнап келеді.

Мына гүлдер, ..., суарып отырсаң өседі.

..., қайсарлық - адам баласына керек қасиет.

Осал емессің,...

..., сөзді қойып, іске кірісейік.

..., көкірегі байлаулы берік болмақ керек, ..., ынтамен ұғыну керек, ..., көңілге бекіту керек, ..., ой кеселі нәрселерден қашық болу керек.

3-слайд.

Мағынасына қарай:

қуанышты, ренішті білдіреді.	сенуді, мақұлдауды, мойындауды білдіреді.	ойдың кімнен, қайдан екенін көрсетеді.
Шамамен не сенер- сенбестікпен айтылғанын білдіреді.	Ой тәртібін білдіреді.	Алдыңғы оймен байланысты қорыту ретінде айтылады.

4-слайд.

Ой шақыру

-сөйлемдегі ойға, айтылу тәсіліне айтушының қалай қарайтынын білдіретін оқшау сөздің түрі;
-басқа сөздермен байланыспайды;
-белгілі сөйлем мүшесі болмайды;
-қыстырма сөздер түрленбейді;
-сөйлем ішінде үтірмен ажыратылады.

Жаттығу жұмысы:

5-слайд.

1. 150-жаттығу. Қыстырма сөздерді мағыналық түрлеріне қарай бөліп жазыңдар. Берілген барлық сөздерді жазамыз. Топпен бөліп жауап береміз.

1, 2, 3 – I топ. 4, 5, 6 – II топ. 7, 8, 9 – III топ.

10, 11, 12 – IV топ.

6-слайд.

2. 151-жаттығу. Топпен орындау. Қосымша бейнежазба ұсынылады. Жаттығуда берілген сөздерді қолдана отырып, сөйлемдер құрастыру.

7-слайд.

Ойды аяқтау

-Соңғы кезде сендердің көңілсіз жүргендеріңді аңдап жүрмін. Байқауымша, өзіндік себептері бар, алайда оны жария еткілерің келмейді. Олай болса, мұның себептерін анықтасақ қайтеді?-деді ұстаз...

8-слайд.

«Дербес пікір» әдісі

Мен автормын...

«Менің кітабым»

«Мен түсірген фильмдер»

«Менің жетістіктерім»

«Менің әндерім»

152-жаттығу. Қыстырма сөздерді қатыстырып,

«Дербес пікір» әдісі. Әңгімені өздерің аяқтаңдар.

Мен автормын... Бейнелерге қарап қандай мамандық екенін айту. Әр топта отырған оқушыларға мамандық иесі бейнеленген парақ таратылады. Оқушылар ойланып бір спикер таңдайды да, оны ортаға шығарады. Ол өз сөзіне мұғалім ұсынған сөздерді кірістіре отырып ойын жеткізіп жалғастыруы керек.

Пайдаланатын сөздер: *әрине, дұрысында, біріншіден, екіншіден, олай болса, амал қанша, меніңше, мүмкін, сірә, кім біледі, тегі, байқаймын, сөз жоқ, демек, әуелі, қорытындылай келе, жалпы алғанда, айтпақшы, ақырында, сонымен, бағымызға қарай, абырой болғанда, шынында, тегі, оның ойынша, айтпақшы.*

9-слайд. «Блиц-турнир». Бір минутта неше сұраққа жауап бере алатынын байқау. Өтілген тақырыптарға байланысты әр топқа 15 сұрақтан үлестіріледі.

Тақтамен жұмыс: Тақтаға бірнеше сөйлемдерге синтаксистік, морфологиялық талдау жүргізеді. Әр топтан бір оқушыдан шығып тақтада жазылған сөйлемдерге талдау жасайды.

1. Сол арада, шынын айту керек, аздап қуанып та қалдым.

2. Жасыратыны не, мен жоғары сынып оқушыларынан – Қабділерден – көмек сұрауды ойладым.

3. Менің ойымша, Шеген хатты сирек жазады.

4. Мәкіш Абайға кінәлай да, сынай да қарады.

Білімді бекіту: Жалпы оқшау сөздерден өткенді еске алып, өзара сұхбат ұйымдастыру.

Бағалау. Рефлексия. «Бір тамшы ой».

Үйге тапсырма: «Тәуелсіздігім-тірегім» тақырыбына қыстырма сөздерді қатыстырып эссе жазу.

Эссе

Ж.ӨТЕШҚАЛИЕВА,
Жаңабұлақ орта жалпы
білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Жаңабұлақ ауылы

МӘҢГІЛІК ЕЛІМНІҢ МӘҢГІЛІК ТІЛІ

Анамның ақ сүтімен бойыма дарыған ана тілім, туған тілім, қазақ тілім. Тілімнің мәртебесін биік те заңғар шыңға көтеру мақсатында арманыма қанат бітіртіп-тіл маманы болдым. Мамандығым-мақтанышым. Әр шәкірт жүрегіне, рухани жан дүниесіне-қазақ тілімнің тереңдігін, байлығын ұғындыру тікелей міндетім. Әр халықтың мәңгі жасауы-оның тілінде. Тіл-әр халықтың өмірі, тарихы, болашағы.

Қазақ тілім-терең дем алар тынысым,

Қазақ тілім-еркіндігім, теңдігім.

Қазақ тілім-кәусәр, мөлдір бұлағым,

Қазақ тілім-мәңгі жасар байлығым,- деп жүрегім алып ұшады. Әрбір тіл маманы-ұлтымыздың ертеңі үшін шыр-пыр болып жүрген, қазақ тілін қайткенде бар қазақтың санасына егемін деп түн ұйқысын төрт бөліп жүрген ізгі жандар. Кешегі өткен ұлы даналарымыз Абай, Ахмет, Мұхтар заманында тіл үшін күрес еліміздің тәуелсіздігі үшін күреспен тең болған. Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар. Әлемде егемен Қазақстан бар. Оның көп ұлтты, тату, ынтымағы жарасқан халқы бар. Әр халықтың өз ана тілі бар. Әр ұлт өкілі мемлекеттік тіл

қазақ тілін құрметтеп, қазақша сөйлесіп дидарласады. Қазақша айтысып, тіл қаймағын бұзбаған айтыскер анамыз-Надежда Лушникова есімі, қазақша әндерді керемет шырқайтын–Татьяналар, қазақ тілінің тағдырына көп қазаққа қарағанда шын жаны ауыратын-Асылы Османова есімдерін ерекше құрметпен айтуға болады.

Туған тілімнің әр сөзінің терең мағынада болуы, тілімнің құдіреттілігі.

Күнделікті өмірде әр адамның сөйлеген сөзіне мән берсем, кей адамдар жаныңды ауыртып, жүрегіңе қаяу түсіреді, кей жандардың шын көңілімен айтқан бірауыз сөзіне мәз болып, марқайып қаласың. Әр адамның сөйлеген сөзінде оның жан дүниесі, ішкі әлемі анық көрінеді. Сондықтан да әр сөзімізге абай болғанымыз жөн. Сені биікке шығаратын да, тірідей орға жығатын да-тіл. Тіліміздің қолдану аясын кеңейту-әр перзент борышы.

Қазақ халқының қызы болып дүниеге келгеніме мақтанамын. Мен өз халқымның қаны мен жанынан жаралған тұлғамын. Борышым –қазақ тілінің тағдыры, бүгіні мен болашағы.

Танытқан қазағымның қазақтығын,

Танытқан қазағымның азаттығын.

Танытқан қазағымның қайсарлығын,

Айналдым құдіретіңнен, Қазақ тілім.

Адал, мейірбан, ақ көңіл, жайдарлы мінезім бар, арым-намысым, күш-жігерім –тілім бар. Мемлекеттік тіл-мемлекеттің мәртебесі.

Қазақ тілінің Отаны-Қазақстан. Тәуелсіз Қазақстан. Тәуелсіздік-тарихтың мәңгі болып өмір сүруіне бөлінген еркіндігі, тынысы. Еліміздің тыныштығы, қоғамның тұрақтылығы, тұрмысы оның әр мүшесінің

парасатты пайымы, санасы. Қазақстанның қазақша өркендейтініне сенгім келеді. Жастарымызды, өскелең кейінгі ұрпақты тіл мәдениетіне, көркемдігіне тәрбиелеу, олардың бойына тілге деген шынайы сезімді ояту-орындарлар арманым.

Сеніммен мейірімді анамды ұқтым,

Сеніммен мейірімді даламды ұқтым,

Сеніммен жолын кесіп арамдықтың,

Шыңына көтерілдім адамдықтың.

Елімнің тәуелсіздік алғанына 25 жыл толғалы отыр. Қазақстан көз алдымызда жаңа бағытпен, жаңа жолмен өсіп, дамып келеді. Тәуелсіздік халқымыз үшін оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздік- тәтті ұғым, қастерлі сөз. Талай тар жол, тайғақ кешулерден өттік. Мың өліп, мың тірілдік. Ата-бабаларымыздың талай ғасыр аңсап өткен арманына кейінгі ұрпағы, біз жеттік.

Ел болдық, ерік алдық Астаналы,

Енді кімнен қазағым жасқанады.

Тәуелсіздік атауы, ең алдымен

Нұрсұлтан есімімен аталады-

дегендей, Еліміздің тәуелсіздігі мәңгі болып, мәңгілік тіліміз өркендеп, қанатын кеңге жайған мемлекет болып, ашық аспан аясында, бір шаңырақ астында ұрпағының ынтымағы жарасқан ел болып бақытты ғұмыр кешкенге не жетсін?!

Аспанымыз ашық болып,

Ақ көгершін самғасын.

Барша халық тілейтіні

Бейбіт күні сақталсын.

Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, Ол-Тәуелсіз Қазақстан. Мәңгілік елетуді мұрат қылдық, -деп елбасымыз өз халқына сенім артып отыр. Бейбітшілік пен тұрақтылықта мәңгілік ел болайық, ағайын!!!

Ү.КӘРІБАЕВА,
Талдыбұлақ жалпы орта
білім беретін мектебі.
Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы,
Ескене ауылы

АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА ҚАЗАҚТА

Мақсаты: оқушыларды ұлы ақын–А. Құнанбайұлының балалық және жастық шағы, өскен ортасымен таныстыру. Ақындығы мен композиторлығын таныту. Жас ұрпақты Абай шығармашылығын танып, өсуге тәрбиелеу. Абай шығармашылығын сүйіп оқуға, қадірлеуге, асыл мұрасындай есте сақтауға баулу.

Көрнекіліктер: электронды оқулықтар, интербелсенді тақта, проектор, бүктемелер, кітап көрмесі

Эпиграф:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол.
Адам болам десеңіз.
Сабақтың барысы:

Мұғалім сөзі: -Құрметті қонақтар, оқушылар! Абай атамыздың 170 жылдық мерейтойына орай «Абай – дана, Абай – дара қазақта» тақырыбында 10 сынып оқушыларының ашық тәрбие сағатына қош келдіңіздер.

Абайдың шын аты Ибраһим болған. Абай деп әжесі Зере еркелетіп қойған. Бала кезінде екі ананың

арасында тел өскен Абайды жеңгелері Телғара деп еркелетіпті. Тіпті М.Әуезовтің өзі Абай туралы жазбақ болған романын ең алғаш “Телғара” деп атаған екен. Сол Телғараның дана Абайға айналып, ұлы ақын болу жолына көз салып көрелік.

1-оқушы: - Абайдың бар өмірі өзі туып өскен Шыңғыс болысы, қазіргі Абай ауданы, бұрынғы Семей облысында өтті. Ұлы ақын 1845 жылы әйгілі Қасқабұлақ басында, киіз үйде дүниеге келді. Әкесі Құнанбай бүкіл Тобықты елінің қаһарлы әміршісі, қатыгез, ал шешесі Ұлжан керісінше ағайын-туысқа қайырымды, мінезі жұмсақ, тілге бай адам болған. Міне, сәби шағынан-ақ Абай от пен судай екі ұдай, кереғар мінезді адамдар ортасында өмір кешті. Аяулы әжесі Зере мен анасы Ұлжанның жас бала қиялы мен санасының, мінез-құлқының қалыптасуына әсері мол болды. Ол екеуі айтқан ертегі, аңыз-әңгіме, күлдіргі, мысқыл, ел басынан өткен тарихи оқиғалар зерделі бала - Абайдың санасына біртіндеп сіңе берді. Осылайша, бала Абай өз халқының рухани ой қазынасына қанығып өсті.

Абай ауылда ескіше сауат ашып, Семейдегі Ахмет Ризаның медресесіне оқуға түседі. Алайда, әкесі Абайды билік ісіне араластырып, баулу үшін оқуын аяқтатпай, 14 жасында қайтарып алады. Абайдың медреседегі оқуы осымен аяқталады.

Абай Шығыстың классик ақындары Фирдоуси, Низами, Науаи, Әл-Фараби және т.б. Шығармаларын қызыға оқыды. Оның шығыс классиктеріне деген ынтасының зор болғаны сонша, өлең жазуға деген алғашқы талпынысы соларға сиынудан басталды.

Туған елінің, Шығыс пен Батыстың рухани ой қазыналарынан нәр алып, өз халқын ғылым мен өнерге жетелеуді армандаған Абай Құнанбаев: “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” деген өлең жазған.

Оқушы «Ізденіс жолында» өлеңін жатқа оқиды.

Абай медреседе 4 жыл оқыған кезінде араб, иран және Орта Азия әдебиеті классиктерінің шығармаларымен жақсы танысады. Өзі үлгілерінен үйренген. Абайдың жазу жұмысында үлгі еткені 19- ғасырдағы орыс әдебиеті болған. Абай Семейдегі медреседен кетер алдында үш айдай орысша оқыған, осы тілде аздап жаза және сөйлей білген. Еліне қайтқаннан кейін де Семеймен қатынасын үзбеген. Семейге саяси көзқарастары үшін жер аударылған, орыс оқымыстылары Н.И.Долгополов және Е.П.Михаэлиспен танысып, орысша білімін тереңдете түсуге жәрдем алған. Абай Семейге келіп, айлап жатып Гоголь атындағы кітапханадан көп кітаптар оқыған және ауылына да алып кетіп оқитын болған.

Абай дүние жүзінің басқа да ғалымдары мен жазушыларының еңбектерін оқиды. Мысалы, Ежелгі Грецияның атақты ғалымы Аристотельдің философиялық және әдеби шығармаларымен толық танысқан. Атақты данышпан Сократтың да шығармасын білген.

Абай В.Г.Белинскийдің еңбектерін ұнатып оқыған. А.С.Пушкин шығармаларын оқып, үлгіге тартқан. «Евгений Онегин» романынан үзінділер аударды «Амал жоқ, қайттым білдірмей» /«Татьяна хатына»/ әнін шығарды. Сондай-ақ И.А.Крылов, М.Ю.Лермонтов, И.Гете шығармаларынан да аударды.

Оқушылар «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

Мұғалім сөзі: Абай табиғат лирикасына көп көңіл бөлген. Сондай өлеңдерінің бірі – «Қыс» өлеңінде қысты адам бейнесінде кейіптейді. Сол туралы электронды оқулықтан тыңдап көрелік.

Оқушылар «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Көңіл құсы құйқылжыр

шартарапқа» өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

Оқушы: - Абай-«Ескендір», «Масғұд», «Өзім әңгімесі» поэмаларын жазды. (*«Ескендір» поэмасынан үзінді оқиды.*)

Мұғалім сөзі: - Абай әндері: Ұлы ақын, ағартушы Абай музыка саласында да айтарлықтай мұра қалдырды. Өзінің асыл өлеңдерін, қара сөздерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпаққа жазып қалдырса, музыка жөнінде оның мұндай мүмкіншілігі болмады. Өйткені, Абай өмір сүрген кезеңде қазақта музыканың жазба мәдениеті жоқ еді. Сондықтан Абай әндері де қазақтың басқа халықтық ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан заманға ауыса отырып жетті. Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі - олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында. Абай әндерінің өзгешелігі - мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Бұл өзгешелік алғашқы кезде тыңдағандардың бәріне бірдей түсінікті бола қоймады, болмақшы да емес еді. Мәдениеттің дамуына кедергі болатын феодалдық жағдайда кейбіреулер үшін ол әндердің жаңа тілдері қазақтың халықтық ән дәстүрінен шығып кеткендік болып көрінуі де мүмкін еді. Бірақ жаңа, прогресшіл мәдениет күрескері болған Абай өз бетінен қайтқан жоқ. Сейтіп, Абай әндері алғашқыда оның өз айналасына - ауыл- аймағына, кейін жалпы қазақ арасына тарай бастады. Абай әндері халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатқандықтан, нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан-ауызға көше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрын-соңды халықтың музыкалық салтында болмаған жаңа өткір тілмен өлең тексіне құрылуы да себеп болды.

Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй, - демекші Абай әндеріне
кезек берейік.

«Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы»
өлеңдері оқылады.

Мұғалім сөзі: -Қазақстанда ұлы Абайдың есімі
көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық
университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік
академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы
ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде ескерткіштер
орнатылған. Қазақстанның жоғары оқу орындарында
Абай шығармашылығына арналған халықаралық және
республикалық ғылыми конференциялар жыл сайын
өткізіліп тұрады. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы
1995 жылы дүниежүзілік ЮНЕСКО көлемінде
аталып өтті. Сондай мұражай туралы бейнекөріністі
электронды оқулықтан тыңдап көрелік.

Мұғалім сөзі: Абай ақындық өнерге 40 жасынан
асқанда құлай беріліп, өмірінің соңына дейін созылған
20 жылдық әдеби қызметінде 8000 өлең жолы мен
46 нақыл сөзін жазып қалдырды. Ол нақыл сөздер
“Абайдың қара сөздері” деп аталады. Абайдың қара
сөздеріне кезек берейік.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және
дінге көзқарастары терең білінген еңбегі - қара сөздері.
Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз
өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық
дүниетанымын даралап көрсететін классикалық
стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны
қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара
сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр
алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі
мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып

келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың
ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне,
логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп көркемдік
шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана
мен философиялық сананы ұштастырады. Абайдың
қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік
ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ
халқының философиялық концепциясын құрайды.
Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат
баласына ортақ асыл сөзге айналды. Оның қара
сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан
"Абай" журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың
қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем
тілдеріне аударылды.

Бір оқушы Абайдың 31-қара сөзін жатқа оқиды.

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп
бар. Әуелі-көкірегі байлаулы болмақ керек. Екінші
- сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек,
көңілденіп, ынтамен ұғыну керек. Үшінші - сол
нәрсені, ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып,
көңілге бекіту керек. Төртінші - ой кеселді нәрселерден
қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау
керек. Ой кеселдеріне: уайымсыз, салғырттық, ойыншы
күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге
құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе- күллі
ақыл мен ғылымды тоздыратын нәрселер.

Оқушылар шығармашылығы. «Абай – дана, Абай –
дара қазақта».

Мұғалім сөзі: - Абай шығармалары туралы тағы не
білеміз?

Абай өлеңдерінің тілі.

Абай тілінің негізі қазақтың жалпы халықтық
сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілі болғандықтан, оның
лексика-фразеология қазынасы тегі жағынан, ең алдымен,
қазақтың төл сөздерінен, одан соң шағын мөлшерде

араб-парсы және орыс сөздері қабатынан құралады. Өз тұсындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық күй-жағдайына орай қазақ лексикасында болған өзгеріс-жаңалықтарды Абай тілі айқын көрсетеді. Мысалы, кейбір атаулар ескіріп, қолданыстан шыға бастаса, Абай ондай сөздерді көбінесе көнені суреттеу үшін немесе образ үшін пайдаланады.

Мұғалім сөзі: - Абайдың өз өлеңдері мен қара сөзбен жазылған ғибраттарында қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтарын ашып көрсетті. Одан ақыл-кеңес сұраған дала тұрғын дары ағылып келіп жатты. Атап айтқанда, оған Баянауыл өлкесіндегі белгілі шежіресі, әрі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы келіп тұрды. Абаймен Семейге саяси жер аударылып келгендер де санасатын. Міне, мұның бәрі патша үкіметі шенеуніктері мен олардың жергілікті кейбір итаршыларының тарапынан қызғаныш пен көре алмаушылық, тіпті саяси күдік туғызды. Ақынның үстінен өсек айту мен жала жабу әрекеттерін күшейтті. Патша үкіметінің әкімшілігі Абайдың соңына шам алып түсіп, анду орнатты. Тіпті

1903 жылы Семей полицмейстері ақынның және оның балаларының үйіне тінту жүргізді. Жақын туыстары мен балаларының бірінен соң бірінің қазаға ұшырауы, оның үстіне ізіне түсіп қудалауға душар болуы ақынның денсаулығына әсер етті. Абай 1891 жылы өзінің ең жақсы көретін інісі Оспаннан айырылды. 1895 жылы үлкен ұлы Әбдірахман қайтыс болды. 1904 жылғы көктемде оның тағы бір ұлы Мағауия дүниеден өтті. Бұл қайғылы оқиғалар Абайға аса ауыр тиді. Мағауияның өлімінен кейін 40 күн өткенде Абайдың өзі де қайтыс болды. Ақын өзінің талантты шәкірттерін тәрбиелеп өсірді. Абайдың ізбасар шәкірттері Шәкәрім, Көкбай, Ақылбай, Кәкітай және Мағауия болды.

Абайдың дінге көзқарасын бағалап, тұжырымдауда екі түрлі қате пікір орын алып келді.

Кейбір зерттеушілер «Абай-ислам дінінің қазақ ішінен шыққан өкілі» деп келсе, екінші бір зерттеушілер «Абайдың дін туралы ойлары ақыншығармашылығының әлсіз, кертартпа жағы» деп түсіндіреді. Алғашқы пікір Абайға тағылған жала болса, соңғысы - ақынның дін туралы түсініктеріне тарихи, диалектикалық тұрғыдан қарамай, тұрпайы социологияға бас июдің салдарынан туған болжам. Абайдың дін туралы толғамдарын дұрыс түсініп, бағалау оған тарихи тұрғыдан қарауды талап етеді. Абай заманында қазақ даласында қос дінділік орын алды, ресми өмірде ислам діні үстемдік еткенімен, күнделікті тіршілікте шаманизмдік түйсіктер мен түсініктер басым болды. Қос дінділік қазақ халқының сол кезеңдегі наным-сенімі мен дүниетанымынан айқын байқалады. Шаманизмдегі негізгі категория- «Тәңірі», исламдағы - «Алла» қазаққа тән ұғымдар. Шаманизмде тәңірді, аруақтарды адамдармен ұштастырушы «жын» болса, исламда Алланың адамдармен байланыстырушысы «періштелер» деп саналды. Қазақтың күнделікті өмірінде шаманизмнің өкілі, іс жүргізушісі - жын шақыратын бақсылар, ал ислам дінінде - өздерін Пайғамбардың ұрпақтары санайтын қожалар болды. Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде қазақ жерінде ислам дінінің қалай тарағандығын және оның шаманизммен байланысын арнайы талдайды. Абайдың дін мәселелері - құдай мен адамның, өмір мен өлімнің, жан мен тәннің, иман мен ұяттың, дін мен ғылым, дін мен дін иелерінің өзара байланысы туралы түсініктері антиклерикалдық бағыттағы талдау. Құдай мен адамның қарым-қатынасын Жиырма жетінші, Жиырма сегізінші сөздерінде арнайы талдап, гректің ұлы ойшылы Сократпен пікір таластырады.[12]

«Абай – дана, Абай – дара қазақта» тақырыбында ашық тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

М.СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
Рудный индустриялық
институты.
Қостанай облысы,
Рудный қаласы

МӘҢГІЛІК ЕЛ – МӘҢГІЛІК ТІЛ

Мақсаты: студенттерді мемлекеттік тілді қадірлеуге, жылдамдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Алған білімдерін тиімді пайдалануға, өз білік-дағдылары мен шығармашылықтарын көрсетуге талпындыру.

Көрнекіліктері: проектор, тұсаукесер-слайдтар, текшемен жасырылған суреттер, ертегіні көріністеуге арналған ұлттық киімдер, жабдықтар, Мәңгілік Ел бәйтерегін бейнелеуге арналған ағаш пен тақырыптар жазылған жапырақтар мен гүлдердің сұлбалары.

Сабақтың түрі: қорытынды тіл дамыту сабағы.

Барысы:

1-жүргізуші: -Сәлеметсіздер ме, қымбатты қонақтар, студенттер! Сіздерді бүгінгі «Мәңгілік ел – Мәңгілік тіл» атты мемлекеттік тіліміз – қазақ тіліне арналған тіл дамыту сабағымызға шақырамыз. Бұл сабақты тіл дамыту деп атау себебіміз, өздеріңізге белгілі біздің топтың білімгерлері орыс бөлімінің студенттері, ендеше, сол топтың қазақ тілін – мәңгілік тілімізді үйренеміз деген талпысына куә болыңыздар.

2-жүргізуші: - Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» - «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар – ана тіліміз Мәңгілік Елмен бірге мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың

тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы деп білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек, өзіміз соған ат салысуымыз керек» - деген болатын. Ендеше, «жұмыла көтерген жүк жеңіл демей ме!», іске сәт!

1-жүргізуші:

Тарихтың тал бесігі тербеледі,
Жылдар жылжып, ғасырлар дөңгеледі.
Көз жүгіртіп қарасам өткендерге,
Қасиетті ана тілім дем береді.

Қазақ тілім, қазақ тілім, ана тілім,
Көркейе бер, көктей бер, дана тілім.

Түркі тілдес тілдердің тәңірісің,
Ана тілі қазағымның тамырысың.
Гүлденерсің әлі де түрленерсің,
Сен мәңгісің, осыны бәрі білсін.

Қазақ тілім, қазақ тілім, ана тілім,
Көркейе бер, көктей бер, дана тілім.

2-жүргізуші: -Тіл – қандай ұлтта, елде болмасын әрқашан қастерлі де құдіретті. Ол балаға ана сүтімен беріліп, қалыптасады. Тіл – әрбір елдің жаны.

1-жүргізуші:- Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы 1997 жылы 11 шілдеде қабылданды. Осы заңның 1-тарау 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың

барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» делінген.

2-жүргізуші: -Жастардың мемлекеттік тілді меңгеруіне біздің елімізде толық жағдай жасалған. Біздің топтың студенттері де сол мүмкіндікті пайдаланып, қазақ тілін меңгеруге тырысуда. Қол жеткен табыстарымызды оқу бағдарламамыздың 2 семестрі тақырыптары бойынша жіктеп көрсеткіміз келеді. Сіздерді білім саябағына шақырамыз, бірінші аялдамамыз «Тіл-тірек» деп аталады, ендеше, тіл - біздің тірегіміз болу үшін не істеу керек? (шарты - тіл үйренуге қатысты іс-қимыл етістіктерін айту). Бастаймыз: үйрену, сөйлесу, тырысу, меңгеру, тіл дамыту, түсіну, т.б.

1-жүргізуші: - Жарайсыздар, рахмет! Келесі аялдама – «Мақал сөздің мәйегі»! Ендеше, достар, мақал жарыстырайық (шарты – тіл туралы мақалдар айту): Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы; Барлық пәле тілден, тіл - бал, тіл – ажал; Тіл - достықтың алтын көпірі, т.б... .

2-жүргізуші: -Рахмет, достар, жарысымызды белгілі классик жазушымыз Мұхтар Әуезовтың тіл үйрену туралы нақыл сөздерімен аяқтасақ (осы кезде бірі – орыс, екіншісі – қазақ, екі студент кезекпен нақыл сөздерді жатқа оқиды):

- «Көп ұлттылық, көп тілде сөйлеу тарихи факт болып отырған біздің елімізде басқа ұлттың студенттері өздері

қатынас жасайтын ұлттың тілін, тарихын, мәдениетін білулері керек.»

- «Кімде-кім қазіргі уақытта өз ана тілін, өз әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті деп санауға болмайды».

1-жүргізуші: -Арада қанша уақыт өтсе де бұл сөздер бүгін де өзекті, енді мен сіздерге Мұқағали Мақатаевтың: «Үш бақытым» өлеңін оқып берейін.

2-жүргізуші: -Келесі аялдама: «Тарихыммен мақтанам» деп аталады, бұл аялдама бізге көне сәулет ескерткіштері туралы әңгімелейді (шарты - сәулет өнері, көне сәулет ескерткіштері туралы әңгімелеу). Студенттер Қожа Ахмет Яссауи және Айша бибі кесенелері туралы хабарламаны өздері дайындаған тұсаукесері көмегімен әңгімелейді.

1-жүргізуші: -Бәрекелді, келесі аялдама: «Табиғатты аяла!» деп аталады. Бұл аялдамада қай тақырып сөз боларын білу үшін «Жасырын суретті тап» ойынын ойнауды ұсынамын.

- Ойнаймыз ба?

- Ойнаймыз!

- Ендеше, ойын шарты - суреттер қағаз парақтарынан жасалған текшелермен жабылған, текшелер нөмірленген, ойынға шыққан студент біртіндеп текшелер ашады, суретті таныса, сол туралы айтып береді.

- Ережемен таныстық, ойын бастауға келістік пе?

- Келістік!

- Қане, суретті қанша текшеден табасыз, бәстесейік.

- 4 текшеден табамын.

- Қай текшені ашасыз?

- 2 текшені ашамын. (Осылайша ол төрт текшеден кейін суретті тануы тиіс). Текшеде «Наурызым» және «Алтынемел» қорықтарының суреттері жасырынған.

2-жүргізуші: -Рахмет, кідірмей келесі аялдамаға жетейік, ол - «Қолөнер - халық мұрасы» аялдмасы. Бұл аялдамада біз сіздерге қазақ халқының көне өнерінің бірі - ою-өрнектер туралы қызықты мәлімет ұсынамыз. Біздің студенттердің күшімен дайындалған Сағатбек Медеубекұлының «Ою хан мен Жою хан» ертегісінен үзінді көріңіздер.

Автор: - *Ертеде бір әділ хан болыпты. Оның қол астындағы халық ою-өрнек, кесте, тоқыма тоқып, киім-кешек, күнделікті қолданатын бұйымдары мен саймандарын түгелдей оюлапты (қолдарына ою-өрнек, қамшы, қоржын ұстаған студенттер сахнадан жүріп өтіп орындарына жайғасады). Бұл елдің халқы бір-бірімен ою тілінде сөйлесе алатын болыпты. Сондықтан да оны Ою хан деп атапты (осы кезде қазақтың ұлттық киімін киген студент - Ою хан шығып көрермендерге иіліп сәлем береді).*

Автор: - *Бір күні осы елге діні бөлек, бөтен елдің ханы соғыс ашып, Ою ханды тағынан түсіріп, билікті өзі жүргізіп, көнеден жиналып, қалыптасқан бай мұраны жояды, сондықтан да оны халық Жою хан деп атап кетеді (осы кезде сахнада Хан кейпінде киінген студент және қазақ батырларының киімін киген 1-3 жауынгер шығып, Ою ханды ұстап алып кетеді, ал Жою хан оюларды жыртып, бәрін лақтырып тастайды).*

Бір күні Жою ханның ұлы аң аулап жүріп қаза табады. Баласын күте-күте шаршаған Жою хан іздеу салады. Ол: «Кімде-кім баламның өлімін естіртер

болса, оның басын аламын» - деп жарлық берген соң халық қорқады. Мұны естіген Ою хан баланы іздеуге өзі барғысы келетінін айтып, ханға хабаршы жібереді. Жою хан оны зынданнан шығарып (осы кезде бір жауынгер Ою ханды алып келеді) жолға аттандырады. Күндерден күн өткен соң Ою хан шындықты біліп, үйіне оралады. Ол көргенін сырмақ бетіне түсіріп (осы кезде сахнада үлкен қағазға сурет салып жатқан Ою хан көрінеді), Жою ханға келеді. Ол үнсіз қалпында Жою ханға суретті ұсынады.

Жою хан (оюды оқи бастайды):

- Балам биік-биік таулардан (тауларды көрсетеді) асып, терең-терең сулардан (суларды көрсетеді) өтіп, қалың орманды аралап (орманды көрсетеді) күнді де (Күнді көрсетеді), түнде де (Айды көрсетеді) көп жортады.

Жүрген жолында бұғы кездеседі.

Алдынан қодас шығады.

Тау тағысы арқар да жолығады.

Соңында үкі жолығады, екеуі алысады.

Тоқта, мына ою не деп тұр?

Балаң екіге бөлінді дей ме?

Жаны рухқа, тәні аруаққа айналды дей ме?! Жою хан орнынан атып тұрып (қолындағы ою салынған плакатты лақтырып жібереді):

- О, жалған! Менің жалғыз ұлымның өлгені ме? Өлтірем!!! (Ою ханға ұмтылады).

Сонда Ою хан: - Дат, тақсыр, Сен «кімде-кім баламның өлімін естіртсе, соның басын аламын», демеп пе ең?

Жою хан: - Иә!

Ою хан: - Ендеше, балаңның өлгенін мен де, мына халық та өз аузыңнан естіп тұрмыз. «Ханның екі айтқаны

- өлгені», алынса сенің басың алынуы керек (сол кезде «иә, иә» деп халық қолпаштай жөнеледі). Сол кезде бірнеше жауынгер Жою ханды алып кетеді. Ал халық Ою ханды ақ киізге отырғызып, өздеріне қайтадан хан сайлайды да, бақытты өмір сүреді (бір жауынгер Ою ханға шапан жабады, халық қол шапалақтап қарсы алады).

Осы жерде халықтың қуанышын бейнелейтін «Көшпенділер» биі орындалады.

2-жүргізуші: -Тамаша, мен өз достарымның өнеріне таң қалып тұрмын. Осы көңіл-күймен келесі аялдамаға шақырамын! Ол «Қазақстан - туризм елі» деп аталады. Оның себебі, тақырыптарымыз Еліміздің байлығы, табиғаты, өнері, сәулеті туралы болды, ендеше неге туризм елі болмасқа! (шарты - сабақта осы тақырыпты өткен кезде «Мен туризм министрі болсам...» деген тақырыпта студенттер «Қазақстандық туризмді дамыту» тақырыбына 10 сөйлемнен өз ұсыныстарын жазған болатын, солардың ішінен бірнеше мәнді ұсыныстар (4-5 сөйлем) оқылады).

Е.Құдайбергеновтің «Жігіттер» әні орындалады.

1-жүргізуші: - Рахмет, туризм елінде әртістер мен әншілер артық етпейді.

2-жүргізуші: - Міне, «Мәңгілік Ел» аялдмасына да жеттік, ендігі жерді тіліміз де мәңгілік, біз бұл аялдамаға жеткенше «Мәңгілік тіл» атты бәйтерегіміз көк тіреп өсіп қалыпты (сабақ басынан бері әр аялдамадан соң оқытушы студенттерге байқатпай, тақтаға салынған үлкен бәйтерекке әр тақырыптың аты жазылған жапырақтарды бекітіп отырады).

Ендеше, достар, талаптарыңа нұр, қадамдарыңа гүл бітсін! Мәңгілік тілімізді үйренуде қанаттарың талмасын! - дегіміз келеді.

1-жүргізуші: - Осымен біздің қорытынды сабағымыз өз мәресіне жетті, назарларыңызға рахмет!

Әдеби кеш

Т.ТЛЕУОВА,
Қ.Кемеңгеров
атындағы ЖОББМ.
Павлодар облысы,
Баянауыл ауданы,
Күркелі ауылы

АҚҚУ ҒҰМЫР

Бекжан Тұрыстың орындауындағы «Бүгін менің туған күнім, ой пәлі-ай...» әні ойналады.

1-жүргізуші: -Армысыздар, қадірлі көрермен!

2-жүргізуші: -Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Мұқағали Мақатаев бүгін 85 жаста.

1-жүргізуші: -Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырай, өркендей өсіп айшықтала түсуде, Мұқағалидай перзенті бар халық – бақытты халық.

2-жүргізуші: -Осындай поэзия көгінде аққу-жыр боп қалықтаған Мұқағали Мақатаевқа арналған «Аққу ғұмыр» атты әдеби-сазды кешімізге хош келдіңіздер!

1-жүргізуші: -Жазылар естеліктер нешеленген,
Көрерміз оның бәрін пешенеден.
Әйтеуір білетінім бір-ақ нәрсе –
Көшеді өлең немесе өшеді өлең, -

деп Мұқағали Мақатаевтың өзі жырлап өткеніндей өлеңдері ғасырдан ғасырға ұласуда...

Оқушы «Поэзия» өлеңін оқиды.

«Есіңе мені алғайсың», «Күрең күз» әні орындалады.

2-жүргізуші: -Мұқағали Мақатаев өзінің жары Лашынға: «Мен 50 жылдығымды тойлауға қатыса алмаймын, бірақ өзім бұл өмірден кеткенше, қысылмай жететін жырлар жазып кеттім. Ол сендерді де асырайды, туған жерім Қарасаздың да атын әлемге жаяды. Сол өлеңдерді шашау шығармай, соларды күт, балаларға бас ие бол, мықты едің ғой, одан да мықты бол» - деп айтып кеткен екен.

1-жүргізуші:-Шындығында, 50 жылдығын тойлауға қатыса алмай кетті. Аялы ақынының арқасында туған жері де бүкіл Қазақстанға танылды.

Оқушылар «Қазақстан», «Туған өлке», «Ей, өмір», «Жарығым-ай» өлеңдерін оқиды.

2-жүргізуші: -«Мен жиырма бірінші ғасырдың ақынымын, бәлкім, одан кейінгі ғасырлар ұрпақтарымен де замандас болармын» деп ақынның өзі жазып кеткеніндей, оның жырлары ғасырдан-ғасырға жалғасуда.

1-жүргізуші:-Не деген көрегендік десеңізші! Олай болса, кезекті осы күні Мұханды өзіне серік, дос санап жүрген жігіттерге берейік.

Оқушылар «Дос» туралы өлеңдерін бөліп оқиды. «Фариза» әні орындалады.

2-жүргізуші: -Пай, Пай, өмір!

Өтесің-ау бір күні,

Тыясың-ау, қуанышты, күлкіні!

Өмір деген – бір жарқ еткен найзағай,

Өмір деген – көк аспанның күркірі, -

деп ақын ағамыз бұл дүниеден өтті.

1-жүргізуші: -Ендеше, ақын ағамыздың өз дауысымен оқыған өлеңін бір тыңдайықшы!

Мұқағали Мақатаевтың өз дауысы тыңдатылады.

«Сәби болғым келеді» әні орындалады.

2-жүргізуші: -Мұқағали – біздің заманымыздың ғажайып ақыны. Ақынның өзі айтқанындай «Мен өлеңді ойдан құрастырып жазбаймын, құлағыма сыбырлағандай болады, соны қайталап жазамын» дегендей қашанда ақиқаттың ақ туын көтеріп, әділет пен адалдықты тең ұстаған ақынның ғажайып сырлы өлеңдері қандай!

1-жүргізуші: -Мұқағали – өмір сырын жырлаған,
Жүрегінің тек айтқанын тыңдаған.
Өлеңдері – күдірет қой, күдірет,
Сүймейтұғын табыла ма бір адам?!

Оқушылар «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді, «Мен сені сағынғанда», «Мен деп ойла», «Ғашықпын», «Ұнатамын мен сені» өлеңдерін оқиды.

2-жүргізуші: - Осы мен осылай мәңгілік тұрармын,
Осы мен сірә да, өлмейтін шығармын.
Осы мен өлмейтін шығармын,
Сәл ғана мызғып ап, қайтадан тұрармын.

1-жүргізуші: -Өлсе өлер Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас алайда өлеңді ешкім.

2-жүргізуші:-Туады, туады әлі нағыз ақын,
Нағыз ақын бал мен у тамызатын.
Жесірдің айырылмас сырласы боп,
Жендеттің көзінен жас ағызатын,
Туады, туады әлі нағыз ақын! –

деп ақынның жырлап өткендей әлі де талай ақын дүниеге келер. Алайда, Мұқағали сол қалпында асқақ та маңғаз, ақиық ақын болып қала бермек.

1-жүргізуші: -Олай болса, Мұханның жырлары да жасай берсін деген ниетпен бүгінгі кешімізді аяқтаймыз. Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар!

Н.ШЛДЕБАЕВА,
Облыстық санаториялық
үлгідегі мектеп-интернаты.
Алматы облысы,
Талғар қаласы

ЖАМБЫЛ МҰРАСЫ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Мақсаты: Жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату, поэзия әлеміне, сөз өнеріне сүйіспеншіліктерін арттыру, Отанын сүйеу, халқын құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, «Жамбыл әлемі» кітап көрмесі, бүктеме, слайдтар.

1-жүргізуші: -Қайырлы күн! Құрметті оқушылар, ұстаз-тәрбиешілер! Биыл Алаштың ардақтысы, қазақ ауыз әдебиетінің алыбы, жыр дүлдүлі, суырып салма ақындықтың хас шебері, ұлы Жамбылдың туғанына 170 жыл толғалы отыр.

2-жүргізуші: -«XX ғасырдың Гомері» атанған ұлы жыраудың 170 жылдығына арналған «Жамбыл мұрасы – халық қазынасы» атты әдеби - сазды кешімізді бастаймыз!

1-жүргізуші: - Жетісу өңіріне ғана емес, бүкіл қазаққа аты мәшһүр жыр жампозы Жамбыл Жабаев 1846 жылы 28 ақпанда Жамбыл тауының баурайында ұлы жүздің ішіндегі шапыраштының екей руынан шыққан Жапа Ыстыбайұлының отбасында дүниеге келген.

2-жүргізуші: - Арғы аталары дәулетті кісілер болғанымен, Жамбылдың әкесі Жапа «Шоқпыт шапанды көшпелі кедей болған». Кішкентай кезінен басқа кедей балалары сияқты ол да байдың малын

бақты, мектепте оқып, білім ала алмады.

Кезекті жыр жолдарына берейік.

Оқушылар ақынның «Менің өмірім», «Шағым», «Әкеме», «Жаныс ақынға», «Жол үстінде» өлеңдерін жатқа оқиды.

1-жүргізуші: - Бала Жамбылдың өлеңге, ақындыққа қызығушылығы ерте оянған. Сүйінбай ұстазы сияқты Жамбылға да ақындық түсінде аян беру арқылы қоныпты. Ол туралы Жамбылдың өзі: «Түсімде ақ сақалды қария келіп: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?»- деді. Мен өлең деппін»-деп еске алады.Өзінің айтуынша 13 жасынан бастап ақындыққа бел байлайды.

2-жүргізуші: - Жамбылдың Жетісу өңірінің даңқты ақыны Сүйінбаймен кездесіп, батасын алуы оның ақындық бағын ашып, дарынына бағыт берген айтулы оқиға болады. Бата алған Жамбыл ащы болса да әділдікті, төтелеп тіке айтуды ұстазынан үйренген, бата оның өмірлік ұстанымы болған. Жамбыл жыры нәрлі, айқын, қуатты. Өлең Жамбылдың атын шығарды, Жамбыл өлеңнің киесін көтерді.

Кезекті жыр жолдарына берейік.

Оқушылар «Қазақта Жамбыл сен едің», «Мен бір биік бәйтерек», «Ата жаумен айқастық», «Жаһанда жоқ теңіміз», «Тәйті мен Шыбыл шалға» өлеңдерін мәнерлеп оқиды.

«Бұрымға» әні орындалады.

1-жүргізуші: -Екі ғасырдың куәсі болған Жамбыл елімізде орын алған тарихи оқиғалардың барлығын жырларына арқау етті. Ақынның Ұлы Отан соғысы жылдары Отан қорғау тақырыбына арнап шығарған жырларының жалпы көлемі 3000-нан асады. Неміс - фашистері ойран салғанда, ерттеулі атқа қайта мінді, ақын жүректен шыққан сөздер, жауға снаряд секілді

атылды.

2-жүргізуші: - «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңі – қоршауда қалған ленинградтықтарға, қаланы қорғаушыларға арналған Жамбылдың жыры.

Оқушылар ақынның «Ленинградтық өрендерім», «Ленинградцы - дети мои», «Алғадай туралы әрбір ой», өлеңдерін оқиды. «Угай-ай» әні орындалады.

1-жүргізуші: - «Өлеңмен ойып оюды, сөзді мініп желдедім» дейді жырау. Жүйрікті, сәйгүлікті, жорғаны, тұлпарды мінгенді білетін едік. Ал сөзді мінген Жамбыл жәкем ғана. Ол «Көрұғлы», «Мұңлық-зарлық», «Шахнаме» сияқты үлкен дастандарды бірнеше апта бойы жырлаған. Осы жырлардың негізінде «Өтеген батыр, Сұраншы батыр» дастандарын жазды.

Дастандарынан үзінді тыңдайық. (Оқушылар дастандардан үзінді оқиды.)

2-жүргізуші: -Жамбылдың бойында жыршылық, ақындық өнерімен қатар айтыскерлік өнері де ерекше дамыды. Ақын атағын шығарған, елге танытқан – оның айтыстары.

Жамбыл мен Құлмамбет айтысынан үзінді. (Абылай мен Айдар)

1-жүргізуші: -Жамбыл жырларының ішінде ерекше орын алатын туындылары – арнау өлеңдері.

Оқушылар ақынның «Қазақстан тойына», «Абайдың суретіне», «Туған ел», «Жетіппін жүре-жүре қыр басына», «Алғыс», «Балаларға» атты арнау өлеңдерін оқиды.

2-жүргізуші: - Жамбыл екі заман тұсында өмір сүрді. Екі дәуірдің куәсі болған ақын өз көзімен көрген өмірдің бар шындығын жырлады.

Кезекті даналық ойларға берейік.

Жамбылдың әдеби-мемориалдық мұражайы.

Викториналық сұрақтар:

1. Жамбылдың ұстазы кім?

2. Құлмамбетпен айтысы қай жылы, қай жерде өтті?

3. Жақсы көрген шәкіртін білесің бе?

4. «Жамбылдың жастық шағы» фильмінде Жамбыл рөлін кім ойнады?

5. Жамбылдың әдеби хатшылары кімдер болды?

6. Жамбылдың мұражайы қашан ашылды?

7. Халықтық шығармашылықты дамытудағы айрықша еңбегі үшін Ж.Жабаев қандай ордендермен марапатталды?

8. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы бойынша Жамбылға Мемлекеттік сыйлық қай жылы берілді?

«Күлашқа» әні орындалады.

1-жүргізуші: -Жәкең, «Менің түлкі ішігімді сілкілесен де өлең шығады» деген екен. Кәусар жырдың тот баспайтын асылы саналатын Жамбыл бабамыздың қазынасы – баға жетпес рухани байлық.

Ақын Зернебек Шілдебайұлының «Жолбарыс жыры Жамбылдың» өлеңін Әйнеков Абылай оқиды.

2-жүргізуші: -Ұлт өркениетінің тарихында қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ұлы Абай мен халықтық, авторлық ауыз әдебиетінің энциклопедиясына айналған Жамбыл бабамыз Мәңгілік Қазақстанның символы, ұлттық өлшем болып қала береді.

1-жүргізуші:

-Жамбыл жәкем: Уа, әлеумет, құлақ сал!

Қария Жамбыл жырласын!

Мен сөйлемей кім сөйлер,

Заманам менің сырласым,- деп еді. Заман өзгерер, уақыт зымырар, бірақ өзгермейтін бір-ақ нәрсе, ол құрыштай құйылған ақынның өлеңдері.

Ә.БИМЫРЗАЕВА,
Түркістан қаласы

ЖАНБАҒАН ЖАЛЫНДАМАЙДЫ

*Жанбаған жалындамайды,
Түнек қып мынау маңайды.
Маздаған шоққа үміт бер
Жарық қыл жан сарайды.*

*Жан сарай нені қалайды?
Алауға нені балайды?
Үміт пен күдік іргеде
Кезегін күтіп қарайды.*

*Жанып көр тайғақ мұзда да,
Бағыт боп лаула құзда да.
Кешегіні өшірмей
Қалдық қой шырпы біз гана.*

*Сөндірме отты жанарды,
Көңілде ниет қаланды.
Үрлегін тағы үрлегін
Кем болмасын үрлеуің.*

*Лауламасаң алау боп,
Шарпымайсың биікті.
Жассың зой сен, қалау көп
Қуып жетер киікті.*

*Махаббатта да жалын бар,
Қос жүректе жалындар.
Білімде де жалын бар
Одан да оттық алып қал.*

*Өрт шығар ұят, намыстан,
Ұшқынын байқар алыстан.
Өршіп кетсе желменен
Сен де одан қалыспан.*

*Сенім мен еңбек болса егер,
Қасыңда күдік қалмайды.
Үмітке үміт бермесең
Жанбаған жалындамайды.*



ҮМІТ

*Жүрегімде үміт бар ұялаған
Бүкіл арман-қиялым сияды оған.
Үміт күші үкілеп жетелейді,
Жақсы нышан, сенім, серт жиям одан.*

*Тағдырыңа бұл үміт себеп екен,
Нұр сәулесін жап-жарық себеді екен.
Себезгідей шапағы арайланса,
Көңіл шіркін тасқындап ереді екен.*

*Үміт оты сөнбесін жүректерде,
Маздап жансын үрлей түс, үдет сен де.
«Шайтан гана үмітсіз» деген тәмсіл,
Жан біткенді талпынған жүдеткен бе?!...*

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.1.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №1, 2017 ж., 144 бет, Алматы.